| | **ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Жылы-жылы жүзбенен<br>Күлімдейін қарайын<br>Жылы-жылы жүзбенен<br>Жүрегімді сыйлайын.<br>Амандасып өзіңмен<br>Құшақтасып алайын<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**АКТ технол жұм**<br>Экраннан Ата көрінеді<br>Сәлеметсіңдер ме,балалар?<br>Мен еңбекқор атамын.<br>Сендердің ақылды да зерек балалар екендеріңді естіп, алыстағы ауылдан сендердің қандай еңбек жасай алатындарыңды көргім келіп келдім. Сендер мені қалай таң қалдыра аласыңдар?<br>Пед жет ойын:<br>«Мен бастаймын, сен аяқта»<br>Шарты: Еңбек туралы мақалды бастау, бала аяқтау.<br>Еңбек етсең ерінбей.....<br>**Ой қозғау.**<br>Балалар қанекей біз атайға өзіміздің қандай еңбекқор екенімізді көрсетеміз бе?<br>Ал ,сендер еңбек деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**АКТ технологиясы.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Мына суретке қараңдаршы (кір жуып жатқан,үй сыпырып жатқан адамдардың т.б. | **Тыныс алу жаттығулары:**<br>Бала әтеш қанат қағады.<br>Қолды бос жіберіп, тік тұрамыз. Қолымызды жоғары көтеріп, жанымызға ұстап, жамбасқа қойып қанат қағамыз. Демді ішке тартып, «ку-ка-ре-ку» деп шақыру.<br>мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы**<br>1.заттар арасымен жүру, жүгіру.<br>2. Жіңішке арқан бойымен қолды белге қойып түзу жүру<br>4 к моделі, бала үні<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**.Қимылды ойын:**<br>Түлкі мен балапандар<br>Ойын шартымен таныстыру<br>Сыни ойлау, командамен жұмыс.<br>**Қорытынды.**<br>Балаларды мадақтау<br><br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: У у дыбысы және әрпі**<br>**Мақсаты:** У дыбысы мен әрпі туралы білімді меңгереді.Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. | | Пед жет ойын:«Буындар ілмегі»<br>Шыр - ша, шаш, шаң - ғы, ша - на, шор - тан, ша - ян, ша - ға - ла.<br>**Бала үні**<br>**Сергіту сәті**<br>Бір, екі, үш. Бір, екі, үш<br>Бойға жинап күш<br>Қолға қалам аламыз,<br>Сауатты етіп жазмын.<br>**Қорытындылау:**<br>-Бүгін қандай дыбыс және әріппен таныстық?<br>2. Қандай аңға көмек бердік?<br>3. Сендерге тапсырмалар орындаған ұнады ма?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Табиғаттағы еңбек»**<br>**Мақсаты:** Ауладағы ересектердің еңбегіне қызығушылықтары дамиды.<br>**Ресурстар:** АКТ технологиясы, дидактикалық материалдар.<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , бала үні, саралау. жанама бақылау<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**ІІ. Ой дамыту.**<br>**АКТ технологиясымен жұмыс.**<br>**Слайд көрсету.**<br>Күз мезгілінде күн суытып салқындайды, кейде жаңбыр жауады, жел соғады, жер балшық болады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, адамдар жылы киіне | Өлеңде не туралы айтылған? **Бала үні**<br>**2.1. Ой дамыту**<br>**-Доп туралы түсінік беру.** -Сұрақ – жауап .<br>Доп қандай?<br>-Оның пішіні қандай?<br>-Доп неге ұқсайды?<br>-Доп қандай қимыл жасайды?<br>-Доптың түсі қандай?<br>-Доп неден жасалған?<br>-Біз доппен қандай ойындар ойнаймыз?<br>4 к моделі, бала үні<br>Өнім арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**2.Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету**<br>**Өнім арқылы саралау**<br>**Пед жет ойын:**<br>«Күшті доптар»<br>Шарты: доптар көрсете отырып, сұрақ қою.<br>3. Өз беттерінше жұмыс жасау.<br>Сыни ойлау, креативтілік, бала үні<br>Қадағалау, көмектесу<br>**Сергіту сәті:**<br>Добым, добым домала,<br>Балшыққа сен жолама.<br>Бүлдіресің қолымды,<br>Жек көремін оныңды.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Біздің көрме»**<br>Балалар бір-бірінің жұмысын бағалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *суреттерді слаид арқылы көрсету)*<br>*Суретте не бейнеленген?*<br>*Адамдар немен айналысып жатыр?*<br>*Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні*<br>***Құрлымдалған ойын***<br>*«Құралын тап»*<br>*Шарты: Әр мамандықтың құралдарын ажыратып жинайды.*<br>*-Балалар,енді біз еңбекші атайды тыңдайық, ол бізге не айтар екен?*<br>***Еңбекші атай:*** *-ой балапандарым,сендер өте еңбекқор екенсіңдер. Мен сендердің бүгінгі жұмыстарыңа өте риза болып отырмын. Ал,енді маған сендермен қоштасатын кез де келіп жетті,келесі кездескенше сау болыңдар!*<br>***Рефлекция***<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Музыка***<br>***Тақырыбы: «Шақырамыз жарысқа»***<br>***Мақсаты:*** *Музыкалық шығарманың сипатына қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салуды біледі*<br>***Ресурстар:*** *дидактикалық материалдар.*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы:*** | *Ресурс: Кеспе әріптер, дидакт материалдар.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***I.Психологиялық ахуал***<br>*Үлкенге де сіз*<br>*Кішіге де сіз*<br>*Құрметпенен сіздерге*<br>*Бас иеміз біз Бала үні.*<br>***II.Қызығушылықты ояту***<br>***Тыңдалым. Аудио желдің дыбысы***<br>*Үдеріс арқылы саоалау.*<br>*-Желдің уілінен қандай дыбыс естіліп тұр? -у-у-у деген.*<br>*Бүгін бізге жаңа әріп пен таңбасын жел алып келіпті. Уу баспа, жазба түрлерімен таныстыру*<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>*Балаларды әр түсті жалауша арқылы топқа бөлу*<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>***III. Миға шабуыл***<br>***1-топ.*** *Ауға ілінген сөздерді оқыту*<br>***ау, ауа, аула, аулау, ару, Аруна, алу, Алуа.***<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>***2-топ.***<br>*Құрлымдалған ойын :*<br>*«Сызбадағы сөйлемдер»*<br>***Шарты:*** *Сызба арқылы сөйлем құрау.*<br>*Санжар балық аула.*<br>*Алуа мектепке бар*<br>*Бүгін балық аулау қажет.*<br>*Ау-балық аулайтын құрал.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні*<br>***3-топ. Буынға бөлу.*** | | *бастайды, қысқа дайындалады.*<br>*Күзгі еңбек көрсетіледі, жемістер, көкөністер, егіс алқабы, күзгі серуен.*<br>*Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.*<br>***III. Қызығушылықты ояту.***<br>***"Ғажайып күз бағына"***<br>***Саяхат.***<br>*(топ тбөлмесінің екінші жағына үш түрлі алмалар дайындап қою)*<br>*- Міне "Ғажайып күз бағына" келдік. Мына алма ағашына қараңдаршы, өте көңілсіз сияқты.*<br>*Неге көңілсіз тұрғанын сұрайық.*<br>*-Алма ағашы сен неге көңілсізсің?*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Алма ағашы: -*** *Сәлеметсіңдер ме балалар!Менің ғажайып бағыма қош келдіңдер! Менің көңілсіз тұрған себебім, менің алмаларымның барлығы да пісті. Бірақ, оны теріп алатын ешкім жоқ.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***Барлығы:*** *-Алма ағашы сен көңіліңді түсірме, қазір біз саған көмектесеміз.*<br>***Құрлымдалған ойын: «Алма жинау»***<br>***Алма ағашы:*** *-Рахмет сендерге балалар!Мен* | *Педагог балаларды мадақтау.*<br>*Қортынды*<br>*Көңілді смайлктер.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Балалармен амандасу.*<br>*Өткен сабақтағы материалдарды қайталап еске түсіру. Аспапта ойнаған әуенді шапалақпен ырғаққа келтіріп ұру.*<br>***Ой қозғау.*** *Деніміз сау болуы үшін не істеу керек? Балалар ой қорытып, спортпен айналысу керек деген тұжырымға келеді. Спорттың қандай түрлерін білесіңдер? Әлемге әйгілі спорт түрі аяқдоп (футбол) туралы ән үйренеміз.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***Музыка тыңдау:*** *«Спорт маршы» (муз. В. Соловьев-Седой). Әуенді тыңдап, бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болатынын сұрау. Шығарманың күшті, әлсіз бөліктерін ажыратуға үйрету.*<br>*Бала үні, блум таксономиясы.*<br>***Ән айту:*** *«Аяқдопшы» (муз. Т. Кулинова, сөзі. Б. Тобаяқов). Әннің сипатына көңіл аудару. Қандай көңіл күйде жазылған? Әннің мазмұны не туралы? Спорттың бұл түрін бұрын естігенің бар ма? Өздерің бұл ойынды ойнап көрдіңдер ме?*<br>*Бала үні, сыни ойлау.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Лентамен жаттығулар» (муз. Д. Шостакович (вальс). Вальс ырғағында ленталармен* | *ау, ауа, аула, аулау, ару, Аруна, алу, Алуа.*<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>***4-топ.*** *Пед жет ойын: «Буын ұйқас»*<br>*-Желулейді у-у-у*<br>*Желбірейді* ***(ту)***<br>*-Қандай биік тау*<br>*Өзенге салдық* ***(ау)***<br>*Далада таза ауа*<br>*Мал су ішкен* ***(науа)***<br>***4.Ой қозғау.***<br>***Сөзге дыбыстық талдау жасау.***<br>***1 топ:*** *Алау*<br>***2 топ:*** *анау*<br>***3 топ:*** *аула*<br>***4 топ:*** *Алуа*<br>***Қортынды***<br>***«Он сұрақ» әдісі***<br>*1.Дыбыс дегеніміз не?*<br>*2.Әріп дегеніміз не?*<br>*3.Дыбыстар нешеге бөлінеді?*<br>*4.Дауысты дыбыс нешеге бөлінеді?*<br>*5.Қандай түрлері бар?*<br>*6.Дауыссыз дыбыс нешеге бөлінеді?*<br>*7.Қандай түрлері бар?*<br>*8.Дауысты дыбыс қандай текшемен белгіленеді?*<br>*9.Дауыссыз дыбыс қандай текшемен белгіленеді?*<br>*10.Буын дегеніміз не?*<br>*Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні, жанама бақылау.*<br>***Қортынды***<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2.Жапсыру.*** | | *жеңілдеп, көңіл-күйім көтеріліп қалды.Мен сендерге тапсырмалар беремін. Егер тапсырмамды жақсы орындасаңдар сендерге өзімнің сыйымды беремін.*<br>***Тапсырма: Еңбек туралы қандай тақпақтар білесіңдер.***<br>*(алдын ала дайындалған жұмыс)*<br>*Пед жетекшілігмен тақпақ жаттау. «Еңбек»*<br>*Қырға шықсаң өрлеп,*<br>*Мұның аты - Еңбек.*<br>*Кесте тіксең зерлеп,*<br>*Мұның аты - Еңбек.*<br>*Гүл отырғызсаң терлеп,*<br>*Мұның аты - Еңбек.*<br>*Қиындықтың бәрін,*<br>*Еңбек қана жеңбек.*<br>*Саяхаттан қайту.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***Қортынды***<br>***Сұрақ –жауап.***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***2.Сурет салу***<br>***Тақырыбы.*** *«Еңбек құралдары»*<br>***Мақсаты:*** *Трафарет көмегімен еңбек құралдарын қағаз бетіне дұрыс түсіреді.*<br>*Ресурстар: АҚТ технол, еңбек құралдарының суреттері.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ***<br>***Шаттық шеңбері.*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *созылмалы қимылдар жасау. Лентаны жоғары-төмен көтеріп, түсіру, оңға-солға бұлғап мәнерлі қозғалыстар жасау. Вальс әуенінде екпінге ілесіп қимылдау. Ұлттық ойын «Аққу-қаздар»*<br>*Өнім  арқылы саралау. Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Әуен қалай аталады? Екпіні қандай? Спорт ойындарының қандай түрлерін білесің? Спорт не үшін қажет деп ойлайсың? Суреттегі спорт ойыны қалай аталады?*<br>***Рефлекция***<br>*Саған спорттың қай түрі ұнайды? Неліктен? Суреттегі аяқ допшы-ларға өздеріне лайықты доптарын сызық арқылы қос. Мәнерлі би қозғалыс-тарын доппен, таяқша-мен, таспалармен жасайды.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Мазмұн арқылы саралау. Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br><br>***4.Құрастыру***<br>***Тақырыбы: «Үй  саламыз»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар құрылыс блоктарымен үй жасауға үйренеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алады.* | ***Тақырыбы:*** *Көкөністер тұздаймыз.*<br>***Мақсаты:*** *Көкөністер туралы түсінік бере отырып, қысқа дайындық туралы түсінеді.*<br>*Ресурс: дидактикалық материалдар.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау, командамен жұмыс.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***І.Шаттық шеңбер***<br>*Алақанды ашайық*<br>*Күн нұрын салайық*<br>*Осы жасқсы лебізді*<br>*Бір бірімізге сілайық*  *Бала үні*<br>***ІІ.Тосын сәт.***<br>*Екі бала топқа көкеніс пен жеміс тиелген арбаны сүйреп әкеледі.*<br>*-Балалар не сүйреп әкелді -Көкеністердің атын атап, көрсетіңдерші.*<br>*-Енді жемістерді атаңдар. -Көкеністер қайда өседі*<br>*-Жемістер қайда өседі*<br>*Сыни ойлау, бала үні, өнім арқылы саралу.*<br>***Пед жет  ойын:*** *«Егін жинау»* ***Шарты:*** *Жемістерді бір бөлек себетке,көкеністердң бөлек себетке жинау керек.*<br>***ІІІ.Ой қозғау.***<br>*Қысқа көкөністерден не жасаймыз, жемістерден не жасаймыз?*<br>*Бүгін қысқа көкөністер тұздап*<br>*Дайындаймыз.*<br>*Мазмұн арқылы саралау.* | | ***Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»***<br>*Бір  шаңырақ  астында,*<br>*Тату –тәтті  тұрамыз.*<br>*Бірге  ішеміз  асты да,*<br>*Бірге сайран  құрамыз.*<br>*Бала үні.*<br>***ІІ.Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.  АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>***Бағбан ата.*** *Көмек сұрау.*<br>*Балалар менің күрегімнің басы, кетпенімнің сабы, балтамның басы сынып жұмыстарымды жасай алмай отырмын.*<br>*Көмектесесіңдер ме маған?*<br>*Балалар: Әрине*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***3.Ой дамыту***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Пед жет ойын: «Атын ата»*<br>*Шарты: еңбек құралдарының атын атау.*<br>*-Еңбек құралдары   туралы түсінік беру.*<br>*-Күрек бізге не үшін керек?*<br>*-Балта бізге не үшін керек?*<br>*-Кетпенмен не істейміз.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.*<br>***Сергіту  сәті:***<br>*Орнымыздан тұрайық*<br>*Қолды белге қояйық*<br>*Жоғары,төмен қарайық*<br>*Қос аяқтап секіріп*<br>*Бойымызды жазайық.*<br>*Бала үні.*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>*Оқу ортасы арқылы* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Ресурстар:*** *АКТ технологиясы,*<br>*геометриялық пішіндер.*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К , бала үні, саралау. жанама бақылау*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***I.Шаттық шеңбері.***<br>*Күнім күліп арайлы,*<br>*Тереземнен қарайды.*<br>*Достарыммен шеңберге,*<br>*Тұрғанымды қалайды*<br>*Бала үні*<br>***II.Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Карлсон балаларға қонаққа ұшып келді. Ол өзімен бірге ерекше үйлер ала келеді.*<br>*–Карлсон үйіне көмек беруді сұрайды.*<br>*-Карлсон үйін жалғастыру үшін не керек екенін білмейді.*<br>*Үйге жарық неден түседі?*<br>*Біз үйге қалай кіреміз?*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>*Ендеше Карлсонға әдемі үй жасап берейік.*<br>***3.Ой қозғау***<br>*Суретпен жұмыс*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*-Үйді кімдер тұрғызады?*<br>*терезе,есіктері, шатырлары көлемдеріне көңіл аудару*<br>*Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні.*<br>***<u>Бой сергіту:</u>***<br>*Мен құрылысшы боламын,*<br>*Зәулім үйлер саламын.*<br>*Өз қаламды көркейтіп,*<br>*Ел алғысын аламын. Бала үні.*<br>***4.Ой дамыту*** | ***Топқа бөлу.***<br>*Қиылған суреттер арқылы топқа бөлу.*<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>***Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.***<br>*Жапсырудың жұмыс істеу ережесін есімізге түсірейік.*<br>*Блум таксономиясы, бала үні.*<br>*Тазалық, ұқыптылық туралы айту.*<br>***Барлық топ банкіні қиып алу.***<br>***1-Топ*** *Қызыл қызанақты қиып банкіге жапсыру*<br>***2-Топ*** *қиярды қиып банкіге жапсыру*<br>***3-топ*** *жасыл қызанақты қиып банкіге жапсыру*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау , жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Өз беттерінше жұмыс.***<br>*Қадағалау, көмек көрсету.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, жанама бақылау, креативтілік*<br>***Сергіту сәті***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Қолды белге қояйық.*<br>*Бір оңға, бір солға.*<br>*Бір отырып, бір тұрып.*<br>*Орнымызды табайық.*<br>***Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»*** *Балалардың жұмыстарын өздеріне бағалату.*<br>***Корытынды.***<br>*Мадақтау*<br><br>***4. Орыс тілі*** | | *саралау.*<br>*1-топ. Күрек суретін*<br>*2-топ. Кетпен суреті*<br>*3-топ. Балта сурету.*<br>***Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету***<br>*Өз беттерінше жұмыс жасау.*<br>*Қадағалау, көмектесу*<br>*Жанама бақылау, креативтілік, бала үні.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»*<br>*Шарты: Балалар бір – бірінің жұмысын бағалау.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету***<br>*Балалрдың өз бетінше жұмысы. Үй құрастыру*<br>*Сыни ойлау. Тікелей бақылау.*<br>*Жетелеуші сұрақтар, креативтілік.*<br>***Пед жет ойын: :** «Түсін ата»*<br>*Шарты: Карлсонға үйдің қандай болатынын көрсету.*<br>***Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»***<br>*Шарты: Балалардың жұмысын бағалау.*<br>*Карлсон рақмет айтып қоштасу.*<br>***Қортынды***<br>***Біздің үй ( Ғ.Өкеев)***<br>*Қалаушы да табылды,*<br>*Үй салынды, жабылды,*<br>*Тезерек, есік, едені,*<br>*Барлығы да әдемі.*<br>*Құрылысшы боламыз,*<br>*Зәулім үйлер саламыз.*<br>*Мазмұн арқылы саралау*<br>***Балалардың жұмысын мадақтау.*** | **Если хочешь быть здоров – закаляйся!**<br>**Цель:** продолжать обогащать словарь детей согласно лексической теме, закрепить ранее полученные знания по сохранению и укреплению здоровья;<br>***Организационный момент.***<br>*обыграй стихотворение.*<br>*сначала буду маленьким,*<br>*к коленочкам прижмусь.*<br>*Потом я вырасту большим*<br>*до неба дотянусь.*<br>*(сопровождать движениями по тексту)*<br>***Работа в азбуке-тетради (К, и) задание №1.** расскажи Балапанчику, кто это. Послушай и повтори.*<br>***(Ф) игра «Разложи картинки».***<br>*разложи картинки с изображением людей от самого младшего к самому старшему.*<br>*Малыш – мальчик – мужчина.*<br>*Малышка – девочка – женщина.*<br>***(К, и) задание №2. упражнение «Что сначала, что потом?».***<br>*Балапан спрашивает, а вы знаете, когда вы растете.*<br>*Мы растем, когда спим, едим, занимаемся спортом и развиваем мышцы рук и ног, мы растем, когда приходим на занятия, когда играем в новые игры, когда читаем,* | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *когда смотрим телевизор.*<br>***Послушай стихотворение. А. Барто «я расту».***<br>*А я не знал, что я расту все время, каждый час. расту, когда гляжу в окно, расту, когда сижу в кино, когда светло, когда темно, расту, расту я все равно…*<br>***(Ф) Динамическая пауза «Мы растем».***<br>*Потянитесь вверх повыше – вы достать хотите крышу. (Потягивания – руки вверх.) раз, два, три,*<br>*корпус влево поверни. и руками помогай,*<br>*Поясницу разминай. (Повороты туловища в стороны.)*<br>*руки в стороны потянем (Потягивания – руки в стороны.)*<br>*и на место снова сядем. (Дети садятся.)*<br>***задание №3. Педагог знакомит детей с линией, главной строкой.***<br>*Предлагает нарисовать узоры по линии.*<br>***задание №4.*** *раскрась картинку.*<br>*что нужно делать мальчикам и девочкам, чтобы вырасти большими?(кушать, спать, заниматься физкультурой и т.п.)*<br>***(****Педагог предлагает оценить работу: смайлик с улыбкой – мне было интересно;* | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *грустный смайлик – неинтересно.* | | | |
| ***Серуенге дайындық*** | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.*** <br> ***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Картотека № 12*** <br> *Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.* <br> *4К моделі, бала үні* | ***Картотека №15*** <br> *Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.* <br> *4К моделі, бала үні* | | ***Картотека №18*** <br> *Күзгі жапырақтарды бақылау.* <br> *4К моделі, бала үні* | ***Картотека №20*** <br> *Жәндіктерді бақылау.* <br> *4К моделі, бала үні* |
| | ***Күз серуен картотекасынан*** *(Картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| ***Балалар-дың үйге қайтуы*** | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесу* | | | | |

Тексерілді

**ЦИКЛОГРАММА**
**I апта**
**6.12-10.12.2021ж**
**Мектепалды даярлық сыныбы**

**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**
**Тақырыпша «Жайнай бер, Қазақстаным!»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгіме-лесу** | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Картотека №2**<br>*Құрылымдалған ойын:*<br>**«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»**<br>**Мақсаты:**<br>*Түстер туралы түсіне отырып, берілген тапсырманы топтай алады.*<br>*4К , бала үні.* | **Картотека №3**<br>*Педгог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:*<br>**«Жыл мезгілдері»**<br>**Мақсаты:** *Балалар мезгілдердің атауларын атай алады. (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылауды біледі.*<br>*4К , бала үні.* | **Картотека №7**<br>*Педгог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:*<br>**«Нан дастарханға қалай келеді?»**<br>**Мақсаты:** *Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде түсінеді, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді біледі.*<br>*4К , бала үні.* | **Картотека № 5**<br>*Құрылымдалған ойын:*<br>**«Жануарларды өз мекеніне орналастыр»**<br>**Мақсаты:** *Үй жануарлары мен жабайы жануарлард ажырата алады.*<br>*4К , бала үні.* | **Картотека № 8**<br>*Педгог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:*<br>**«Бұл қандай құс?»**<br>**Мақсаты:** *белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеп оларды ажырата алады.*<br>*4К , бала үні.* |
| | **ҚАТЫНАС САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН** | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>**Шаттық шеңбер**<br>**Отан деген - Атамекен,**<br>**Отан деген - туған жер.**<br>**Отан - ана, Отан - үлкен,**<br>**Қазақстан - туған ел.** *4К , бала үні.* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:***Менің Отаным.*<br>**Мақсаты:** *Балаларға туған жер, Отан туралы түсінік беру. Өз Отанын сүюге жетелейді.* | **1.Денешынықтыру**<br>**Мақсаты:** *Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеуді, еңкіс тақтай үстімен жүре алады.* | **1.Денешынықтыру**<br>**Мақсаты:** *Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасап жүреді.*<br>*Ресурстар: доға, шеңбер 2* | **1. Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: О о дыбысы және әрпі.**<br>**Мақсаты:** *О дыбысы және әрпімен таныстыру.*<br>*Құрамында О дыбысы бар сөздерді талдайды. О дыбысы* | **1.Денешынықтыру.**<br>**Мақсаты:** *Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіруді,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қызмет-<br>тері** | Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер, доп,әр елдің туы<br>Әдіс – тәсілдер: бала үні, саралау, ширату әдісі, бақылау.Топтастыру әдісі. Заряд алу әдісі..Бақылау<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты<br>Алтын шуақ таратты<br>Қайырлы таң балалар<br>**Миға шабул әдісі.**<br>**Доп лақтыру арқылы сұрақ қою.**<br>-Балалар біздер Қандай Республикада тұрамыз?<br>- Отан деген не?<br>-Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>**Ширату әдісі**<br>Отан туралы өлең оқып беру.<br>**Отан. Ж Әбдірашев.**<br>«Отан - атам, Отан - әкем!»<br>Осы сөзім қате мекен?!<br>Қате болса,Неге біздер<br>Дейміз оны «Атамекен?!»<br>«Отан - әжем, Отан – анам!»<br>Туған жер! деп,<br>Ол бекерге аталмаған.....<br>Атам, әжем, әкем, анам<br>Төртеуі де «Отан!» маған<br>**Сыни ойлау, бала үні**<br>**Кері байланыс, жетелеуші сұрақтар,**<br>**Ой дамыту** | Ресурстар: шар, доға, себет<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>1. Бір қатар сапқа тұр.<br>2. Сәлемдесу.<br>(Нұсқауларды орындау)<br>**«Орман аңдары»**<br>1. «Аю»<br>Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.<br>2. «Түлкі»<br>Қолды жанға ұстап, (құланып) бір сызықпен жүру.<br>3. «Көжек»<br>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.<br>4. «Қасқыр»<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.<br>**Жалпы даму жаттығулары:**<br>1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.<br>Б.қ.: тік тұру, шарды қос қолмен ұстау.<br>1. Қолдағы шарды алға созу.<br>2. Шарды оң иыққа тигізу.<br>3. Қолдағы шарды алға созу.<br>4. Шарды сол иыққа тигізу.<br>5. Б. қ. келу.<br>2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Б.қ.: аяқтар арасы сәл ашық, қол төменде.<br>1.Қос қолды жоғары көтеру.<br>2. Алға иіліп созылу. | Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>Амандасу .<br>· Маршпен жүру; · Жүріс түрлері: - Аяқтың ұшымен жүру; - Өкшемен жүру; - Секіре жүру; - Тізерлей жүру; - Жүгіру. - Тыныс алу жаттығуы. 3 колонаға бөліну.<br>Топтастыру<br>Өнім арқылы саралау<br>**Жалпы даму жаттығулары:**<br>1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру<br>2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру<br>3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру<br>2. 2 қолды алдына апару<br>3. 2 қолды жанына апару<br>4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу<br>5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру<br>6. Терең дем алу<br>Бақылау: Жаппай, тікелей<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы** 1. Шеңберден шеңберге аттау | кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді қатыстыртып, бірнеше сөйлем құрайды<br>Ресурстар: дыбыстық талдауға арналған көк, қызыл текшелер, жеке тапсырма карточкалары, сызба ережелер,<br>Әдіс – тәсілдер: бала үні, саралау, ширату әдісі, бақылау.Топтастыру әдісі. Заряд алу әдісі..Бақылау<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**<br>**І. Шаттық шеңбер.**<br>Жарқырап күнде ашылды,<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз бақытты баламыз!.<br>Балалардан жыл мезгілін, апта күндерін сұрау. Бала үні.<br>**ІІ. Ой қозғау.**<br>Өткен тақырыпты еске түсіру.<br>- Дыбыс нешеге бөлінеді?<br>- Қандай әріптермен таныстық?<br>**ІІІ.Қызығушылықтарын ояту Ертегі айту.**<br>Ертеде [О] деген дыбыс өмір сүріпті. Ол ән айтқанды жақсы көретін еді. Ол әнді жан-тәнімен беріліп айтады. Ән айтқанда аузы дөп-дөңгелек болып кетеді екен. Кәне, ол өлеңді біз де айтып көрейікші (әндетіп айту: О-о-о-о!) Ол барлық нәрсеге таңдана қарайды... Қандай | гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүре алады.<br>Ресурстар: әр балаға сультанчик, гимнастикалық орындық, кішкентай құм салынған қапшық.<br>Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, командада жұмыс.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>Амандасу.<br>· Маршпен жүру;<br>· Жүріс түрлері:<br>- Аяқтың ұшымен жүру;<br>- Өкшемен жүру;<br>- Секіре жүру; - Тізерлей жүру;<br>- Жүгіру.<br>- Тыныс алу жаттығуы.<br>**Топтастыру әдісі.**<br>**Саралау.**<br>3 колонаға бөліну.<br>**Жалпы даму жаттығулары:**<br>(султанчикпен орындалады) 1.Б.Қ , қолды белге ұстау, аяқ арасын алшақ ашып тұру, басты оң және сол бағытта айналдыру.<br>2.Б.Қ қолды желкеде саусақты айқастырып ұстап, аяқ арасын алшақ ашып тұру, кеудені оң жаққа ,сол жаққа бұру.<br>3. Б.Қ қолды төмен түсіріп, аяқ арасын алшақ ашып тұру, қолды жанға созу, оң аяққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру.<br>**Сергіту сәті**.(Заряд алу әдісі)<br>Ал балалар тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жоғары-төмен қарайық.<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір секіріп алайық,<br>Секіріп-секіріп алайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Өз мемлекетінің туынды тап» (үстел үстінде әр мемлекеттердің тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемлекетінің туын табу керек)<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Кім тапқыр?»<br>Шарты: жүргізуші сұрақ қоя отырып, бір балаға допты лақтырады. Ол жауабын айтып допты қайтып лақтырады.<br>- Қазақстанның астанасы, қай қала?<br>- Астана.<br>- Қ. Республикасының президенті кім?<br>- Біз қай елде тұрамыз?<br>- Қ. Р.<br>-Сен қай облыста тұрасың?<br>-Көшеңнің атын айт<br>-Балабқша қалай аталады?<br>-Бәйтерек қай қалада орналасқан? Т.б | 3.Қос қолды кеуде тұсына әкелу.<br>4. Б. қ. келу.<br>Б. қ.: отыру, аяқты алға созу.<br>1.Шарды қос қолмен жоғары көтеру.<br>2.Тізеге тигізу.<br>3.Б. қ. келу.<br>Шарды қолдарына ұстап тұрады.<br>Шарды алға созып, оң және сол иықтарға тигізеді.<br>3-4 рет<br>Қолдарын жоғары көтеріп, алға созу.<br>3-4 рет<br>Шарды жоғары көтеріп, тізеге тигізу.<br>3-4 рет.<br>3. Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:<br>1. Шарды кеуде тұсында ұстау.<br>2. Алға секіру..<br>3. Артқа секіру.<br>4. Б. қ. келу<br>Тыныс алу:<br>- аяқ арасы алшақ, шарды қос қолмен жоғары көтеру (ауа жұту);<br>- шарды тізеге тигізу (дем шығару).<br>Бақылау. Жаппай<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы**<br>1. Жерге қойылған себетке дейін секіруді үйрету.<br>2. Доғалар астынан еңбектеп өту.<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, жаппай бақылау | 2. Доғалар астынан еңбектеп өту.<br>Бақылау. Жанама . тікелкей<br>**Қимылды ойын:**<br>«Аққу- қаздар». ойыны:<br>1.Ойын шартымен таныстыру<br>**Қорытынды:**<br>**Кері байланыс**<br><br>Балаларды мадақтау<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:**7 саны және цифры.<br>**Мақсаты:** Балаларды 7 санымен таныстырады және құрамын анықтайды. Есептер шығара білуге үйренеді.<br>Ресурстар: 1-7 дейін сандар, Суреттер, цифрлар, таяқшалар, дәптер.<br>Әдіс – тәсілдер: бала үні, саралау, ширату әдісі, бақылау.Топтастыру әдісі. Заряд алу әдісі..Бақылау<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**<br>**I.Шаттық шеңбері.**<br>**«Дос болайық бәріміз»**<br>Дос болайық, бәріміз,<br>Жарасып тұр әніміз.<br>Тыныштықты сақтаймыз,<br>Атсын күліп таңымыз.<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**II. Ғажайып сәт:**<br>**«Аяз атаның сиқырлы қапшығы»**<br>Қапшықтың тапсырмасы: | әдемі бұлт! (Қалай таңданатынын көрсетейік: О-о-о-о!) Қандай терең көл! (О-о-о-о!) Қандай биік тау! (О-о-о-о!)<br>Айналасындағылар [О] дыбыс ын жақсы көріпті. Адамдар онымен бірге «О-о-о-о!» деп бірге таңданады екен. Сендер де [О] дыбысын айтып көріңдерші. Қалай айтылады? Ерніміз алға қарай дөңгелене сүйірленеді. [О] дыбысын айтқанда, дыбыс кедергіге ұшырай ма? Олай болса, О – қандай дыбыс?<br>Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау<br>Сергіту сәті<br>Қарлығашқа ұқсайық,<br>Қане қанат қағайық.<br>Ұшып – ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>**Ой дамыту.**<br>**Оо әрпімен таныстыру.**<br>Енді осы дыбыстың қалай таңбалатынын көрейік.<br>**О** әрпі неге ұқсайды?<br>(Дөңгелекке, допқа, тоқашқа, сақинаға т.б.)<br>**О**-ны әртүрлі көңіл күймен айтып көрейік.<br>Мектеп сиқырлы орманның ар жағында болатын. Біз мектепке көңілді күймен шықтық. (Көңілді айту: О-о-о-о!) Орманның ішіне кіргенде, әдемі көріністі көріп, қатты таңдандық. (Таңдану, қызығу: О-о-о!).<br>Орманның ішінде адасып | еңкейіп, қолды аяқ ұшына тигізу, б.қ келу, сол жаққа қайталау.<br>4. Б.Қ өкшені қосып, аяқ ұшын ашып, қолды белге қойып тұру. Қолды алға созып отыру, тұру, б.қ келу. 6-8 рет қайталау.<br>5. Б.Қ өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұру, қолды төмен түсіріп тұру. Оң аяқты жанға, қолды жанға ұстау, оң қолды төмен түсіру, сол қолды жоғары көтеру, екі қолды да жанға ұстау, оң аяқты қосып, б.қ келу, сол жаққа қайталау 8 рет.<br>6. Б.Қ өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұру, қолды төмен түсіріп тұру, секіріп аяқ арасын ашу, қолды жанға ұстау секіріп аяқ арасын қосу, б.қ келу, 6-8 рет қайталау.<br>7. Тыныс алу жаттығулары.<br>Колоннада бір қатармен жүру<br>Бақылау. Жаппай<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы**<br>1.3м арақашықтықтан нысанаға қапшықты қолмен оң және сол иықтан лақтыру. ·<br>2.Арқасына қапшық қойып,гимнастикалық орындық үстімен еңбектеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетелеуші сұрақтар, бала үні, Коммуникативтік дамыту.<br>**Балаларды мадақтау.**<br>**Қорытынды.**<br>**Кері байланыс, бала үні**<br>Сұрақ жауап арқылы қорытынды жасау.<br>Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау, мақтау.<br><br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Төрт түлік<br>**Мақсаты:** Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасауды, олардың тіршілік қалпы туралы түсінеді.<br>**Ресурстар:** үй жануарлары төлдері және жабайы аңдар ойыншықтары.<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К командада жұмыс, бала үні, бақылауғ мнемотехника<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**<br>**Психологиялық сәт.**<br>Мынау менің жүрегім,<br>Осыдан бәрі басталған.<br>Мынау басым ақылды,<br>Барлық істі басқарған.<br>Мынау менің оң қолым,<br>Мынау менің сол қолым.<br>Барлық істі атқарған.<br>**Мнемотехника.** Қыс мезгілі<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Хатшы хат әкеледі.<br>Хатты оқу | **Қимылды ойын:**<br>«Кім бірінші» ойыны:<br>1.Ойын шартымен таныстыру<br>Бақылау. Жанама<br>**Қорытынды:**<br>**Кері байланыс**<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Й й дыбысы және әрпі<br>**Мақсаты:** Й дыбысы мен әрпімен танысады. Й дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйренеді.<br>Ресурстар: Тақырыпқа байланысты суреттер, кеспе әліппе, суреттер.<br>**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын, түсіндіру.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**<br>**Ынтымақтастық атмосфера**<br>Қ.Баянбайдың «Керек»<br>Ие керек итке,<br>Ине керек жіпке.<br>Икем керек іске,<br>Иық керек жүкке.<br>Сұрақ жауап<br>Өлең не туралы айтылған?<br>**ІІ. Ой қозғау**<br>**1.Өтілген дыбыстарды қайталау.**<br>2.Жаңа дыбыспен әріппен таныстыру.<br>Й дыбысы және әрпімен танысу. | Пед жет ойын:<br>«Санамақтар сыры»<br>Санамақ айту.<br>**1.**Қапшықтан шыққан **7** санымен таныстыру.**7** саны туралы түсінік беру.<br>Қазақта **7** саны киелі екенін айту және қазына сөзін математикада **7** санымен байланыстыра алу. **бала үні**<br>**1 – қазына – «Жүйрік ат»**<br>**Мағынаны ашу.**<br>Пед.жет. ойын.«Шатасқан сандар»<br>Шарты: 1-ден 7-ге дейін сандарды тура және кері санау.<br>-Сандардың ішінен 7 санын көрсету.<br>Сыни ойлау, бала үні<br>**2 – қазына - «Алғыр тазы»**<br>**Мағынаны ашу. Өрнек құра.** 000000 0<br>6+1 =7<br>000 0000 7-3=4<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні<br>**3 – қазына**<br>**– «Берен мылтық»**<br>**Мағынаны ашу.**<br>Пішіндермен жұмыс.<br>Топқа бөлу.<br>Зымыран және ұшақ құрастыру.<br>Сыни ойлау, бала үні, топпен жұмыс<br>**4 – қазына**<br>**- «Ер жігіт»** Мағынаны ашу.<br>**Сергіту сәті:** .(Заряд алу әдісі) | кеттік. (Қорыққан дауыспен: О-о-о-о!). Алдымыздан орманшы атай шықты. (Қуанышты дауыспен: О-о-о-о!). **Орман** сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>Коммуникативтік дамыту.<br>Сыни ойлау, бала үні,<br>**Фонепетикалық жаттығу.**<br>Ой, ой, ой, той, той, той.<br>Ор, ор, ор, тор, тор, тор,<br>Ол, ол, ол, тол, тол, тол.<br>Педагог жетекшілігмен ойын: «Іздеушілер»<br>Шарты: Тақтаға суреттер ілінеді. Оның ішінен тек [О] дыбысы бар сөздерді іздеу керек.Тақтаға шыққан бала тауып, ол сөздің дыбыстық сызбасын салады. Сызбаның ішінен [о] дыбысының орнын табады.<br>Құрлымдалған ойын: «Буынды қос»<br>Шарты: О дыбысы бар буындарды қосу.<br>**Қортынды**<br>Балаларды мадақтау<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Отан жаттау Е. Өтетілеуұлы<br>**Мақсаты:** Тақпақты түсініп, есте сақтауға үйренеді.Отан туралы тақпақ жаттайды.<br>**Ресурстар:** отан туралы суреттер<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , бала үні, тікелей бақылау.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**<br>**І.Шаттық шеңбер** | **Еркін ойын.**<br>«Ұшақтар ».<br>1.Ойын шартымен таныстыру<br>Бақылау. Жанама<br>**Қорытынды:**<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Бота.<br>**Мақсаты:** Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін үйренеді, қолдың ұсақ бұлшық еттері дамиды.<br>Ресурстар: ермексаз, тақтайша, үлгі<br>Әдіс – тәсілдер: бала үні, саралау, Заряд алу әдісі..Бақылау<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**<br>1.Үй жануарлары туралы түсінік беру.<br>Пед жет ойын: «Төлін тап»<br>**Шарты:** Сурет бойынша үй жануарларының төлдерін атау.<br>Сыни ойлау, бала үні,<br>Бақылау: тікелей<br>**Жұмыстың орындалу ретін түсіндіру.**<br>4. Ермексаздан ботаны мүсіндеуді үйрету.<br>5.-Ермексаздан алдымен ботаның денесін жұмыртқа сияқты жасаймыз.<br>-сосын мойынын жасау,әрі қарай басын, құлағын,көздерін жасау; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қымбатты балалар! Бұл хатты сендерге Білім ханшайымы жазып отыр, бұл жай хат емес ішінде сиқырлы тапсырмалар бар. Балалар сендерді ақылды, білімді, тәртіпті деп естідім. Сендер менің тапсырмаларымды қызығушылықпен орындайсыңдар деп сенемін » - деп жазыпты.*<br>*Балалар Білім ханшайымының тапсырмаларын орындаймыз ба?*<br>*Балалардың жауаптары*<br>***1-тапсырма.***<br>*Үн таспадан үй жауарларының дауыстарын тыңдату.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Үй жануарларының қандай түрлерін білесіңдер?*<br>*- Адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды?*<br>*-Үй жануарларының қандай пайдасы бар?*<br>*Ой дамыту.*<br>*Суретпен жұмыс.*<br>*Үй жануарларын тақтаға ілу.*<br><br>*Балаларға әңгімелету.*<br>***Құрылымдалған ойын:***<br>*«Төлдерін, балаларын ата»*<br>***2-тапсырма*** | *Йогурт сөзіне дыбыстық талдау жасау.*<br>*«Йогурт» сөзінде барлығы неше дыбыс бар?*<br>*Бұл сөзде неше буын бар?*<br>*Себебі, ...*<br>*Енді осы «Й» дыбысын зерттеп көрейік. Й Й Й*<br>*Ягни Й дыбысы қандай дыбыс екен?*<br>*Ол сөздің барлық буынында кездеседі.*<br>*Сыни ойлау, бала үні,ашық сұрақтар*<br>***ІІІ.Таптастыру әдісі***<br>***Оқу ортасы арқылы саралау.***<br>*Балаларды пазл, лего, сурет, киндер бойынша 4 топқа бөлу.*<br>***1-топ.*** *Құрлымдалған ойын: «Пазл*<br>*Шарты: шашылған әріптерден сөздер құрастыру. Бір-бірін тексеру.*<br>***2-топ.*** *Құрлымдалған ойын: «Лего»*<br>*Шарты: фигураларда жазылған кесе әріптер бойынша сөздер құрастыр*<br>*Ай ой май сай*<br>*Атай сай қой шай сайман, т.б.*<br>***3-топ. Пед жет ойын: «Буын»***<br>***Шарты:*** *Киндер жұмыртқасы – ішіндегі сөздерді буынға бөл. Буын санын анықта, себебін түсіндір.* | *Аспанға қарап күн көрдім,*<br>*Төменге қарап жер көрдім.*<br>*Оңға, солға бұрылып,*<br>*Егеменді ел көрдім!*<br>***5 – қазына – «Сұлу әйел»***<br>*Мағынаны ашу. Кеңістікті бағдарлау.*<br>*«Жол картасын бейнеле»*<br>*сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау*<br>***6 – қазына – «Ілім – білім»***<br>*Мағынаны ашу.*<br>*Логикалық есептер.*<br>*Алма бағы жайнаған.*<br>*Қызыл алма айналам.*<br>*Алдым үзіп бесеуін,*<br>*Тағы да алдым екеуін.*<br>*Алдым сонда нешеуін?*<br>*7алма.*<br>*Жаңа ғана шалғында,*<br>*7 бұзау жүр еді,*<br>*Әлде шаршап қалды ма?*<br>*Жатып қапты біреуі.*<br>*Нешеуі енді жайылып,*<br>*Жүргенін айт айырып.*<br>***<u>7-1=6</u>***<br>*-Бір-бірімен жарысқан*<br>*Бір аю, бір арыстан,*<br>*Екі қоян, 1 түлкі,*<br>*Бәрі нешеу болыпты**?***<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні*<br>***7-қазына -«Тай қазан»***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Құрлымдалған ойын: «Сандар қатарын тап»*<br>***Шарты: 7санынан тұратын заттарды бөліп жинау***<br>*Қортынды*<br>*Кері байланыс* | *«Арайлап таң атты»*<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Күн шуағын шашты.*<br>*Сәлем күн, сәлем жер*<br>*Сәлем достар*<br>*Бәріміз бірге болайық.*<br>*Жыл мезгілін,апта күнін сұрау. Бала үні.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>*Өлең оқу*<br>*Ж. Тұрбеков. Туған елім.*<br>*Туған өлке – кең далам,*<br>*Мәңгілік бақыт орнаған.*<br>*Сайраңдаймыз саяңда*<br>*Ерікті ұлан – біз балаң.*<br>*Блум таксономиясы, Бала үні*<br>***ІІІ.Ой қозғау***<br>*Ашық сұрақтар*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз?*<br>*Біз қандай мемлекетте тұрамыз?*<br>*Біздің Отанымыз не?*<br>*ҚР рәміздерін ата ?*<br>*Оларға сипаттама беру*<br>*Астанамыз қалай аталады?*<br>*Сендер қай обылыста тұрасыңдар?*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, Бала үні*<br>*Коммуникативтік дамыту.*<br>***Ой дамыту.***<br>***АКТ технологиясы.***<br>*Слайд қарау**.***<br>*Отан туралы тақпақ жаттау.*<br>*–Мағынасын түсіндіру.*<br>*Отан деген Атамекен*<br>*Отан деген-туған жер.*<br>*Отан –ана, Отан-үлкен* | *-аяқтарын ұзын етіп жасау,және оны ботаның денесіне жапсыру.*<br>*Креативтілік, жанама бақылау. Сыни ойлау*<br>*Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»*<br>*Балалардың жұмысын баспалдақтарға қою арқылы бағалау.*<br>***Сергіту сәті.*** *(Заряд алу әдісі)*<br>*Төскейден жел еседі,*<br>*Төбемнен бұлт көшеді,*<br>*Туған жерім мен үшін,*<br>*Көк майсасын төседі.*<br>*(қимылмен көрсету)*<br>***Қорытынды жасау***<br>***Кері байланыс, бала үні***<br>***Балалары мадақтау.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Педагаоқ жетекшілігімен жүргізілетін ойын.*<br>*«Сиқырлы қоржын»*<br>*-Балалар үй жануарларын және жабайы аңдар ойыншықтарды атап, қайда мекендейтінін айтады*<br>*Балаларды мадқатау.*<br>***3-тапсырма***<br>*Сергіту сәті: .(Заряд алу әдісі)*<br><br>***4-тапсрыма.***<br>*Құрылымдалған ойын:*<br>*«Не артық?»*<br>*Балалардың алдына үй жануарлары мен жабайы аңдар аралас қойылады, балалар жабайы аңдарды алып тастау керек. Қалған жануарларды бір бірден сипаттайды.*<br>*4К ,бақылау*<br>*Балаларды мадақтау*<br>***Қорытынды:***<br>*Кері байланыс*<br>*Ашық сұрақтар*<br>***Тыйым соз арқылы қорытындылау***<br>*- Малды аяқпен тебуге болмайды;*<br>*- Таяқпен маңдайына ұруға болмайды;*<br>*- Малдың сүтіне түкіруге болмайды.*<br><br>***3.Музыка***<br>***Тақырыбы: Мен Отанды сүйемін***<br>***Мақсаты:*** *Музыканы тыңдау және орындау* | ***4-топ . Пед жет ойын: «Сурет тобы»***<br>*Шарты: Сурет қиындысы – шыққан сурет бойынша мәтін құрастыр.*<br>*Ширату сұрақтары арқылы ой қозғау.*<br>*Мазмұнм арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау*<br>*Педагог жетекшілігімен ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Үйшікте ит бар ма?*<br>*Теңізде кит бар ма? (Өз мекендеріне қондырады)*<br>*Сайда ай бар ма?*<br>*Аспанда тай бар ма?*<br>*(Орындарын табу)*<br>*Қайықта жан бар ма?*<br>*Қалада мал бар ма? (Бар-жоқ)*<br>*Қой мөңірей ме?*<br>*Сиыр маңырай ма?*<br>*(Дыбыстап көрсетеді)*<br>*Коммуникативтік дамыту.*<br>***5.Педагог жетекшілігмен ойын:***<br>***«Кім зерек?»***<br>*Егер «М»-дан бастасаң, Тағамның бір түрімін.*<br>*«М»-ны алып тастасаң, Түнгі аспанның нұрымын.*<br>*Май- Ай*<br>*Балалар «Ай» сөзіне түрлі қосымшаларды жалғау арқылы адам есімдерін шығарады: Айдос, Айдар, Айжан, Айнұр, т.б.*<br>***Қорытынды жасау.***<br>*Кері байланыс*<br>*Бала үні*<br>***Балаларды мадақтау.*** | *Ашық сұрақтар*<br>*-бүгін біз қандай санмен таныстық?*<br>*-7 санына байланысты қандай сөздер білеміз?*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br><br>***3. Музыка***<br>***Тақырыбы: «Туған жерім – тұғырым»***<br>***Мақсаты:*** *Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салуды біледі.*<br>*Ресурстар: отан туралы суреттер, нота хрестоматиясы*<br>*Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, креативтілік. Ән тыңдау. Дауыс жаттығуы.*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:***<br>***Музыкалық сәлемдесу.***<br>*«Сәлем! (әндете амандасу).*<br>***Мимикалық жаттығу:***<br>*«Көңілді және мұңды».*<br>*Көңілді немесе мұңды әуен ойналғанда сәйкес карточканы көрсетіп, мимикамен көңіл күйін көрсетеді.*<br>*Туған жерге құрақ болам,*<br>*Шуақ болып жылынар.*<br>*Туған жерге бұлақ болам,*<br>*Шөл қандырар суы бар.*<br>*Өлең жолдарын қайталатып, еске сақтауға талпындыру.* | *Қазақстан туған ел.*<br>*Отанды жас ,кәріміз де*<br>*Туған жер деп сүйеміз*<br>*Өйткені онда бәріміз де*<br>*Туып өмір сүреміз.*<br>*Бір қадам әдісі арқылы жаттау.*<br>***4К моделі , бала үні.***<br>*Құрлымдалған ойын: «Туған жерді гүлдендір»*<br>*Шарты: Ортақ ағашқа тілек айтып гүлдер ілу.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Кері байланыс*<br>*Бала үні*<br><br>*«Туған жерді гүлдендір» ойынымен аяқтау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***3.СУРЕТ***<br>***Тақырыбы:*** *Күн жарқырады*<br>***Мақсаты:*** *Дөңгелек пішінді заттарды салуға жетіледі, күннің суретін салу оны бояумен бояуға үйренеді.*<br>***Ресурстар:*** *Тақырып бойынша сурет.*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К командада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***ҰОҚ жүргізу барысы***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Таңертең көзін ашады,*<br>*Әлемге нұрын шашады. (Күн)*<br>*Бала үні, сыни ойлау.*<br>***Ой дамыту***<br>***-Күн туралы түсінік беру.*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | барысында өз сезімдерін айта алады.<br>**Ресурстар:** Дидактикалық материалдар<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К командада жұмыс, бала үні, саралау, жаппай бақылау.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>**Музыкалық сәлемдесу.**<br>Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме өткізеді:<br>– Сен қай мемлекетте тұрасың?<br>– Қазақстанның қандай қалаларын білесің?<br>– Отан, туған жер туралы қандай ән білесің<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Музыка тыңдау:** «Керуен» (муз. К. Дүйсекеев). – Керуен деген не, білесің бе? – Керуенге қандай жануарлар қолданылады? – Бұл шығарманың қарқыны қандай? – Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың?<br>**Дауыс жаттығулары:** «Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу.<br>**Ән айту:** «Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов).<br>Отан – туған еліміз,<br>Отан – туған жеріміз.<br>Отан – ортақ үйіміз, | **3. Жапсыру. Тақырыбы:**<br>**Тақырыбы:** Поезд (ұжымдық жұмыс)<br>**Мақсаты**: Түрлі-түсті қағаздардан геометриялық пішіндерді (төртбұрыш, шаршы, дөңгелек) қиып, қағаз бетіне жапсырып, дұрыс орналастыра алады.<br>**Ресурстар:** Геометриялық пішіндер, қайшы, желім, қылқалам, фломастер ( түрлі-түсті қарындаш).<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , бала үні, тікелей бақылау.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**<br>**I.Шаттық шеңбері.**<br>"Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы.<br>Бала,бала,баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамызда қаламыз!<br>Бала үні.<br>Педагог жетекшілігімен ойын: «Поезд даусы»<br>**III.Ой қозғау.**<br>Қандай ойын ойнадық?<br>- Сендер көліктің қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Пойыз түрлерін атаңдар?<br>- Жолаушылар мен жүк тасымалдаушы пойыздардың айырмашалығы неде?<br>Ашық сұрақтар, бала үні<br>**Ой дамыту.**<br>- Суретіне қарап әңгіме жүргізу. | Педагогтің жуан сұрақтар қоюы арқылы ұйымдасқан оқу қызметін жалғастыру<br>**Музыка тыңдау:** «Туған жер» (муз. Ж. Тұрсынбаев, сөзі С. Жиенбаев). – Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады? Әннің қарқынын ажыратып, мәтінін суреттеп беруді ұсыну. «Туған жер» әнінің мазмұнын көрсететін суретті таңда.<br>**Ән айту: «Егемен ел – Қазақстан» (муз. мен сөзі Н. Алғашбаев).**<br>Көк байрақтың бетінде,<br>Қыран бүркіт қанатты.<br>Сол қырандай еркіндеп,<br>Бала өседі талапты.<br>(М. Әлімбаев)<br>Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Әнді орындап, алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау.<br>– Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Ырғағы қандай екен?<br>Бала үні, сыни ойлау, креативтілік.<br>**Музыкалық-дидактикалық ойын:** «Үш көңіл күй» «Марш» (муз. В. Соловьев-Седой), «Полька» (муз. И. Штраус), «Вальс» (муз. Э. Григ); «Бесік жыры» (Б. Дәлденбай). Музыка жанрларын ажыратуға | -Сұрақ – жауап .<br>- Табиғат нешеге бөлінеді?<br>-Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек?<br>- Жарық, жылу , су,ауа.<br>–Олар жылуды қайдан алады. – Күннің шуағы деген не?<br>Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы.<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Біз кішкентай баламыз»**<br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>Көкке қолды созамыз,<br>Құстай қанат қағамыз.<br>Қарлығаш боп ұшамыз,<br>1-2-3 өсеміз де, толамыз.<br>**Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету**<br>Ұжымдық жұмыс жасау.<br>Қадағалау, көмектесу<br>Креативтілік , бала үні<br>Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>**«Дос болайық»**<br>Торғайлармен дос болайық<br>Көңілдірек қанекей.<br>Жем береміз, бәріміз.<br>Егер жаңбыр жауа қалса,<br>Тығыламыз бәріміз.<br>күн шуағын шашса бізге,<br>қуанамыз бәріміз.<br>Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»<br>**Балалардың жұмысын мадақтау.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әннің мәтінін, сөздерін еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету. Ән көңілді екпінде орындалатынын ерекше атап айту. Көңілді – веселый*<br>*Оқу ортасы арқылы саралау*<br>***Аспаппен танысу:*** *Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру. Жасалу жолдарын, құрылысын, ұрмалы аспап екенін түсіндіру. «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезіне дәл ойнауға үйрету.*<br>***1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не? Достарыңа әңгімелеп бер.*<br>***2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Керуен деген не? Сен өз керуеніңе үй жануарынан қайсысын таңдар едің? Суреттегі музыкалық аспаптар қалай аталады? Мына музыкалық* | *Сыни ойлау, бала үні, блум таксономиясы.*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>*Пішіндер арқылы 4 топқа бөлу.*<br>*Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін түсіндіру, көрсету.*<br>*1-топ топ вагондарды,*<br>*2- топ терезелерін,*<br>*3- топ дөңгелектерін,*<br>*4- топ жолдарын қияды.*<br>***Сергіту сәті:*** *(Заряд алу әдісі)*<br>*Орнымыздан тұрайық, Қолды алға созайық. Бір отырып,бір тұрып, Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық.*<br>***4. Ой дамыту***<br>*Құрылымдалған ойын: «Көңілді пойыз»*<br>*Шарты: Поезд тіркемесін құрап, тақтаға іледі.*<br>*4 к моделі, бала үні.*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.*<br>***Қортынды.***<br>*Кері байланыс*<br>*Бала үні*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***4. Орыс тілі***<br>***Тема: Мой Казахстан***<br>***Цель:*** *формировать у детей первоначальные представления о родном крае и Родине - Республике* | *ықпал ету, сәйкес карточкаларды көрсету.*<br>*Пед жетекшілігмен жүргізілетін ойын: «Ойна да ойла»*<br>***Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:*** *Егемен еліміздің қандай рәміздерін білесің? Оларға сипаттама бер. Әнді орындағанда көз алдыңа не елестете аласың? Өз елің туралы әңгімелеп бер.*<br>*Суреттегі биші қыздардың киім үлгісіне сәйкес ұлттық баскиімдерін таңдап, кигіз.*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>*Рефлекция*<br>*Бүгінгі ұоқ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.*<br>*ҰОҚ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау*<br><br>***4. Өзін өзі тану.***<br>***Тақырыбы:****Менің елім Қазақстан.*<br>***Мақсаты:****Балалардың бойында қоршаған ортамен(балабақша, отбасы, қоғамдық ортамен)адамгершілік қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастырады.*<br>***Ресурстар:*** *Қазақстан Республикасының картасы,Астана туралы* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***I. Шаттық шеңбері.***<br>*"Кел,балалар күлейік"*<br>*Ө.Тұрманжанов.*<br>*Кел,балалар күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек.*<br>*Көңілді болып жүрейік!*<br>***II. Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Пед жет ойын:»Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақтар жасыру.***<br>*Төрт түліктер туралы.*<br>*-Жүретұғын әрдайым,*<br>*Жануар мұндай қайда бар?*<br>*Ішкен суын әрдайым*<br>*Ақсүт етін қайтарар.*<br>***(сиыр)***<br>*-Кішкентай ғана бойы бар,*<br>*Айналдырып киген тоны бар.* ***(қой)***<br>*-Кезікті бір жануар,*<br>*Үстінде екі тауы бар.*<br>***(түйе)***<br>*Екеуі елеңдеп келеді,*<br>*Төртеуі төбелесіп келеді.*<br>***(Ат)***<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Бір сөзбен бұларды не дейміз?*<br>***4К моделі, бала үні***<br>***2. Ой қозғау.***<br>***Төрт түлік туралы түсінік беру.***<br>*Суретпен жұмыс. - Суретте қандай жануарларды көріп тұрсыңдар?*<br>*-Төрт түлікке нелер жатады?*<br>*-Неліктен оларды үй жануарлары дейміз?* | *Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен, қолын керіп ұстап, иығына жазып жүру.*<br>*Шеңбер бойымен бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.*<br>*Шеңбер бойымен еркін жүру.1 сапқа тұру.*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен бір доп алу/*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары: /доппен, әуенмен/***<br>***Б.қ.: «Буратино» ойыны***<br>***1.*** *Аяқты алшақ қоямыз, доп жанымызда. Буратинаға әдемі мұрын жасаймыз. Буратино мұрнымен «2,3» сандарын жазады. /4 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Аттап созылу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда, 1- оң аяқты бүгу, 2- алға қарай бүгілген аяққа қарай иілу керек, дәл осы қимылды екінші аяқпен қайталайды.*<br>*/6 рет қайталау./*<br>***Б.қ.: «Бауырсақ»***<br>***3.*** *Аяқтар алшақ қойылған, доп қолда. 1- тізерлей отырып, допты айналдыра домалатады. 2- б.қ. /6 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Аққу қанатын қақты»***<br>***4.*** *Аяқтың ұшымен тұрып, доп жанда. Қолды жоғары-төмен «аққудың» қанаты* | *жағдайда: қолды белге қойып, екі жаққа жіберіп, артқа ұстап жүру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап жұптасып жүгіру.*<br>*Шеңбер бойымен еркін жүру.*<br>*1 сапқа тұру.*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен екі жіптен алу/*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Жалпы даму жаттығулары.***<br>*Жіппен жасалатын жаттығулар кешені 5 бөлім*<br>***Созылу***<br>*Аяқты алшақ қою. Жіпті омырауға ұстау, алға созу, жоғары көтеру, алға соу, бастап-қы қалып. 5-6 рет.*<br>***Отыру.*** *Аяқты алшақ қою. Жіп ті алға ұстау, еңкейіп оң аяқтың ұшына тигізу, солай сол аяққа. 5-рет*<br>***Отырып, тұру.***<br>*Жіпті омырауға ұстау, отырып жіпті алға, созу, тұру бастапқы қалып. 4-5 рет.*<br>***Арқамен жату.*** *Жіпті бастан асыра ұстау, аяқты көтеріп жіпті аяқтың ұшына тигізу.Оң аяқ, сол аяққа. 5-6 рет.*<br>***Секіру.***<br>*Жіпті жерге қойып, үстінене секіру.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығу-*** *-Доға астынан өту.*<br>*-Обруч ішіне допты екі қолмен лақтыру.* | ***I.Шаттық шеңбері.***<br>***«Кел,балалар күлейік»***<br>***Ө.Тұрманжанов.***<br>*Кел,балалар күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек.*<br>*Көңілді болып жүрейік!*<br>***II.Қызығушылықты ояту.***<br>*Өлең жолдармен суреттерді көрсету.*<br>*Мына суретке қарайық,*<br>*Атын тауып алайық.*<br>*Осыларды бір сөзбен,*<br>*Жалпы атауын атайық.*<br>*Балалар ыдыстар сөзі қай дыбыстан басталып тұр?*<br>*Сыни ойлау.*<br>***III.Ой қозғау***<br>***Жаңа тақырыпты ашу.***<br>*-Ы дыбысын бірге атап көрейікші.*<br>*-Мынау ы дыбысының баспа түрі,ал мынау жазбаша түрі.*<br>*-Ы дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?*<br>*-Дауысты екенінін қайдан білдіңдер?*<br>*-Балалар дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?*<br>*-Дауысты дыбыстар қандай түспен белгіленеді?*<br>*-Дауыссыз дыбыстар қандай түспен белгіленеді?*<br>***Сергіту сәті:***<br>***4.Ой дамыту***<br>***Пед жет ойын: «Сөз моншақ»***<br>*Шарты: Ы дыбысынан келетін сөздер айту, оларды буынға бөлу*<br>*Балаларды топқа бөлу.* | *Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні*<br>***ҰОҚ өтілу барысы.***<br>***I.Психологиялық ахуалды қалыптастыру***<br>***Қимыл - қозғалыс ойыны: Қоңыздар***<br>*Ойынның шарты:*<br>*Күн шықты дегенде қоңыздар ж - ж - ж - ж - ж деп өрмелеп жүреді. Жаңбыр жауды деген кезде қоңыздар ағаштың астына барып жасырынып қалады.*<br>***II: Ой дамыту***<br>*АҚТ технол жұмыс.*<br>*Күн тәртібі туралы түсінік беру.*<br><br>*Блум таксономиясы, мазмұн арқылы сараалу, сыни ойлау, бала үні*<br>***Құрлымдалған ойын: «Үш гүл»***<br>***Мақсаты:*** *Әуеннің көңіл күйін ажыратып білу қабілетін дамы-туға арналған*<br>***Көрнекіліктер:*** *Әр балаға әуеннің көңіл* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Бізге қандай пайдасы бар? Сөздік жұмыс жүргізу.<br>Шұбат, қымыз, мөңірейді, маңырайды, өркеші, төлі,мүйіз, сақалы, шөре-шөре,әукім-әукім<br>-Олардың төлдерін қалай атаймыз?<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні<br>**Ой дамыту.**<br>**Түйе төлі-ботақан,**<br>Мөлдіреп көзі ойнаған.<br>**Қойдың төлі-қошақан,**<br>Өріске қашқан қорадан.<br>**Ешкінің төлі-лақ,**<br>Тыныш тұрмайды ол бірақ.<br>**Жылқының төлі-құлыншақ,**<br>Тұяғы жерге ұрыншақ.<br>**Сиырдың төлі-бұзау.**<br>Сүйкімді әрі асау.<br>-Оларға кімдер қамқорлық жасайды?<br>Сыни ойлау, комуникативтілік дағды.<br>**3. Ой қозғау.**<br>Төрт түлік туралы жаңылтпаш.<br>Ақ лақ, аппақ па?<br>Ала лақ аппақ па?<br>Ала лақ аппақ емес,<br>Ақ лақ аппақ.<br>**4 Ой дамыту**<br>Мақал –мәтелдер.<br>-Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл көсір.<br>-Жылқыда өт жоқ,<br>Құста сүт жоқ. | сияқты жасау. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Дәл тигіз»**<br>**5.** Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жақ тіземенде қайталау. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Кетті, кетті домалап»**<br>**6.** Аяқтары алшақ, допты аяқпен оңнан – солға , солдан-оңға қарай сырғыту.<br>/15-20 секунд/<br>**Б. қ.: «Көңілді доп»**<br>**7.** Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Қолды жоғары созып, орнында секіру.<br>/10-15секунд/<br>**Қорытынды:**<br>4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру.<br>Еркін жүру.(допты себетке қою)<br>**Тыныс алу жаттығулары:** мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.<br>4К моделі, бала үні.<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы**<br>1. Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді<br>2. Доғалар астынан еңбектеп өту.<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, тікелей бақылау<br>**Қимылды ойын:**<br>**« Ит пен қоян »** | Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.<br>**Қимылды ойын:**<br>**« Қаздар »**<br>**Шарты:** Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.<br>Сыни ойлау, командамаен жұмыс.<br>Қорытынды:<br>Балаларды мадақтау<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: Заттардың қасиеті**<br>**Мақсаты:** Балалар сандар туралы және геометриялық ұғымдар туралы түсінеді.<br>Ресурстар: Геометриялық пішіндер.<br>Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні<br>**Психологиялық ахуалды қалыптастыру**<br>1, 2, 3 Біз жинаймыз күш<br>Терезені ашамыз<br>Таза ауа жұтамыз<br>1, 2, 3 Отырамыз тып-тыныш.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Математика Патшайымнан хат келді, оны Патшайымның достары Дөңгелек пен Үшбұрыш алып келді. (тақтаға пішіндердің бейнесін ілу)<br>- Геометриялық Пішіндер қаласында қиын жағдай болыпты – сол қаладағы компьютерлік желіге вирус түсіпті дейді. Компьютерлердің бәрі тұрып қалған, керекті ақпараттарды көрсетпейтін | Оқу ортасы арқылы саралау.<br>**1-топ**<br>**«Қыс»:Ынтымақ** сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>**2-топ**<br>**«Көктем»:Ынтымақ** сөзін кеспе әріптерден құрау.<br>**3-топ**<br>**«Жаз»:Ынтымақ** туралы мақал- мәтел.<br>**4-топ «Күз»**: Буындарға сөз жалғау. Ыс...тық,Ты....мақ, та....мыр, Ты...қыр.<br>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.<br>**2-тапсырма:**<br>Құрлымдалған ойын: «Топтастыр»<br>Суретте Ы дыбысынан келетін сөздерді топтастыру<br>**«Ойлан - бірік - талқыла» әдісі**<br>**«Шапалақ»**<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Сурет бойынша әңгіме.<br>**Мақсаты:** Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерге өз ойын айта алады.<br>Ресурстар: Геометриялық пішіндер, АКТ технол<br>Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**І. Шаттық шеңбері.**<br>**"Бала,бала,баламыз"**<br>Е.Өтетілеуұлы.<br>Бала,бала,баламыз, | күйін білдірітен бір гүлден беріледі.<br>- Жәй әуен, Көңілсіз әуен, Көңілді әуен<br>Гүлдердің орына үш күннің көзін немесе үш бұлтты істеп алуға болады.<br>-Әр баланың алдында үш гүл жатады.<br>Музыка жетекшісі музыкалық шығараманы ойнайды да балалар әуеннің көңіл күйін ажыратып әуенге сай гүлді алып шығады.<br>4К моделі, бала үні.<br>**4. Ой қозғау.**<br>Пед жет ойын: «Мен айтам сен жалға»<br>Шарты: басталған сөзді жалғастыру.<br>Таңертең тұрамын...<br><br>Қортынды балаларды мадақтау.<br><br>**2.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:**<br>«Қошақан»<br>**Мақсаты:** Үй жануары қошақан бейнесін бөліктерді құрастыру арқылы мүсіндейді.<br>Ресурстар: Қошақан сурет, дидакт материалдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Төрт түлік мал кисең киім, жесең тамақ.<br>**5. Тиым сөздер.**<br>-Малды басынан теппе.<br>-Малды теппе, ақты төкпе.<br>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.<br>**Мнемо кесте арқылы ұоқ қортындылау**<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы: Жабайы жануарлар.**<br>**Мақсаты**: Балалар жабайы жануарлар туралы, жануарлардың қысқы тіршілігін<br>Ресурстар: Үй жануар-ларының суреттері, АКТ технологиясы.<br>Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**I. Шаттық шеңбер.**<br>Күй тартамыз күмбірлі,<br>Ән айтамыз көңілді.<br>Би билейміз ырғақты,<br>Ертегі айтып қызықты,<br>Біз бастаймыз сабақты.<br>Миға шабуыл.<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>-Тауықтар қашып жасқанған, Құлығы артық басқа аңна **(Түлкі)**<br>-Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны. **(аю)** | **Шарты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>Командамен жұмыс, жанама бақылау.<br>Қорытынды:<br>Балаларды мадақтау<br><br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** С с дыбысы және әрпі<br>**Мақсаты:** Өткен дыбысты қайталай отырып, алған білімдерін бекітеді. С дыбысы және әрпімен танысады.<br>Ресурстар: кеспе әріптер,буындар , жұмбақ , суреттер.<br>Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні<br>**ҰОҚ өтілу барысы :**<br>**I Ұйымдастыру бөлімі :**<br>**Психологиялық дайындық.**<br>Қуан, шаттан алақай,<br>Қуанатын күн бүгін<br>Қайырлы түн,қайрлы күн<br>Күліп шықты бүгін күн<br>**II. Ой қозғау.**<br>-Сауат ашу әлеміне саяхат-Дыбыстар нешеге бөлінеді? Қандай?<br>- .Дауысты дыбысты қалай білеміз?<br>-Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>- Әріптен не құралады?<br>- Сөйлем қандай әріптен басталып жазылады?<br>- Сөйлемнің соңына не қойылады?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Өткен дыбысты қайталау**.<br>Педагог жетекшілігмен ойын: | көрінеді. Патшайым соны емдеуімізді сұрайды. Қалай көмектесеміз бе? Геометриялық пішіндер қаласына поезбен баруды ұсынамын. Ол үшін, поезды алдарындағы жатқан үлкен құрастырып алайық.<br>4 К моделі, бала үні.<br>**Құрлымдалған ойын: «Поезд »**<br>Шарты: Геометриялық пішіндерден поезд құрастыру.<br>**Саяхатты хабарлау. Саяхат**<br>- Балалар жолда ішіміз пыспас үшін сендермен «Сұрақ-жауап» ойынын ойнау. жауабын ауызша емес, карточкамен көрсетеміз.<br>**Педагог жетекшілігмен ойын: «Сұрақ-жауап»**<br>Шарты: Балалардың санды есту және оны цифрмен көрсе-ту дағдысын қалыптастыру.<br>**Көрнекіліктер:** Әр баланың алдында 1-ден 10-ға дейін цифрлар.<br>кемпірқосақта неше түс бар? (7)<br>-бағдаршамда неше көз бар? (3)<br>-қолғапта неше саусақ бар? (5)<br>-адамда қанша көз бар? (2)<br>жұлдыздың неше бұрышы бар? 5<br>-аспанда неше күн бар? (1)<br>-бір жылда неше ай бар? (12<br>- бір аптада неше күн бар? (7)<br>9. адамда қанша саусақ бар? (10)<br>- Балалар, міне біз соңғы аялдамаға келдік. Бұл көңілді пішіндердің қаласы. (Тақтаға әр түрлі түсті пішіндерден салынған үйлер, ағаштар ілінген).<br>**1 - тапсырма: Вирусты жою**<br>**Құрлымдалған ойын: «Салыстырып толықтыр»** | Бақшамызға барамыз.<br>Күні-бойы қызыққа,<br>Батамызда қаламыз.<br>**II. Миға шабуыл**<br>**Пед жет ойын: «Кім тапқыр»**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Біз тебеміз сырғанақ<br>Таудан төмен сырғанап.<br>Қар жауады аппақ<br>Аяз қатты азынап. **(қыс).**<br>-Қар еріп , су ағады,<br>Сарқырап сайға толады.<br>Күн ұзарып жылиды,<br>Бұл қай кезде болады?<br>**(көктем)**<br>-Қойны толы жеміске,<br>Көкмайсалыеңіске.<br>Көбелекқуыпойнайтын,<br>Каймезгілдепойлайсың?<br>**(жаз)**<br>-Дала толы жеміске<br>Диқан толы егіске<br>Бау-бақшаға барайық<br>Жемістерді жинайық. **(күз)**<br>**II. Ой дамыту. АКТ технол**<br>**1. Жыл мезгілдері туралы түсінік беру.**<br>Сұрақ – жауап.<br>-Бір жылда неше жыл мезгілдері бар? -Атау.<br>Сыни ойлау, 4К моделі, бала үні.<br>**4. Ой қозғау.**<br>**Әр мезгілге сипаттама беру.**<br>**А)Қыс мезгіліне сипаттама.**<br>-Қыс мезгіліндегі ерекшеліктер.<br>-Қандай әсерлер қалдырды? | Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Шаттық шеңбер.**<br>**«Еркелету» жылулық шеңбері**<br>Балалардан отбасы мүшелері өздерін қалай еркелетін айтатынын естеріне түсіріу.<br>Пед жет ойын: «Ненің даусы»<br>Шарты: Үнтаспадан қозының даусын есіту.<br>**Ширату.**<br>**Тақпақ оқу.**<br>Кіп-кішкентай момақан<br>Қошақанды ұнатам<br>Сүйеді анам «қозым» деп<br>«Қошақаным менің» деп<br>**Ой қозғау.**<br>Тақпақ не туралы айтылған?<br>Анасын қалай атаймыз?<br>Балалардың жауаптары.<br>4К моделі, бала үні, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Топқа қозы келеді.<br>Амандасу.<br>Балалар қошақан неге көңілсіз деп ойлайсыңдар?. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Аузы бейне шалғы орақ,<br>Шөп емес малды орады<br>(қасқыр)<br>-Үсті толы инелер,<br>Бірақ та іс тігіп,<br>Қадамайды түймені.<br>**(Кірпі)**<br>-Бұтақтарға секіріп,<br>Әр жерден қылт етеді.<br>Кейде жаңғақ кеміріп,<br>Жоғары өрлеп кетеді.<br>**(Ақтиін)**<br>-Қорыққанда жел аяқ,<br>Отырғанда томардай-ақ.<br>**(Қоян)**<br>Сыни ойлау,<br>комуникативтілік дағды,<br>бала үні<br>**1.Ой дамыту.**<br>**Мнемотехника әдісі бойынша** жабайы аңдар туралы түсінік беру.<br>Сұрақ –жауап<br>-Жануарлар нешеге бөлінеді? - Неге жабайы жануарлар дейміз?<br>- Жабайы аңдар қайда өмір сүреді?<br>- Олар тамағын қалай табады, нелері көмектеседі? –Олардың үй жануарларынан айырмашылығы неде?<br>Сөздік жұмыс.айбатты, жыртқыш.<br>Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні.<br>**Ой қозғау.**<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>Балаларды пішіндер арқылы топқа бөлу. | «Сөз ойла, тез ойла» **Шарты:** Балалар «М» дыбысынан басталатын немесе сөз арасында «М» дыбысы бар сөздерді айтады. Айтқан сөздерін буынға бөледі.<br>**ІІІ.Ой дамыту**<br>**Жаңа сабақты меңгерту.**<br>**Педагог жетекшілігмен ойын: «Дәл тауып айт»**<br>Қыздар құлағына тағады — Сырға.<br>Қыздар қолына тағады — Сақина.<br>Уақытты көрсетеді — Сағат.<br>Сиырдан не алынады — Сүт.<br>Сызуға арналған құрал — Сызғыш.<br>Мектепте не оқимыз — Сабақ.<br>Кітаптарды қайда саламыз — Сөмке.<br>Кірді немен жуамыз – Сабын<br>Балалар шайнайды – Сағыз -<br>Балалар осы сөздердің барлығы қандай әріптен басталып тұр?<br>-Дұрыс айтасыңдар, С с.<br>Олай болса біз бүгін С с дыбысы мен әрпімен танысамыз.<br>Мазмұн арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>**1-ші жұмбақты шешу**<br>Түсі суық ызғарлы<br>Аузында айыр тісі бар<br>**(жылан)** | **Шарты:** жоғалып қалған геометриялық фигураларды тауып орналастыру.<br>Саяхатты жалғастыру.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**2-тапсырма: Вируспен күрес**<br>**Педагог жетекшілігмен ойын: «Бір шығыршықпен»**<br>**Шарты:** Пішіндерді бір сипаттамасы арқылы топтастыру.<br>Шығыршықтың ішіне<br>- тек қана дөңгелектерді салыңдар;<br>- енді, тек қана сопақшалар;<br>- тек қана шаршылар;<br>**Сергіту сәті**<br>**«Күн мен түн».**<br>**3-тапсырма:** Құрлымдалған ойын: «Өз үйіне орналастыр»<br>Вирустан геометриялық пішіндер өз үйлеріне жол таба алмай жүр. Осы ойынның нәтижесі дұрыс болған жағдайда біз вирусқа қарсы бағдарламаны ойлап табамыз. Сондықтан да мұқият болыңыздар.<br>- Балалар, жарайсыңдар! Енді мен осы нәтиженің бәрін электрондық пошта арқылы математика патшайымына жіберемін. Егер ол біздің жауаптарымызға риза болса, телефон арқылы хабар жібереді. Тәрбиеші ойыншық компьютер-дің көмегімен ақпараттарды жөнелтеді.<br>(телефон шырылдайды).<br>- Алло! Ия, рахмет! Бәрі де өте жақсы болды. Мен міндетті түрде жеткізем (балаларға | -Табиғат құбылыстарын, ойын түрлерін атау.<br>-Қандай тақпақтар білеміз?<br>-Қалай киінеміз?<br>**Қыс.**<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>**Б)Көктем мезгілі**<br>-Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады? -Несімен ұнайды?<br>-Қандай тақпақтар білеміз?<br>**Көктем.**<br>Көкке бояп өңірді,<br>Көктем келді көңілді.<br>Бау – бақшада орманда,<br>Құстар әні төгілді.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Б) Жаз мезгілі.**<br>-Жаз мезгілін көз алдымызға елестетіп көрейік.<br>-Жазда күн қандай болады?<br>-Қалай киінеміз?<br>-Жеміс- жидектер туралы не айтамыз?<br>-Қандай ойын түрлерін ойнаймыз?<br>**Жарқын жаз.**<br>-Ей жарқын жаз,жарқын жаз<br>Қандай көркем даламыз,<br>Алаңсыз демаламыз<br>Біз бақытты боламыз,<br>Шырқап әнге саламыз.<br>**В) Күз мезгілі.**<br>-Күз мезгілінің ерекшеліктері қандай? | Балалар қозы айтады, менде дос жоқ, жалғыз ойнағым келмейді дейді.<br>Олай болса біз оған дос табуға көмектесейік.<br>Келісесіңдер ме?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Топқа бөлу.**<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>1-топ қозының Ақ түстен қозы мүсіндеу<br>2-топ Қоңыр түстен қозы мүсіндеу.<br>Балалардың жұмысын бақылау.<br>Жеке көмек көрсету.<br>Жанама бақылау, 4К моделі, өнім арқылы саралау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Қошақаны қойдың<br>Қайда қалып қойдың<br>Бұлтиып тұр бүйірің<br>Қай өрістен тойдың?<br>Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»<br>**Галерея шаралау.**<br>Бір бірінің жұмыстарын бағалау.<br>Жасаған жұмыстарын қозыға беру.<br>Қозы қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.<br>Балаларды мадақтау.<br>От шашу әдісі арқылы қорытындылау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **1-топ.Үшбұрыш**<br>Педагог жетекшілігмен ойын: «Бөлігін тап»<br>Суреттегі әр жануарлардың дене бөліктерін таба отырып, оларға сипаттама беру.<br>**2-топ. Төрт бұрыш**<br>Құрлымдалған ойын: «Өз үйіне орналастыр»<br>Араласып кеткен үй жануарларымен, жабайы жануарларды топтау және оларды өз үйлеріне орналастыру.<br>**3-топ. Дөңгелек**<br>Құрлымдалған ойын: «Өз анасын тап»<br>Әр жануардың балаларын өз аналарына қосу.<br>Мазмұн 4К моделі, бала үні.<br>Педагог жетекшілігмен ойын: «Кім тапқыр?»<br>Ең айлакер аң.......(түлкі)<br>Ең қорқақ ........ (қоян)<br>Балды жақсы көретін....(аю)<br>Аң патшасы.......(арыстан)<br>Мысыққа ұқсайтын аң...(жолбарыс)<br>Ең ұзын мойын......(керік)<br>Қораға шабатын аң...(қасқыр)<br>Ең ірі жануар.......(піл)<br>Үстінде тікенегі бар.....(кірпі)<br>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау** | жылан қандай дыбыс шығарады? -С-С-С-С<br>-Олай болса «С с» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? - «С с» дыбысы дауыссыз дыбыс, кедергіге ұшырап барып шығып тұр.<br>Балаларға суреттермен «С с» дыбысы туралы түсінік береді. -Балалар, «С с» дыбысы сөздің барлық буындарында (басында, ортасында, соңында) кездеседі. Мысалы: сүзбе, маса, троллейбус, автобус, Досымжан, Ерсұлтан, Диас, Сая, құс, сауысқан, саусақ,<br>**2-ші жұмбақты шешу.**<br>Тілі бетінде,<br>Сөзі шетінде **(сағат)**<br>Сағат сөзін буынға бөлу.<br>Сағат сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні<br>Қортынды<br>Сұрақ –жауап<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** «Қоян»<br>**Мақсаты:**Жануарлар туралы түсінеді. Жануарларды олардың ерекшеліктерін ескере отырып жапсырады.<br>Ресурстар: Қоян суреті, таратпа материалдар.<br>Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Миға шабуыл.** | қарап). Математика Патшайымы бәріңізге рахмет айтып жатыр. Мен де сендерге ризамын, қай уақытта да қиналғандарға қол ұшын беретіндеріңізге сенімдімін.<br>Мазмұн арқылы саралау,Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні.<br>Енді ұшақпен балабқшаға қайтайық. Кәне орнымыздан тұрып қолымызды жоғары көтерелік, енді алдымызға, енді жанымызға, міне біз ұшып келеміз, ал енді қоналық.<br>Міне қондық.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Сұрақтар ілмегі**<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**3.Музыка**<br>**Тақырыбы: Аңдар айтысы**<br>**Мақсаты:** Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре біледі<br>Ресурстар: Тақырып бойынша суреттер.<br>Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.<br>**ҰОҚ өтілу барысы.**<br>Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген<br>Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден, қисық жолдардан өтіп,<br>орындықтарға орналасады.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» | -Ағаштар да, құстарда не өзгерістер болады?<br>-Қысқа не дайындық жасаймыз?<br>**-Күз туралы тақпақ.**<br>Көрінеді шалғайдан,<br>Бел – белестер сарғайған.<br>Сары жапырақтар төгілген,<br>Тоғайды да көрдім мен<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, комуникативтілік дағды, бала үні.<br>**Қортынды**<br>**12 айға тілек айтып сабақты аяқтау.**<br>Наурыз назды болсын.<br>Сәуір саздыболсын.<br>Мамырмейрімдіболсын,<br>Маусыммағыналыболсын,<br>Шілденіңшырайыкірсін,<br>Тамызтамылжыптұрсын,<br>Қыркүиекқазынажисын,<br>Қазанқаспақтыболсын,<br>Қарашадақаркөпбол,<br>Желтоқсанда жел жоқболсын!<br>Қаңтарқатулыболмасын,<br>Ақпанашулыболмасын.<br>4К моделі, бала үні.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**3.Сурет салу**<br>**Тақырыбы.** Қой<br>**Мақсаты.** Үлгіге сүйене отырып, дайын қойдың үстіне мақтамен жапсыруға үйренеді.<br>Ресурстар: Қой суреті, таратпа материалдар. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***3.Музыка***<br>***Тақырыбы: «Тұлпарым»***<br>***Мақсаты:*** *Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата отырып, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айта алады.*<br>*Ресурстар: АКТ техноло-гиясы, көрнекі құралдар.*<br>***Әдіс-тәсілдер:*** *4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. ой қозғау,*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы:***<br>***Жетекші балаларды көңілді қарсы алады.***<br>*Амандасу жаттығуын айтуды ұсынады, дыбыстарды таза айтуға үйретеді.*<br>***Үнтаспада орындалған М. Жәутиковтың «Сәби күлкісі»***<br>*әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді.*<br>*Бала үні, командамен жұмыс.*<br>***Б.Далденбай өндеген «Хайләйлім» әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады.***<br>*Құлындарым кісінеп, боталарым боздады. Бұзауларым мөңіреп, қойым ерте қоздады.*<br>*-балаларды жайлауға келдік, енді демалайық, -деп,музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады*<br>*«Боталардың желісі»*<br>*Е. Хасанғалиев.*<br>*Шығармасының сипатын түсіндіреді.* | *Пед жет ойын: «Кім жылдам?»*<br>*Жұмбақ жасыру:*<br>*Ұзын құлақты,жылдам аяқты,*<br>*Сәбізді жақсы көретін ол не? (Қоян)*<br>***II. Ой дамыту***<br>***АКТ технологиясы***<br>*«Қоян»*<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*Балалардан қоянның қайда тіршілік ететіні, құлағы неге ұзын екені, қалай секіретіні, неге сұр қоян деп аталғаны жайлы сұрақ қоямын.*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***III.Тосын сәт.***<br>*Топқа қоян келеді: балалармен амандасады.*<br>***Қоян:***<br>*Балалар, мен достарымнан адасып қалдым.Маған көмектесіңдерші.*<br>***Топқа бөлу.***<br>***Оқу ортасы арқылы саралау.***<br>*Өз еркімен топқа бөліну.*<br>***Балалардың өз бетінше жұмысы.***<br>*Балалардың жұмыстарын бақылау Жеке көмек.*<br>***1-топ***<br>*Қыстағы ақ қоянды жапсырады*<br>***2- топ*** *Сұр қоянды жапсырады.*<br>*Өнім арқылы саралу,*<br>*4К моделі, бала үні*<br>***Саусақ жаттығуы.***<br>*Тық-тық, тық-тық,*<br>*Тұр орыннан бас бармақ,* | *Жұмбақ жасыру:*<br>*Халық «қу» деп,*<br>*Қылған күлкі,*<br>*Айласы көп,*<br>*Бұл не? Түлкі*<br>*Жаңғақ жауған орманда*<br>*Күндіз қорек айырып,*<br>*Жатады кеш болғанда*<br>*Өз құйрығын жамылып.*<br>*Үстің толған ине,*<br>*Бірің берсең, шіркін,*<br>*Қадар едім түйме.* ***Кірпі***<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***Ән айту: «Аңдардың айтысы»*** *(Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова).*<br>*Түлкінің әнін үйретіп, қимылдарын көрсету. Келесі топ аю әнін айтып, әнмен бірге қорбандап жүру.*<br>*Тез, шапшан қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп, ән айтқызу.*<br>*Аңдар хорын барлығы түгел айтады.*<br>***Би: «Қасқыр мен қояндар».*** *Өткен сабақта үйренген көрініс биді жалғастыру.*<br>***Ойын: «Аю мен қояндар».*** *Қояндар жеңіл музыка әуенімен көңілді секіріп жүріп, ұйқыдан оянған аюдың музыкасы дыбысында қаша жөнеледі.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Қортынды***<br>*-Бүгін бізде қандай аңдар қонақта болды?*<br>*-Қай аңдардың әнін орындадыңдар?* | *Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы***<br>*Пед жет ойын.*<br>*«Не қалай дыбыстайды?»*<br>*Шарты: Үнтаспадан үй жануарларының дыбыстарын тыңдай отырып, қай жануардың дыбысы екенін ажыратып айырулары керек (үнтаспадан жылқы, түйе, сиыр, қой, ит, мысықтың үндерін тыңдату)*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Бұл ненің суреті?*<br>*Қойдың төлін не дейміз?*<br>*Қойды қалай шақырамыз?*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Ата келеді.*<br>*Балалармен амандасады.*<br>*Ата балалардан көмек сұрайды.*<br>*Қойларын жоғалтып алған.*<br>*Атаға көмектесеміз ба?*<br>***Үлгі көрсету, түсіндіру.***<br>*Қойдың сұлбасын трафарет арқылы бастырып салу.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>*Өнім арқылы саралу, 4К моделі, бала үн.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Қошақаны қойдың,*<br>*Қайда қалып қойдың.*<br>*Бұлтиып тұр бүйірің*<br>*Қай өрістен тойдың.*<br>*Балалардың жұмысын бақылау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *«Еркетайым» әні жылдам, көңілді сипатта орындалады. «Ана әлдиі» асықпай, сабырлы сипатта орындалады.*<br>*Шығарманың үзінділерін тыңдату.*<br>*креативтілік. 4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Ән үйрену: «Тұлпарым» (ұлдар)**биін үрету.*<br>***Кимылды ойын: «кімге қай төл ұнайды?***<br>*Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады. Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп, сол төлдердің дыбысталуын, қимылын әр бала жеке-жеке көрсетеді. орнына тұрады.*<br>*Мазмұн арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау, сыни ойлау.*<br>*Қортынды*<br>*Балалардан қайда барғандарын сұрайды.*<br>*-бүгін қандай ән үйрендік?*<br>*Балаларды мадақтайды, қоштасады*<br><br>***4. Құрастыру***<br>***Тақырыбы:***<br>*Жануарларларға қора жасаймыз*<br>***Мақсаты:** Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре алады.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер* | *Балаң үйрек сен де тұр,*<br>*Ортан терек, сен де тұр,*<br>*Шылдыр шүмек сен де тұр,*<br>*Титтей бөбек қане тұр,*<br>*Саусақтарым, ал жүгір.*<br>*Қоян: Алақай достарымды тауып алдым. Рахмет сендерге. Қоштасады.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»*<br>*Шарты: Балалар жасаған жұмыстарын себетке жинау.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***Қорытынды***<br>*Балалар қонаққа не келді?*<br>*Нені жапсырдық?*<br>*-Қоян бізге риза болды ма?*<br>*Жарайсыңдар балалар!*<br>*мадақтау*<br><br>***4. Орыс тілі***<br>**Тема: Мир животных**<br>**Цель:** продолжать работу по активизации словаря, ввести в словарь детей слова и выражения на русском языке, обозначающие диких животных, отвечать на вопросы,<br>***Организационный момент.***<br>*Педагогпредлагает детям встать в круг и взяться за руки:*<br>*Проснулось солнышко и сладко зевнуло,*<br>*солнышко лучик к тебе протянуло,*<br>*солнышко щечку тебе поласкало,* | *-Орманда өткен сабақ ұнады ма?*<br>*Қорытындылау, бағалау, аңдарды жақсы сомдаған балаларды марапаттау.*<br><br><br>***4. Өзін-өзі тану.***<br>***Тақырыбы: Экологиялық белгілер***<br>***Мақсаты:** Тақырыпты зейін қойып түсініп , мазмұнын түсіне білуге үйренеді, мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша сурететр.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***І. Психологиялық ахуалды қалыптастыру***<br>*Гүл жайнаған даланың,*<br>*Жапырағы солыпты.*<br>*Таңырқадым, қарадым,*<br>*Танымастай болыпты.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту***<br>*Пед жет ойын: «Қолтырауынның баласы нені дұрыс нені дұрыс емес жасады»*<br>*Шарты: сурет бойынша әңгіме құрастыру.*<br>*"Егерде....."*<br>*Егерде су ластанса............*<br>*Егер де ауа ластанса.......*<br>*Егер де күн болмаса не болар еді..............*<br>*Егерде орман өртенсе...............................*<br>*Егерде құстар болмаса..........*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***Сергіту сәті*** | *Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»*<br>*Балалардың жұмысын қорытындылау.*<br>*Ата балалардың жұмысын көріп,мадақтайды.*<br>*Рахмет айты қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды***<br>*Балалар топқа кім келді?*<br>*Атаға не жасап бердік?*<br>*3 шапалақ әдісі арқылы* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Миға шабуыл.***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Алтын сәуле таратты.*<br>*Жарқырайды даламыз,*<br>*Жарқырайды күніміз.*<br>*Қайырлы таң балалар.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Ата келеді.*<br>*Балалардан көмек сұрайды.*<br>*Үй жануарларына қора жасап беруді сұрайды.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Мына суретке қараңдаршы ненің суреті?*<br>*Қора неден жасалған ?*<br>*Қора не үшін керек ?*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>*Пед жет ойын: «Қорада нелер тұрады?»*<br>***Атаға көмектесу.***<br>*Балаларға жануарларға қора(қоршау) қажет екендігін , оны құрастырғыштан құрайтындығын түсіндіру.*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>*Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін өрсету,түсіндіру.*<br>*1-топ кірпіштерден қора жасайды.* | *доброго утра тебе пожелало.*<br>***(К, и)игра «Назови, что это».***<br>*Педагог демонстрирует картинки с изображением грибов, ягод, деревьев.*<br>*Предлагает назвать, что изо- бражено на картинке.*<br><br>***Работа в азбуке-тетради.***<br>***(К, и) задание № 1.***<br>***Рассмотри картинку «Домаш- ние животные».***<br>***Послушай и запомни.***<br>***(К, Ф) Речевая подвижная игра «Мы котята».***<br>*Педагог предлагает детям изобразить котят. он про- износит рифмовку, а малыши выполняют описыва- емые в ней движения. Затем игра повторяется еще раз, и дети по мере возможности повторяют текст вместе с педагогом.*<br>*Мы котята, мы идем, мы идем, мы идем.*<br>*и на ножки мы встаем, мы встаем,*<br>*мы встаем. Лапками мы хлопаем, хлопаем, хлопаем.*<br>*Лапками мы топаем, топаем, топаем.*<br>*Мы виляем хвостиком, хвостиком, хвостиком.*<br>*Нюхаем мы носиком, носиком, носиком.*<br><br>***задание №2. игра «Кто что делает?»*** | *Еркін ұста денеңді,*<br>*Тарсылдатпай еденді*<br>*Орнымыздан тұрып ап*<br>*Жүгірейік бір уақ.*<br>*Бір, екі, үш, бір, екі, үш.*<br>*Аяқты алға созайық*<br>*Тік көтеріп, қозғайық.*<br>*Тым сылбыр да болмайық*<br>*Алға қарай озбайық.*<br>*Бір, екі, үші, бір, екі, үш.*<br>***Ой қозғау***<br>***"Экологиялық белгілер" тиым сөздер***<br>*Құстың ұясын бұзуға болмайды.*<br>*Орманда от жағуға болмайды.*<br>*Суды ластауға болмайды.*<br>*Құстың ұясын бұзуға болмайды.*<br>***4.Құрлымдалған ойын: «Жануарларды қорғау»***<br>*Қисынын тап (Суреттерді құрастыру)*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *2-топ лего ойыншықтарынан қора жасайды.*<br>*Өнім арқылы саралау,креативтілік, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Жүгіреді ,жүгіреді кішкентай бұзаулар ал енді тұрады, қалай дыбыстайды мө,мө,мө*<br>*Жүгіреді ,жүгіреді кішкентай қозылар ,ал енді тұрады қалай дыбыстайды мә,мә,мә*<br>*Жүгіреді ,жүгіреді кішкентай лақтар, ал енді тұрады қалай дыбыстайды бә,бә,бә.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Біздің қоралар»*<br>***Галерея шарлау.***<br>*Балалар бір-бірінің жұмыстарын бас бармақ әдісімен бағалайды.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.*<br>*Ата қуанып,балаларға рахмет айтып қоштасады*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмысын аяқтау.*<br>*.Балаларды мадақтау.* | *Педагог бросает мяч детям, называя животных. дети должны ответить, как животное подает голос, и от- кидывают мяч.*<br>*корова – мычит; дает молоко. овца – блеет; дает шерсть.*<br>*Лошадь – ржет; возит грузы.*<br>***(К, Ф) задание №3. игра «Приведи детенышей к маме».***<br>*соединить линией животного с детенышем.*<br>***Чистоговорка.***<br>*Белые бараны били в барабаны.*<br>***(К, Ф) Пальчиковая гимнастика «Котенок».***<br>*Большим и указательным пальцами «кусаем» ногте- вые фаланги (от указательного пальца к мизинцу и обратно на ударные слоги стиха). После первого дву- стишия – смена рук. кусается сильно котенок-глупыш, он думает: это не палец, а мышь. Но я же играю с тобою, малыш, А будешь кусаться – скажу тебе: «кыш!»*<br>***(и) задание № 4.*** *Продолжи ряд.* | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 20***<br>***Боранды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 19***<br>***Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 17***<br>***Адамдардың қысқы киімін бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 12***<br>***Бұлтты бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 10***<br>***Бақылау: Мұзды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ. (картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу*<br>*Ата-аналарға сауалнама тарату.*<br>*Психолог кеңесі (жеке балаларға) Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.* | | | | |

Тексерілді

***ЦИКЛОГРАММА***
***III апта***

***17.01-21.01.2022ж***
***Мектепалды даярлық сыныбы***

***Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»***
***Тақырыпша. «Құстар-біздің досымыз»***

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгімелесу** | *Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Денсаулығына, тазалығына назар аудару. Ата-анамен баланың үйдегі денсаулығы жайында әңгіме жүргізу.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***Картотека № 25*** *Құрылымдалған ойын: «Дұрыс көрсет, ажырат»* ***Мақсаты:*** *Балалар тағамдар мен ыдыстар туралы түсіне отырып, олардың атауларын атай алады.* *4К моделі, бала үні, жанама бақылау.* | ***Картотека №9*** *Құрылымдалған ойын: «Өзім және отбасым»* ***Мақсаты:*** *Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді* *4К моделі, бала үні, жанама бақылау.* | ***Картотека №7*** *Құрылымдалған ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы»* ***Мақсаты****: балалар әр түрлі мамандықпен тан-ысып, олардың еңбегін құр-меттеуді түсінеді.* *4К моделі, бала үні, жанама бақылау.* | ***Картотека №8*** *Құрылымдалған ойын: «Бұны қай кезде киеді?»* ***Мақсаты****: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы айыра отырып, өз ойларымен айта алады.* *4К моделі, бала үні, жанама бақылау.* | ***Картотека №12*** *Құрылымдалған ойын: Қайсысы қайда тіршілік етеді* ***Мақсаты:*** *Суреттен жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайларын тауып, топтай алады.* *4К моделі, бала үні, жанама бақылау.* |
| | ***Әлеумет саласы картотекасы.*** *(картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* ***Шаттық шеңбері:*** *Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін.* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері** | ***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы: «Қыстан қалатын құстар»*** ***Мақсаты:*** *Құстарды ажыратып, атай біледі.* *Ресурстар: Торғай, қарға, көгершін суреттері.* *Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.* ***I.ҰОҚ өтілу барысы*** | ***1.Денешынықтыру*** ***Мақсаты.*** *Гимнастикалық қабырға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. басқа кішкентай қапшықтарды қойып ,заттарды аттап өте алады.* *Ресурстар: Гимнас қабырға, құм салынған қапшық, таяқшалар.* | ***1.Денешынықтыру.*** ***Мақсаты:*** *Қимыл-қозғалысы белсенділігін артады Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүреді, допты бір-біріне төменнен лақтырып және қағып алады.* | ***1.Сауат ашу негіздері.*** ***Тақырыбы:*** *Ұ ұ дыбысы және әрпі.* ***Мақсаты:*** *Ұ дыбысы және әрпімен танысады, сөзге дыбыстық талдау жасай алады.* *Ресурстар: суреттер, кеспе әріптер, ойыншықтар, буындар, слайд.* | ***2. Денешынықтыру*** ***Мақсаты:*** *Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығу-ларын дұрыс жасай алады.* *Ресурстар: Гимнас орындық, құм салынған қапшық, орамал* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Шаттық шеңбері.***<br>*«Сәлем дейміз бәріне»*<br>*Сәлем деймін достарға,*<br>*Сәлем деймін құстарға,*<br>*Сәлем деймін құрдасқа*<br>*Сәлем деймін ұстазға.*<br>***II. Ой дамыту***<br>***АҚТ технолгиясымен жұмыс.***<br>***Қыстап қалатын құстар туралы түсінік беру.***<br>*Сауысқан - басқа құстардан айырмашылығы құйрығы ұзын, ірі құс. Өте сақ құс*<br>*Қарға - түсі қап - қара, кеудесі сұр болады. Қыста мұндай құсты көп кездестіруге болады.*<br>*Тоқылдақ - үнемі ағашты тұмсығымен шоқып тоқылдап отырады, ағаштың қабығының астына өзіне жем іздейді.*<br>*Сары шымшық - кеудесі сары қара мойынтаққышы бар сияқты, арқасы жасыл, басы қара және екі бетінің ұшы әппақ болады. Ол адамдарға өте жақын жүреді.*<br>*Көгершін - бәрімізге де таныс құс. Адамдар кейде көгершінді үйлерінде, шатырда асырайды.*<br>*Суықторғай - құстың ішіндегі ең әдемі құс. Оның басы, қанаты, құйрығы қара, кеудесі қызыл түстес. Қыстың бірінші қарымен келетін құс. Ол суыққа төзімді құс. Сондықтан да суықторғай деп аталады.* | *Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні*<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.*<br>*Шеңбер бойымен аяқты айқастыра жүгіру .*<br>*Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.*<br>*Қол бүйірде, аяқтың ішімен жүру.*<br>*Қол жанда жиі және кең қадамдарды алмастыра жүру.*<br>*Шеңбер бойымен маршпен жүру .*<br>*1 сапқа тұру. (таяқшаларды үстел үстінен кезекпен алу)*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары /таяқшамен/***<br>***Б.қ.: «Сағаттар»***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ , таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту. / 6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Күш жинау»***<br>***2.****Аяқтар алшақ қойылған, таяқша кеуде тұсында. Таяқшаны жоғары көтеріп-түсіру. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Қайықшы»***<br>***3.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуде тұсына ұстайды. Таяқшаны «ескек» сияқты ұстап, еседі. Таяқшаны жоғары-төмен көтереді. /6 рет қайталау/* | *Ресурстар: Бөрене, доп, жалаушалар*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні*<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.*<br>*Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.*<br>*Қол жанда, өкшемен жүру.*<br>*Ұшақ болып ұшу.*<br>*Шеңбер бойымен еркін жүру.*<br>*1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екіден жалауша алу/*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары.***<br>***/жалаушамен, әуенмен/***<br>***Б.қ.: «Қызыл -жасыл»***<br>***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау. 1- «қызыл» дегенде қызыл жалаушаға мойынды бұрамыз, 2- б.қ. 3- «жасыл» дегенде жасыл жалаушаға мойынды бұрамыз. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Жол бағдарлаушы»***<br>***2.*** *Аяқтары бірге, жалаушалар жанда. 1- оң* | *Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***I. Психологиялық дайындық:***<br>*Сәлем деймін күнге мен,*<br>*Сәлем деймін мен саған.*<br>*Сәлем деймін апайға,*<br>*Қонақтарға мың сәлем.*<br>***II. Өткен ұоқ пысықтау.***<br>*- Қане, балалар біз өткен сабақты қандай дыбыспен таныстық: Ж дыбысымен*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***III. Қызығушылықты ояту.***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>*«Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерінің қонаққа келуі. –Әр кейіпкердің тапсырмасын орындау.*<br>***4.Ой қозғау.***<br>***Бауырсақтың тапсырмасы***<br>*Құрлымддалған ойын: «Ең, алғыр бала»*<br>*Шарты: тапсырманы дұрыс орындасақ, әдемі бір гүлдің бейнесін құрап шыға-сыдар. Гүлдің әр күлтеше-сінің астында суреттер берілген, сол суреттер-дің атауын атап, буынға бөліп күлтешені өз орнына орналастырасыңдар. Беріл-ген тапсырманы дұрыс, әрі қатесіз орындасаңдар гүлдің бейнесін құрайсыңдар.*<br>*4К моделі, бала үні*<br>***Пед жет ойын. «Әріптер сөйлейді»***<br>***Ойынның шарты:*** *Бала өз әрпіне сөз ойлап айтады.* | *Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні*<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.*<br>*Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.*<br>*Қол жанда, өкшемен жүру.*<br>*қолдарымен ұстап, отырып тұрып шеңбер бойымен жүру*<br>*Шеңбер бойымен еркін жүру.*<br>*1 сапқа тұру.*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру. / қатарға тұрарда себеттен бір орамалдан алу/*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар: /орамалмен/***<br>***Б. қ: «Мазақтау»***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған , орамал қолда. Басты оң жақ, сол жақ иыққа қою. «А-я-я-я-й» сөзін айту. /6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Маятник»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған , орамал белде.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мазмұн арқылы саралау,<br>Блум таксономиясы.<br>**III. Ғажайып сәт.**<br>**Қызықты қорапша.**<br>Қорапшадан әр түрлі қалташа шығу, әр қалташадағы тапсырманы орындау.<br>Қалташа арқылы балаларды топқа бөлу<br>**1-топ Сары қалташа**<br>**Педагог жетекшілігмен ойын: «Кім тапқыр»**<br>**Сұрақтар:**<br>-Құстардың ортақ қасиетін ата. (қанаты, ұшады, шоқиды, тұмсығы)<br>-Құстардың бір –бірінен айырмашылығы неде? (әр түрлі дауыстайды)<br>- Құстардың қандай пайдасы бар?(ағаштарды зиянкестерден қорғайды.<br>Сыни ойлау, комуникативтілік дағды.бала үні.<br>**2-топ қызыл қалташа**<br>Қыстайтын құстарды ата?<br>**Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Шарты: Білетін құстарды ату.<br>Сұрақ-жауап.<br>Оларға қандай қамқорлық жасау керек?<br>-Неліктен оларға қыста тамақ тауып жеу қиын болады?Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні<br>**Сергіту жаттығуы.**<br>Орнымыздан тұрайық<br>Қолымызды созайық, | **Б.қ.: ««Атлет»**<br>**4.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуде тұсына ұстайды, 1- отырады, арқаны түзу ұстап, екі қолмен таяқшаны алға қарай көтереді, 2- тұрып қолды төмен түсіреді. 3- б.қ. (6 рет қайталау)<br>**Б.қ.: «Өрмелеу»**<br>**5.** Аяқтарын алшық қою, таяқша жанында тік ұстайды. 1- 4 отырып қолдарын кезектестіріп таяқшаның басына дейін көтеріледі. 5- б.қ. /6 рет қайталау./<br>**Б.қ.: «Құтқарушы таяқшасы»**<br>**6.** Аяқтарын алшық қою, таяқша жанында жерде. 1 - екі қолмен таяқшаны ұстап, 2-3 серіппелі қимылмен отырып - тұру. 4- б.қ. (6 рет қайталау)<br>**Б.қ.: ««Бұғы»**<br>**7.** Аяқтарын түзу ұстайды. Таяқшаны желкеге қойып, екі аяққа кезекпен құлай жүгіру . (15-20 секунд)<br>**Қорытынды:**<br>4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру.<br><br>таяқшаларды үстел үстіне қою бір саппен шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>«Жұпар гүл» - мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:** | қолдың шынтағын сол жаққа, 2- оң қолдың шынтағын алдыға сәл бүгу. 3- б.қ. 4- 5 сол жақ қа да қайталанады.<br>/6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Шаңғышы»**<br>**3.** Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Шаңғышының жүрісін салу.<br>/6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Барабан»**<br>**4.** Аяқтарын алшық қою, жалаушалар екі қолда. Бір орында жүру. Қолдары кеуде тұсында, жалаушамен «барабанды» кезек соғу. /6 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Жұлдызша»**<br>**5.** Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және жалаушаны белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Отыр-тұр»**<br>**6**. Аяқтарын біріктіреді. Жалауша белде. 1- жалаушаны алдыға созады, 2- отырады. 3- б.қ. (6 рет қайталау.)<br>**Б.қ.: «Көңілді жалауша»**<br>**7.** Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар белде; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру. | **5. Мағынаны тану.**<br>**Жаңа тақырып: Жұмбақ**<br>Ұя, ұлу, ұшақтың<br>Басын бастап беремін.<br>Құс, жұмыртқа, бұтақтың,<br>Ортасында келемін. **(Ұя)**<br>**«Ұұ дыбысы мен әрпі»**<br>- Ээлектронды оқулықтан берілетін бейне сюжетті қарау..<br>- Міне, балалар сендер Ү дыбысы туралы тамаша бір бейне сюжетке куә болдың-дар. – Сонымен балалар, Ү дыбысы қандай дыбыс екен? дауысты дыбыс<br>Ү дыбысына байланысты тапсырмаларды орындау.<br>Сыни ойлау, комуникатив-тілік дағды,бала үні<br>**Пед жет ойын. «Орамал тастамақ»**<br>Орамалды алған бала Ү дыбысы бар сөз айтады, ал келесі бала ол сөзден сөйлем құрайды.<br>**5.1.Қоянның тапсырмасы.**<br>Құрлымдалған ойын: «Қай дыбыстан басталады?»<br>Бұл ойынның шарты берілген суреттерге қарай отырып, әріптер арқылы суретті сызу.<br><br><br>Сыни ойлау, командада жұмыс.<br><br>**5.2. Аюдың тапсырмасы** | 1- тік тұрып қолды алға, 2- екі жаққа, 3- жоғары көтеру, 4-6 кезекпен түсіреді. / 6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: « Қаздар»**<br>**3.** Денені тік ұстау. Орамал қолда. Қолды тізеге ұстап отырып жүру. /5 р қайталау./<br>**Б.қ.: «Биші орамал»**<br>**4.** Аяқтарын алшақ қою, қолдағы орамалды әр жаққа қозғап қимыл жасау./15-20 сек/<br>**Б. қ.: «Теңіз толқыны»**<br>**5**. Аяқтарын алшақ қою, орамал төменде. Орамалды желпу, «Теңіз толқиды бір, теңіз толқиды екі» деп айтады, «Буырқанады, буырқанады» - орамалды тез желпу. «Сосын тына қалады» - жиырылып отыра қалу /6 р ./<br>**Б.қ.: «Бала қораз»**<br>**6.** Аяқтарын алшық қою, орамалды алдыға созу. Тізені шапалақтай орнында жүгіру (15-20 секунд)<br>**Б.қ.: «Балапан»**<br>**7.** Денені тік ұстап тұру. Дабыл бойынша орамалды айнала аяқ ұшымен жүгіру. (15-20 секунд)<br>**Қорытынды:**<br>4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру.<br>/орамалды себетке салу/ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Құсқа ұя жасайық*<br>*Алдына жем шашайық.*<br>*Орнымыздан тұрайық*<br>*Қане, қанат қағайық.*<br>***3- топ Жасыл қалташа***<br>***Құс туралы тиым сөз айт?***<br>*-Құстардың ұясын бұзба.*<br>*-Құсты атпа, өлтіруге болмайды.*<br>*-Құстың жұмыртқасын жарма.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***Сылдырмақ үні .***<br>*Балаларды шеңберге шақыру.*<br>***Қортынды***<br>***«Құстарға қамқорлық» тақпақты бірге айту.***<br>*Жылы жаққа ұшпайтын,*<br>*Біздің жақта қыстайтын*<br>*Құстар жүрсе жуықта*<br>*Жем шашуды ұмытпа.*<br>*Сұрақ-жауап. Бала үні.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***1. Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *Құстың ұясы*<br>***Мақсаты:*** *Құстар және олардың түрлерімен таныса отырып, өз ойларын айта алады.*<br>*Ресурстар: Құстың ұясы, геометриялық пішіндер.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Үнтаспадан құстардың дыбысын тыңдату.* | *1. Гимнастикалық қабырға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу.*<br>*2. Басқа кішкентай қапшықтарды қойып, заттарды аттап өту.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қимылды ойын:***<br>***Айдаһардың құйрығы»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға,үйрету.*<br>*Сыни ойлау, командамаен жұмыс.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2.Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: Ж ж дыбысы және әрпі***<br>***Мақсаты:*** *Ж дыбысының айтылу артикуляциясымен танысады.Басқа дыбыстардың ішінен айыра біледі, үйренеді*<br>*Ресурстар: Кеспе әріптер , дид материалдар.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілуибарысы:***<br>***I. Психологиялық дайындық***<br>*«Қайырлы күн» деп айтамыз,*<br>*Түсте бірге қайтамыз.*<br>*Отбасының гүлі міз,*<br>*Көңілді өтер күніміз.*<br>***II. Өткен ұоқ пысықтау.***<br>***Сұрақ -жауап***<br>***III. Қызығушылықты ояту***<br>*үнтаспадан араның дыбысталуын тыңдату.*<br>*Ненің дыбысын естідіңдер?* | ***Қорытынды:***<br>*4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру.жалаушаларды себетке салу/ бір саппен шеңбер бойы жүру.*<br>*Маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*Шар үрлеу мұрынмен дем алып,ауыздан демді шығару.*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1 Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру.*<br>*2.Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қимылды ойын: «Аңшы»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды шапшаңдыққа, ұйым-шылдыққа үйрету.*<br>*Сыни ойлау, командамаен жұмыс.*<br>***Қортынды.***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***2. Математика негіздері.***<br>***Тақырыбы:****Уақытты бағдарлау.(апта күндері, ай аттары)*<br>***Мақсаты:*** *10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттығады.*<br>*Уақытты бағдарлауды* | *Сергіту сәтін жасаңдар.*<br>***5.3. Қасқырдың тапсырмасы***<br>***Құрлымдалған ойын: «Балықшы»***<br>***Шарты:*** *балалар аквариумнен магниттік кубиктерді қармақпен аулап алады да кубиктегі қандай әріп қандай дыбыс екенін тауып, сол әріпке сөйлем құрап әңгімелеу қажет.*<br>*Сыни ойлау, комуникативтілік дағды.*<br>***5.4. Ой толғаныс.***<br>***Түлкінің тапсырмасы:***<br>***Ой толғаныс.***<br>***Пед жет ойын: «Сөз ойла,тез ойла»***<br>*Сөздерді пайдаланып сөйлем құрастыру, дыбыстық талдау жасау.*<br>*Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.*<br>***IV. Қорытынды****. Сұрақ-жауап әдісімен:*<br>*Біз бүгін қандай дыбыспен таныстық?*<br>*Ұ дыбысы қандай дыбыс екен?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2.Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *Орман дәрігері.Ертегі.*<br>***Мақсаты:*** *Балалар ертегі желісін түсіне отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсінеді.*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.***<br>***І.Шаттық шеңбері.*** | *шеңбер бойы жүру.*<br>*Маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Ботқа пысты» - мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. (пыых- пыых)*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*4К моделі, бала үні, тікелей бақылау.*<br>***Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.***<br>*1.3м арақашықтықтан нысанаға қапшықты қолмен оң және сол иықтан лақтыру. ·*<br>*2.Арқасына қапшық қойып, гимнастикалық орындық үстімен еңбектеу.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қимылды ойын: «Жаяу көкпар»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды шапшандыққа үйрету,өзара достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.*<br>***Қортынды:***<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Мүсіндеу***<br>***Тақырыбы:***<br>*Құстарды мүсіндеу*<br>***Мақсаты:***<br>*Ермексаздан құстардың дене құрылысын бөлшек-теп(сопақша,цилиндр),* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар, бұл ненің даусы деп ойлайсыңдар?<br>Құстың даусы<br>Қандай құстарды білесіңдер?<br>Құстар қайда мекендейді?<br>Ұяда.<br>Комуникативтілік дағды, бала үні, сыни ойлау.<br>**Пед жет ойын:**<br>**«Құстарды ата»**<br>Шарты: Суретбойынша құстарды атау.<br>**Ой қозғау.**<br>**«Құстың ұясы» әңгіме оқып беру, түсіндіру.**<br>Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақ қою<br>Балалар ойнап жүріп нені көрді?<br>Ұяда не бар екен?<br>Балалар не істеді?<br>Балалапанды үйіне алып келгеннен кейін не болды?<br>Әкесінің сөзінен кейін балалар қайтті?<br>Балалардың жасағаны дұрыс па?<br>Балалар не істеу керек еді?<br>Мазмұн арқылы саралау.4К моделі, бала үні, жетелеуші сұраұтармен бақылау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар , тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай иіліп,<br>Солға қарай иіліп<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>**Топқа бөлу.**<br>Оқу ортасы арқылы саралау. | Ал , балалар, ара сияқты дыбыстайықшы . – Ж Ж Ж<br>Олай болса, бүгінгі танысатын жаңа дыбысымыз Ж ж дыбысы мен әрпі. Ж дыбысын бәріміз хормен айтайық.<br>Созып айтуға келе ме? (жоқ)<br>Ендеше бұл қандай дыбыс? (дауыссыз)<br>Ж дыбысының баспа және жазбаша түрімен танысайық!<br>Блум таксономиясы, 4К моделі.<br>**ІІІ. Ой дамыту.**<br>Балалар таяқшалардан Ж әрпін құрастырады.<br>Ж ж дыбысының таңбасы қандай жәндіккке ұқсайды?<br>( көбелекке)<br>« Көбелектер неге гүлге қонады?»<br>Сыни ойлау, креативтілік дағды<br>**IV. Ой қозғау.**<br>«Үш көбелек» ертегісін түсіндіру.<br>Ертегі барысында көбелектер әр түрлі кедергілерге ұшырайды. Сол кедергілерден өту үшін әр түрлі тапсырмаларды орындау қажет..<br>**Лала гүлі Слайд**<br>**Педагог жетекшілігмен ойын:**<br>**«Мені тауып көр»**<br>Шарты: суреттегі заттардың атауларын атап, ж дыбысынан басталатын және ж дыбысы ортасында, аяғында кездесетін заттарды атайды.<br>Бұл тапсырмадан ж дыбысының сөз басында , | апта күндері, ай аттарын айта алады.<br>Ресурстар: Акт уақытты бағдарлау, дәптер,1-7 дейін сандар хат,<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.<br>**І.ҰОҚ өтілуибарысы:**<br>-Қазір жылдың қай мерзімі?<br>- Қандай ай?<br>- Бүгін аптаның қай күні?<br>**ІІ.Ғажайып сәт.**<br>Білім ханшайымынан хат келеді.<br>Хат мазмұнын оқып беру.<br>-Балалар сіздер білім ханшайымның хатта жазған тапсырмаларын орындай аласыздар ма?<br>Сыни ойлау, бала үні<br>**ІІІ.Ой қозғау.**<br>**1 - тапсырма.**<br>**Миға шабуыл**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>Жұмбақ жасыру<br>**«Бұл қай кезде болады»**<br>Ұйқымыздан тұрамыз<br>Беті-қолды жуамыз<br>Әкемізге ереміз,<br>Бақшамызға келеміз<br>Бұл қай кез болады балалар? **(таңертең)**<br>Сабақ оқып, ойын ойнап,<br>Серуендеп қайтамын<br>Тамағымды ішіп<br>Түсте ұйықтап жатамын.<br>**(Күндіз)**<br>Біз тәртіпті баламыз<br>Сабақты да оқимыз | **«Кел,балалар күлейік»**<br>**Ө.Тұрманжанов.**<br>Кел,балалар күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек.<br>Көңілді болып жүрейік!<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту.**<br>Пед жет ойын:<br>«Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Табиғаттың сәні,<br>Таза ауаның нәрі.<br>Көрік берген далама, Білер оны бар бала.<br>**(Ағаштар)**<br>**Сұрақ – жауап.**<br>**1. Ой қозғау.**<br>Ағаштар және орман туралы түсінік беру.<br>- Сұрақ – жауап.<br>-Қазір қандай мезгіл?<br>-Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр?<br>-Ағаштар бізге не үшін қажет?<br>-Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді?<br>-Неге ну орман дейміз?<br>**Өнім арқылы саралау**<br>**Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау**<br>**2. Ой дамыту.**<br>-Ертегіні мәнерлеп оқу.<br>-Ертегі желісін түсіндіру.<br>-Терек қандай ағаш?<br>-Неліктен ауырды?<br>-Оның зарлы даусын қай құс бірінші естіді?<br>-Құстардың аттарын дұрыс айтып түсіндіру.<br>**4 к моделі, бала үні**<br>**Мазмұн арқылы саралау**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Елестейді, ну орман, зарлы, құлпырады.<br>Сергіту сәті. | көлемдеуді біледі. Құстар туралы айта алады.<br>**Ресурстар:** Ермексаз, кескіш пышақша, төсеніш,қол сүрткіш.<br>**Әдіс-тәсілдері:** 4К моделі, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Ертегі оқу.**<br>**«Аққу мен үйрек»**<br>Ертеде бір үйрек көлге барыпты. Барса су бетін-де бір бейтаныс құс жүзіп жүріпті. Бұрын көрмеген құстың ұзын мойнына қарап, үйрек қатты таңырқайды. Сосын оған жақындап барып:<br>- Сәлем , достым! –дейді.<br>- Сәлем! –дейді бейтаныс құс.<br>-Сен қандай құссың дейді?<br>-Мен аққумын.<br>-Сен де суда жүзе аласың ба?<br>-Иә, жүзем.Қорегімді судан айырам.<br>-Сенің мойның жіп-жіңішке екен.Денеңе мүлдем жараспай тұр.Мойын мына менікіндей болу керек қой, жуан діңгектей,-дейді үйрек мақтанып . Аққу болса , үйректің бұл қылығына жымиып күледі де,үндемей жүзе береді. Бір кезде үйрек:<br>-Аққу қарашы,мен суда қалай жүземін,-деп, масаттана жүзіп бара жатқанда,қамыс арасынан бір аңшы шыға келіп,мылтығын кезейді.Мұны көрген аққу бар екпінімен аңшыға қарай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *1- ші топ геометриялық пішіндер арқылы құстарға ұя жапсырады.*<br>*2-ші топ қиылған бөлшектер-ден белгілі бір құстың суретін құрастырады.*<br>*Өнім арқылы саралау, креаивтілік, командада жұмыс,сыни ойлау, жанама бақылау.*<br>*2 топқа жұлдызша беру.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Құсты ұясына қондыр»*<br>*Шарты. Балалар жасаған құсты ұяға қондыру.*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.*<br>*Бүгін біз не туралы айттық?*<br>*Құстарға қалай қамқорлық жасаймыз?*<br>*Құстардың қандай пайдасы бар? Бала үні*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Музыка***<br>***Тақырыбы. Құстар дауысы***<br>***Мақсаты:*** *Құстар тіршілігі туралы мағлұмат біледі. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырата алады.*<br>***Жетекші балаларды «Амандасу жаттығуын»*** *айтып қарсы алады.*<br>*Көңілді әуен ырғағымен жұптасып жүруді үйретеді. Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа* | *ортасында, аяғында келетіндігін түсіндіру.*<br>*Блум*<br>***Қызыл қызғалдақ .***<br>***Педагог жетекшілігмен ойын: «Қай буын артық?» слайд***<br>*Шарты: тапсырмада бірнеше буындар беріледі. Сол буындардан сөз құрайды. Артық буынды айтады. Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.*<br>*- жы - нал - лан - дыз -жұл -зыл*<br>***Сары раушан.***<br>*Құрлымдалған ойын: «Гүл құрастыру»*<br>*Шарты: Берілген суреттерден гүлдерді құрастырып,сол суреттегі заттың атын атап, сөйлем құрастыруы керек. Әр сөйлемде неше сөз барын анықтау.*<br>***Күн. П/Ж ойын:« Кім тапқыр?» ойыны.***<br>***Жұмбақтар шешу слайд***<br>*Күндіз бәрі қашады, Түнде аспанды басады.**(жұлдыз)***<br>*Ішіне тамақ салынған, Есігі тастай жабылған.**(жұмыртқа)***<br>*Жерден шығар көгеріп, Беліне қылыш байланып.**(жүгері)***<br>***Релаксация. Музыкамен Ой түйін***<br>*Күн жылуын беріп көбелектердің қанаттарын кептіреді. Қуанған көбелектер гүлден гүлге ұшып-қонып билейді. Бұл ертегіден* | *Серуенге шығамыз, қыдырамыз*<br>*Бұл қай кез? **(Түс)***<br>*Ұйқыдан тұрып,беті-қолды жуып Төсекті жинап тазалықты сақтап,Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын*<br>*Бұл қай кез? **(Бесін)***<br>*· Күн батады қызарып, Мамамызды күтеміз*<br>*Бұл қай кез? **(Кеш)***<br>*Үйге келіп кино көріп Ойыншықтарды жинастырып Беті-қолды жуып, тісімді тазартып Ұйықтауға жатамын*<br>*Бұл қай кез? **(Түн)***<br>*Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні.*<br>***Ой дамыту. АКТ көрсету. Балаларға уақыт туралы түсінік беру.***<br>***2 - тапсырма.*** *« Аптада неше күн бар?»*<br>*1-7 дейін сандар*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Таңертең – оянамыз, жуынамыз, Тісімізді тазалаймыз, шашымызды тараймыз. Күндіз – ойнаймыз секіреміз. Кешке – Балабақшадан ораламыз, теледидар көреміз, жуынамыз. Түнде - ұйықтаймыз.*<br>***3-тапсырма:*** | *«Қазым, қазым қаңқылда»*<br>***3. Миға шабуыл.***<br>*-Ертегі желісінен сұрақ – жауап.*<br>***Қортынды***<br>***Пед жетек ойын: «Қызықты викторина»***<br>*Басында тарағы бар ,бірақ шашыңды тарай алмайсың . (Әтеш)*<br>*Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? (Қарлығаш)*<br>*Қай құс өзінің атын қайталайды? (көкек)*<br>*Қандай құс хат тасушы атанған?(көгершін)*<br>*Қай құста мүлде ұя болмайды? (көкек)*<br>*Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады? (Бүркіт)*<br>*Құстың негізгі мекені? (Ұя)*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Сурет салу.***<br>***Тақырыбы:*** *«Суық торғай»*<br>***Мақсаты:*** *Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіне отырып, трафарет көмегімен қағаз бетіне торғайды ұқыпты салады.*<br>*Ресурстар: түрлі түсті карандаштар. үлгі*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***І.Шаттық шеңбер***<br>*Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүймейміз, Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан.*<br>***ІІ. Ой дамыту. АКТ технолгиясымен жұмыс.*** | *ұша жөнеледі. Аққудың өзіне қарай ұшып келе жатқанын көрген аңшы не істерін білмей тұрғанда,аққу оның мылтығын қанатымен қағып,суға түсіріп жібереді. Аспанға көтерілген ол бір айналаып,қайта келіп көлге қонады. Амалы құрыған аңшы судан мылтығын алып, кетіп қалады.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні.*<br>*-Әрқайсысымыз бұл құстарды өзімізше елестетіп, қазір сендермен бірге оны ермексаздан жасап көрейік .*<br>***Өзіндік жұмыс.***<br>***2.Кесте бойынша құстардың дене бөлшектерін көрсету.***<br>*1) денесі (үлкен сопақша)*<br>*2) мойны (цилиндр)*<br>*3) басы (кіші шар)*<br>*4) тұмсығы (конус)*<br>*5) қанаты (жайылған сопақша)*<br>*Бөлшектер домалақтау әдісімен жасалады. Дене бөлшектерін бір-біріне бекітіп,саусағымызбен жағып жазамыз.*<br>*Балаларды топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>*1-топ. Аққуды мүсіндеу*<br><br>*2-топ Үйректі мүсіндеу* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді.<br>**Ән үйрену: Ән тыңдау: «Торғай ағаш қорғайды» Қ.Қайым**<br>**Мазмұн арқылы саралу, ,** 4К моделі, бала үні, жанама бақылау.<br>**Пед жет ойын: «қандай дауыс?»**<br>Шарты: Текшеде мысық пен мысықайдын суреті болады, мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке-жуан дыбыстарын тауып, ажырата білулері керек.<br>**Қортынды**<br>Қандай құстардың даусн тыңдадық?<br>-құстар даусы қандай?<br>-балапанының даусы қандай?<br>Балаларды мақтайды, қоштасады.<br><br>4. **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** «Құстар біздің досымыз»<br>**Мақсаты:** Құстар тіршілігі туралы түсіне отырып, құстарға қамқорлық жасаудың жолдарын айта алады.<br>Ресурстар: Құстың ұясы, геометриялық пішіндер.<br>Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Шаттық шеңбер** | көбелектердің айырылмас достығын көрдік.<br>Достық тақырыбында қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?<br>1.Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды.<br>2.Досыңа өтірік айтпа.<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні.<br>**V Қорытындылау.**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>1. **Жапсыру.**<br>**Тақырыбы: «Балапан»**<br>**Мақсаты:** Балалар балапанның түсін, дене құрлысын түсінеді. Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра алады.<br>Ресурстар: Балапан суреті, тақырып бойынша материалдар.<br>Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.<br>**І.ҰОҚ өтілу барысы**<br>Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын күн келді.<br>Күліп шықты күн бүгін,<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту.**<br>Шықырлаған дауыс естіледі.<br>-Үлкен жұмыртқаның ішінен балапан шығады.<br>**ІІІ.Ой қозғау**<br>-Балалар бұл не екен?<br>-Балапан қандай құс?<br>-Балапанның мамығы жұмсақ па әлде қатты ма?<br>-Ол қайда өмір сүреді? | Құрлымдалған ойын: «Суреттер сөйлейді»<br>Шарты: Суреттерді құрастыру арқылы суреттегі сұрақтарға жауап беру.<br>-Жылдың қай мезгілі?<br>-Тәуліктің қандай бөлігі?<br>-Бір қолымызда неше саусақ бар?<br>-Аспанда қанша күн бар?<br>-Иттің неше көзі бар?<br>Аспанда қанша жұлдыз бар?<br>4К моделі, бала үні.<br>**4 - тапсырма.**<br>**Санамақтар айту.**<br>Бір - дегенім бесік,<br>Шықтық содан өсіп.<br>Екі – дегенім елім,<br>Далам, тауым, көгім.<br>Үш – дегенім үміт,<br>Үміт артар жігіт.<br>Төрт – дегенім төзім,<br>Төзе білем өзім.<br>Бес – дегенім бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br>Сыни ойлау, комуникативтілік дағды.<br>**4.Қортындылау.**<br>-Балалар кімнен хат келді?<br>Балалар сендер тапсырманы жақсы орындадыңдар.<br>Енді білім ханшайымына хат жазайық.<br>Балалардың жауаптары.<br>Хатты Білім ханшайымына беріп жіберу.<br>**Балаларды мадақтау.** | Қыстап қалатын құстардың суретін көру.<br>Әр құсқа тоқталып қысқаша сипаттама беру.<br>Сауысқан, қарға, тоқылдақ, сарышымшық, көгершін, суықторғай.<br>Блум таксономиясы, мазмұн арқылы саралау.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Суықторғайдың даусын естірту.<br>Біздің топқа суықторғай ұшып келіпті. Ол достарынан адасып қалыпты және жемі таусылып қалыпты.<br>Суықторғай - құстың ішіндегі ең әдемі құс. Оның басы, қанаты, құйрығы қара, кеудесі қызыл түстес. Қыстың бірінші қарымен келетін құс. Ол суыққа төзімді құс. Сондықтан да суықторғай деп аталады.<br>Суықторғайдың сүйікті тамағы шетен жемісі.<br>Құрлымдалған ойын: «Құстарды тамақтандырамыз»<br>**Суық торғайға көмек**<br>Дәстүрден тыс трафаретпен сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.<br>Балалардың өз бетінше жұмысы.<br>Өнім арқылы саралау, Сыни ойлау, бала үні креатив-тілік дағды, жанама бақылау. | <br>«Қауіпсіздік ережелерін» ермексаз-бен, пышақшамен жұмыс істегенде еске түсірейік.<br>креативтілік, бала үні, өнім арқылы саралау<br>**Ү. Жұмыстарды талдау, көрме ұйымдастыру.**<br>**Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»**<br>**Шарты:** Балалар өздерінің жұмыстарын бір-бірімен саралап баға береді. Жақсы қатысқан балаларды мадақтау.<br>**Қорытындылау.**<br>- Сендерге ертегі ұнады ма?<br>-Құстардың қандай пайдасын білесіңдер?<br>-Бүгінгі сабақта не үйрендік, не білдік? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Арайлап таң атты,*<br>*Алтын сәуле таратты.*<br>*Жарқырайды күніміз,*<br>*Жайнай түсті гүліміз.*<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Қыс мезгілінде неше ай бар?*<br>***Миға шабул***<br>***Пед жет ойын:***<br>***«Кім тапқыр?»***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Барлық жемін бітеудей асайды,*<br>*Әйтсе де ұзақ жасайды.*<br>*Бұл нелер? (Құстар)*<br>***Ой дамыту.***<br>*Мнемотехника әдісімен құстар жайлы әңгімелету*<br>*Сыни ойлау, комуникатив-тілдік дағды, бала үні*<br>***Ой қозғау.***<br>***АКТ технологиясы. Слайд.***<br>*Қыстап қалатын құстар: торғай, сауысқан, көгершін,қарға туралы түсінік беру.*<br>*Мазмұн арқылы саралу, Блум таксономиясы, сыни ойлау*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>*Балалар суреттерді алып топтарға бөлінеді.*<br>*1-топ: Қарлығаш*<br>*2- топ: Аққу*<br>*3-топ : Бұлбұл*<br>*Әр топқа құстар туралы сұрақтар қою.*<br>***1-топқа*** *Қандай құстарды білесіңдер?*<br>*Қыстап қалатын құстарды білесіңдер ма?* | *-Кәне балалар балапанмен амандасайықшы?*<br>*-Сәлеметсің бе, балапан!*<br>*-Балапан сен қайдан жүрсің?*<br>*Мен өзімнің бауырларымнан адасып, ұйықтап қалыппын.*<br>*Енді бауырларымды іздеп табуым керек.*<br>*-Сендер маған көмектесесіңдер ме?*<br>*-Жарайды балапан, онда сенің бауырларыңды мына жақтан тауып көрейік.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.*<br>***4. Үлгіні талдау.***<br>***Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету түсіндіру.***<br>*Педагог жетекшілігмен ойын: «Бөліктерін ата»*<br>*Шарты: Балапанның дене бөліктерін ата*<br>*Альбом бетіндегі дайын бейненің үстіне балапанның барлық бөлшектерін жапсыруға дайындау. Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра білу*<br>*-Бірінші-денесін жапсыру.*<br>*-Екінші-басын жапсырту.*<br>*-Үшінші-қанаттарын жапсыру.*<br>*-Ең соңында көздерін,тұмсығын, аяқтарын жапсыру*<br>*-Балапан дайын болды*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креативтілік дағды, жаппай бақылау.* | ***3.Музыка***<br>***Тақырыбы: «Біз өмірдің гүліміз» Ә. Дүйсенбиев***<br>***Мақсаты:*** *Музыкалық шығарманың сипатын ажыра алады. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасауды біледі.*<br>***Ресурстар:*** *Дидактикалық материалдар*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К ,* *командада жұмыс, бала үні, бақылау*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы***<br>*Балаларды «Күн шуағы» атты шаттық шеңберге тұрғызады.*<br>*Күлімде күн күлімде*<br>*Бүлдіршіндер қуансын*<br>*Жарқырап күнде ашылды*<br>*Айналаға нұр шашылды*<br>*Қайырлы күн, біз –көңілді баламыз!*<br>*Қайырлы күн, біз сүйкімді баламыз!*<br>*Балалар шаттық шеңберіне тұрады, өлең шумақтарын қайталайды.*<br>***Әуенді –қимылды ойын:***<br>***«Тату достар»****.*<br>*Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.*<br>*-Кімнің қандай өнері бар?*<br>*-Кім билегенді ұнатады?*<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>***Ән айту:*** *«Су – өмірдің өзегі» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова).*<br>*Әнді педагог орындап болған соң, әннің мазмұнын сұрау, су* | ***Құрлымдалған ойын:***<br>***«Біздің көрме»***<br>*Шарты: Салған суреттерін тақтаға ілу , бір-бірін бағалау.*<br>***Қорытынды.***<br>*3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.*<br><br>***3.Музыка***<br>***Педагог жоспары бойынша*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***2-топқа*** *Құстардың қандай пайдасы бар?*<br>*Жыл құстары жайлы не айта аласыңдар?*<br>***3-топқа*** *Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар?*<br>*Қыста адамдар құстарға қандай көмек көрсетеді?*<br>*Өнім арқылы саралу, 4К моделі бала үні.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***«Топтастыру стратегниясы***<br>***Құрлымдалған ойын: «Топтастыр»***<br>***Шарты:****Қыстап қалатын құстар, жыл құстарын топтастыру.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Карлығаш бол ұшайық,*<br>*Торғай болып қонайық,*<br>*Сауысқан бол секіріп,*<br>*Бүркіт болып самғайық.*<br>*Қане қанат жазайық*<br>*Ұшып-ұшып алайық,*<br>*Орнымызға қонайық.*<br>***Пед жет ойын:*** *«Құстар қалай дауыстайды?»*<br>***Шарты: әр құстың дыбысын айыра білу.***<br>*Қарға------ қарқылдайды*<br>*Сауысқан----- шақылдайды*<br>*Тоқылдақ --------тоқылдайды*<br>*Бұлбұл – сайрайды*<br>*Қаз – қаңқылдайды.*<br>*Торғай – шиқылдайды.*<br>*Көкек – көкектейді.*<br>*Өнім арқылы саралау,4К моделі*<br>***Қорытынды.***<br>***Сұрақтар ілмегі әдісі.*** | ***Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»***<br>*Шарты: Жұмыртқадан шыққан балапанмен бірге бәрін тақтаға ілу.*<br>*Балалардың жұмысына баға беру.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***4. Орыс тілі***<br>***Тема:*** *Птицы – наши друзья*<br>***Цель:*** *продолжать обогащать словарь детей согласно лексической теме- учить называть птиц на русском языке,*<br>***Организационный момент.***<br>***Аудиозапись «Голоса птиц».***<br>*что вы услышали?*<br>*Это голоса птиц. и сегодня мы узнаем о жизни птиц.*<br>*Педагог обращает внимание на разнообразие птиц на картинке.*<br>*Посмотрите, сколько птиц прилетело к нам в гости.внима-тельно рассмотрим их и изучим.*<br>***Работа в азбуке-тетради***<br>***задание №1. Рассмотри картинку «Домашние птицы». Послушай и повтори.***<br>*дети рассматривают иллюстрацию. Запоминают, каких птиц называют домашними.*<br>***игра «Кто как голос подает?»***<br>*Петух – кукарекает (ку-ка-ре-* | *туралы балалармен әңгіме өткізу.*<br>*Әннің көңіл күйін ажырату, қарқынына, ырғағына сәйкес әнді таза орындауларын қадағалау.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).*<br>*Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау.*<br>*креативтілік,4К, бала үні, саралау: өнім арқылы,бақылау: жалпылама, тікелей*<br>***Рефлекция.***<br>*Бүгінгі ұоқ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. ҰОҚ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау*<br><br>***4.Өзін өзі тану.***<br>***Тақырыбы:*** *Мен көмекшімін.*<br>***Мақсаты:*** *«Көмек, көмектесу» адамгершілік ұғымдарының мағынасын түсінеді.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша суреттер*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні.*<br>***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>***1.Шаттық шеңбері:***<br>*Армысың шапағатты Күн - Ана!*<br>*Армысың қайырымды Аспан - Ана!*<br>*Армысың мейірімді Жер - Ана! .*<br>***2. Тыныштық сәті*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Бүгін не туралы әңгімелестік?*<br>*Қандай құстар жылы жаққа ұшып кетеді?*<br>*Мадақтау.*<br>*Жұлдызша беру.* | *ку). курица – кудахчет (куд-кудах).*<br>*утка – крякает (кря-кря). Гусь – гогочет (га-га-га). индюк – болбочет (бл-бл-бл).*<br>***(К, и) задание №2. Рассмотри картинку «Дикие птицы».***<br>*Педагог предлагает детям рассмотреть диких птиц, запомнить их.*<br>***Подвижная игра «В птицу превратись».***<br>*раз, два, три – вокруг себя повернись и в птицу превратись.*<br>*Например, в воробья – дети имитируют повадки воробья. Затем в ворону, дятла.*<br>***задание №3. составь рассказ по картинке.*** *составить рассказ с опорой на знакомые слова. используй схему.*<br>*Предлагает детям послушать стихотворение,* ***«Петух и Ораз»****М. Жаманбалинов.*<br>*Лишь только запоет Петух,*<br>*Малыш ораз заплачет вслух,*<br>*Лишь драки явится намек –*<br>*ораз тотчас же наутек.*<br>*вот так бывает всякий раз:*<br>*Не дружит с петухом ораз.*<br>***Вопросы по тексту:***<br>*Про какую домашнюю птицу говорится в стихотворении?*<br>*что умеет делать петух?*<br>*Почему ораз не дружил с петухом?*<br><br>***Пальчиковая игра «Птицы».***<br>***задание №4.*** *раскрась картинку.*<br>***Д/и «Каждую птицу на свое*** | *- Денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, көздеріңді жұмсаңдарда болады.*<br>*Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар.*<br>*Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, таза, шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезіңдер.*<br>*Ал енді көзімізді ашамыз.*<br>***2. Ой қозғау.***<br>***Әңгімелесу***<br>*Көмектесу дегенді қалай түсінесіңдер?*<br>*Пед жет ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта»*<br>*Шарты: Педагог бастап айтқан сөзді ары жалғау.*<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>***5.Ой дамыту***<br>***«Қолғанат» әңгімесін оқып береу***<br>*Сұрақ- жауап.*<br>*-Жанар анасына қандай көмек көрсеткісі келді?*<br>*-Анасы Жанардың бұл ісін қалай бағалады?*<br>*-Сендер ата-аналарыңа қандай көмек көрсете аласыңдар?*<br>*Мазмұн арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.*<br>***5.Құрлымдалған ойын:«Топтасып көрейік»***<br>*Шеңбер бойындағы балалар бір-бірімен төмендегі белгілері бойынша топтасады:*<br>*-кімнің мысығы бар...*<br>*-ақ көйлектілер...* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***место».***<br>*вы многое узнали о птицах. Поселите их по местам. карточку с изображением домашней птицы поместить ря- дом с домиком, дикой птицы – рядом с изображением леса.* ***(Р)*** *«оцени себя». Предлагает оценить работу: смайлик с улыбкой – мне было интересно; грустный смайлик – неин- тересно.* | *-тәттіні жақсы көретіндер...*<br>*-футболды жақсы көретіндер...*<br>*Бөлінген соң әр топ аналарына қалай көмектесетіндерін айтады.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, комуникатив дағды, командада жұмыс.*<br>***6.Ғажайып сөздер***<br>*Көмектің үлкен-кішісі жоқ. Көмек көрсету жақсы қасиет.*<br>***7. Жүректен жүрекке***<br>*Біз балдырған тең басқан,*<br>*Дос құшағын елге ашқан.*<br>*Тілегіміз тыныштық,*<br>*Ашық болсын кең аспан.*<br>*Мықты болсын іргеміз,*<br>*Бәріміз де біргеміз.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***Қорытынды.***<br>***Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*** | | |
| **Серуенге дайындық** | *Жүйелі киініп серуенге шығу . Қыстың табиғатының салқын болатыны туралы түсіндіру.*<br>*Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»*<br>*Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 4***<br>***Бұршақты бақылау***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 6***<br>***«Аязды бақылау»***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 7***<br>***Қыстап қалатын құстарды бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 8***<br>***Адамдардың қысқы еңбегі.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 9***<br>***Шыршаны бақылау.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ. (картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| **Балалар-дың үйге қайтуы** | *Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.*<br>*Балалардың тәртібі жайлы, тазалықтары жайлы әңгімелеу.*<br>*Балалардың сұранып үйге қайтуы* | | | | |

Тексерілді

**ЦИКЛОГРАММА**
**IV апта**
**24.01-28.01.2022ж**
**Мектепалды даярлық сыныбы**

**Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**
**Тақырыпша. «Ғажайып қыс»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-ана-лармен әңгімелесу** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***Картотека № 12***<br>***Құрлымдалған ойын: «Телефон»***<br>***Мақсаты:*** *естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізу арқылы, диалогты сөйлей алады.*<br>*4К моделі, бала үніғ жанама бақылау.* | ***Картотека №5***<br>***Құрлымдалған ойын: «Қай жануар не жейді?»***<br>***Мақсаты:*** *Жануарлардың немен қоректенетінін түсінін, суретпен байланыстыра алады.*<br>*4К моделі, бала үніғ жанама бақылау.* | ***Картотека №19***<br>***Құрлымдалған ойын:*** *«Қысқы тіршілік»*<br>*Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын атап, оларды ажырата біледі*<br>*4К моделі, бала үніғ жанама бақылау.* | ***Картотека № 19***<br>***Құрлымдалған ойын: «Орнын тап»***<br>***Мақсаты:*** *өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтап, суреттен таба алады.*<br>*4К моделі, бала үніғ жанама бақылау.* | ***Картотека №6***<br>***Құрлымдалған ойын: «Апта күндері»***<br>***Мақсаты:*** *Апта күндерін атайғ суретпен сәйкестен-діре алады алады.*<br>*4К моделі, бала үніғ жанама бақылау.* |
| | ***Қатынас саласы. Картотека қосымша тігілген.*** | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Көк аспанда күн күлсін,*<br>*Бірге күлсін бүлдіршін.*<br>*Көк аспанда күн күлсін,*<br>*Жерге ұдайы нұр құйсын.* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері** | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *Көңілді қыс.*<br>***Мақсаты:*** *Балалар қыс мезгілі, қыста болатын табиғат құбылыстары туралы түсінеді.*<br>*Ресурстар: Қыс мезгілінің суреттері.АКТ технол*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***I. Шаттық шеңбері.***<br>***Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз»***<br>*Дос болайық, бәріміз,*<br>*Жарасып тұр әніміз.*<br>*Тыныштықты сақтаймыз,*<br>*Атсын күліп таңымыз* | ***1.Денешынықтыру.***<br>***Мақсаты.*** *Сапта жүру, белгі бойынша тоқтап жүру және жаттығу түрлерін орындай алады.*<br>*Ресурстар: Себет, орамал.*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні*<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, аяқты бүкпей түзу жүру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап аяқты айқастыра жүгіру.* | ***1.Денешынықтыру***<br>***Мақсаты.*** *Еденде 10-20см қашықтыққа секіреді, гимнастикалық орындық үстінен ішімен тартылып жүре алады.*<br>*Ресурстар: Қапшық, гимнас орындық*<br>*Әдіс-тәсілдер: Саралау, бақылау, 4К моделі, бала үні*<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру. Табанның ішкі жақтарымен қысқа және* | ***1.Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы:***<br>*І і дыбысы және әрпі*<br>***Мақсаты:*** *Құрамында* ***І*** *дыбысы бар сөздерді талдайды, оларды ажырата алады.*<br>*Ресурстар: Әріп таңбасы, дидакт материалдар.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Психологиялық дайындық:***<br>*Сәлем деймін күнге мен,*<br>*Сәлем деймін мен саған.*<br>*Сәлем деймін апайға,*<br>*Қонақтарға мың сәлем.* | ***1.Қауіпсіз мінез – құлық***<br>***Тақырыбы:*** *Сезім мүшелері.*<br>***Мақсаты:*** *Сезім мүшелері туралы, олардың атқаратын қызметін, ағзадағы маңызын түсінін айта алады.*<br>*Ресурстар: тақырыпқа сай суреттер*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбері.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Пед жет ойын: «Кім жылдам?»<br>Шарты: Жұмбақ жасыру.<br>Қалбалақтап ұшады.<br>Қанаты талып,<br>Жерді барып құшады. **(Қар)**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Қолымен қаламы жоқ,<br>Бірақ сурет салады **(Аяз)**<br>Көлдің беті көк әйнек,<br>Сырғанауға тым әйбет.<br>**(Мұз)**<br>4К моделі, бала үні, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.<br>**Ой дамыту. АҚТ технол**<br>Балалардың назарын экранға аударады.<br>-Қардың түсі қандай?<br>Қыста айналамыз қандай түске боялады?<br>-Қардан не жасап ойнаймыз?<br>-Тағы да немен ойнаймыз<br>-Дұрыс айтасыңдар, оның түсі ақ.<br>-Дұрыс айтасыңдар, қар жабысқақ екен.<br>Қар ерігенде не пайда болады?<br>Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Экраннан сиқырлы қар ұлпаларын көрсету.<br>Әр қар ұлпаларының тапсырмаларын орындау.<br>**1 тапсырма**<br>Мнемо кестемен жұмыс<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыс мезгілі.<br>Қыс мезгілінің ауа райы | Қол бүйірде аяқтың сыртымен жүру.<br>Қол бүйірде аяқтың ішімен жүру.<br>Шеңбер бойымен жай жүру .<br>1 сапқа тұру.<br>1 саптан 4 звеноға тұру. / қатарға тұрарда себеттен бір орамалдан алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы даму жаттығулары /орамалмен, әуенмен/**<br>**Б.қ.: «Өкпешіл»**<br>**1.** Аяқтар алшақ қойылған, орамал бүйірде. Басты оң және сол жақтағы орамалға төмен түсіріп бұру. /6 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Қозғалмалы иық»**<br>**2.** Аяқ иық көлемінде, орамал иықта, иықты артқа – алдыға, жоғары – төмен қозғау.<br>/6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Ғажайып кемпірқосақ»**<br>**3.**Аяқтар алшақ қойылған, орамал белде. орамалды оң - сол жаққа қисайту, әр иілген сайын «ғажайып» деп айту./6р/<br>**Б.қ.: «Керілу»**<br>**4.** Аяқтарын алшақ қою, орамал жанға кеуде тұсында, 1- 3 орамалды жанға баяу соза отырып керілу. 4-б.қ. /6 р қайт/<br>**Б. қ.: «Диірмен»**<br>**5.** Аяқтарын алшақ қойып, денені тік ұстау. Орамал | алшақ қадаммен жүру.<br>Шеңбер бойымен маршпен жүру .<br>1 сапқа тұру. (таяқшаны үстел үстінен бір- бірден алу)<br>1саптан 4 лекке (колонна) тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**1.Жалпы даму жаттығулары: /таяқшамен, бубенмен/**<br>**Б.қ.: «Сағаттар»**<br>**1.** Аяқтары алшақ , таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту. / 6 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Су тасушы»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқша иықта, иықты кезек көтеру.<br>/6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Терезе»**<br>**3.** Аяқтары алшақ қойылған қолға таяқшаны алып, аяқты айқастыра тұрып, денені оңға-солға бұрады./6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Атлет»**<br>**4.**Аяқтар алшақ қойылған, таяқша кеуде тұсында.1-отырады, арқаны түзу ұстап, екі қолмен таяқшаны алға қарай көтереді, тұрып қолды төмен түсіреді. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Құтқарушы таяқшасы»**<br>**5.** Аяқтарын алшақ қою, таяқша кеуде тұсында; екі | **Ой қозғау.**<br>**Өткен оқу қызметін пысықтау.**<br>**Пед жет ойын: «Күнді бұлттан қорғайық»**<br>**Ойын шарты:** Өткенді қайталау мақсатында сұрақтарға жауап беру. Әр сұраққа жауап бергенде бір бұлттан алып отырамыз.<br>4К моделі. Бала үні.<br>**Құрлымдалған ойын: «Көбелектерді өз гүліне қондыр»**<br>Шарты: Ұшып жүрген көбелектердің қанатына бас әріптер жазылған. Ал, гүлдердің тостағаншасына кіші әріптер жазылған. Бас әріптерге сәйкес көбелектерді өз гүліне қондыр. Бұл тапсырманы дұрыс әрі ұқыпты етіп орындасақ ұшып жүрген көбелектер қатты қуанады.<br>Блум таксономиясы, сыни ойлау, креативтілік дағды, бала үні, жаппай бақылау.<br>**Мағынаны тану.**<br>**Жаңа ұоқ қызметі:**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>-Үйқас өлеңді тыңдау<br>Іс-іс-іс<br>Аппақ екен тіс<br>Іл-іл-іл<br>Сөйле қызыл тіл<br>-Үйқас қандай дыбыстан болып тұр?<br>-Бүгінгі тақырыбымыз Іі дыбысы мен әрпі.<br>І дыбысының баспа түрі мен жазба түрін көрсету. | Қайырлы таң көздерім, сендер ояныңдар!<br>Қайырлы таң құлақтарым, сендер ояныңдар !<br>Қайырлы таң қолдарым, сендер ояныңдар!<br>Қайырлы таң аяғым, сендер ояныңдар!<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту.**<br>**Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>1) Көреді бәрін өзгенің, көре алмайды өздерін. (Көз)<br>(Суреті көрсетіледі)<br>— Көз не үшін керек?<br>Көз адамның негізгі мүшесі.<br>« Көз – адамның айнасы». Көзді шаршаудан және зақымданудан сақтау керек.<br>2) Күмбір, күмбір, қарағым, картайғанша жарадың. (Құлақ)<br>Құлақ есту мүшесі оның көмегімен адамдар дыбысты ажыратады,құстың әнін ,желдің уілін,күннің күркіреуін естиді. Бұл қандай мүше? Есту мүшесі. (Музыка қою).<br>Көрмей-ақ, жануарларды бір-бірінен қалай ажыратып, анықтауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қандай болады?*<br>*- Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады.*<br>*Қыс мезгілінде қалай киінеміз?*<br>*- Тон, малақай, етік, шалбар, жейде, қолғап, мойынорағыш, баскиім киеміз.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні, комуникативтілік дағды, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.*<br>*Сөздік жұмыс жүргізу.*<br>***2 тапсырма. Ой қозғау***<br>*Қардың қасиетімен таныстыру.*<br>***Педагог жетекшілігмен Тәжірибе жіргізу***<br>*- Қарды ұстап көру, қар туралы әңгіме жүргізу.*<br>*- Қар неге ұқсайды?*<br>*- Қарға ыстық су құяйықшы қар неге айналады?*<br>*- Яғни қар еріп кетеді.*<br>*- Енді балалар мен суды алып мұздатқышқа салып қатырдым су неге айналды?*<br>*- Иа әр түрлі пішінді мұзға айналады.*<br>*Өнім арқылы сараалу, Блум таксономиясы, сыни ойлау, креативтілік дағды, балаүні.*<br>***Сергіту сәті. «Қыс»***<br>*Сыртта боран зулайды,*<br>*Қарды үйіріп қуалап.*<br>*Әлсін - әлсін тыңдайды,*<br>*Терезеден сығалап*<br>***3-тапсырма.***<br>***Ой қозғау,*** | *жанда. 1- орамалды жанға созу, 2- оң қолдағы орамалды сол аяқтың өкшесіне тигізу. 3- керісінше . 4- б.қ. /6 рет ./*<br>***Б.қ.: ««Қарлығаш»***<br>***6.*** *Тік тұрып, ормалды белге қояды.1 - аяқты артқа созады,*<br>*2 - жоғары көтереді, 3 – 1 қалыпқа оралады 4 - б.қ.(6-р)*<br>***Б.қ.: «Ұшты, ұшты»***<br>***6.*** *Аяқтарын алшақ қою, орамал төменде. Орнында тұрып серіппе секілді секіру. әр секірген сайын «Ұшты, ұшты» деп айту. (6 рет қайталау)*<br>***Қорытынды:***<br>*4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру./орамалды себетке салу/ Адымдап жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>***1.***_Алға жылжып бір бағытта секіру_<br>*2. Жерге қойылған себетке дейін секіру*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қимылды ойын: «Қарлығаш»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды шапшаңдыққа әрі* | *қолмен таяқшаны ұстап, серіппелі қимылмен отырып - тұру. (6 рет қайталау).*<br>***Б.қ.: «Велосипедші»***<br>***6.*** *Аяқтарын алшақ қою, таяқшаны бел тұсында ұстау; 10 рет маршпен жүру,*<br>***Қорытынды:***<br>*4 лектен (колонна) бір саппен шеңбер бойы жүру /таяқшаларды үстел үстіне қою/ Маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды белге қояды, демді ішке біртіндеп тартады, «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.*<br>***Бастапқы қалыпқа келу.***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1.Доға астынан өту.*<br>*2. Гимнастикалық орындық үстінен ішімен тартылып жүру.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Қимылды ойын: Торғайлар мен автомобиль»***<br>***Мақсаты:*** *балалардың зейінің дамыту, шапшандыққа үйрету.*<br>*4К моделі, бала үні*<br>*Қорытынды:* | *«Іі дыбысы мен әрпі»*<br>*- Олай болса, балалар, барлығымыз тақтаға қарап, электронды оқулықтан берілетін бейне сюжетке қарайық .*<br>***АКТ технологиясымен жұмыс***<br>*- Міне, балалар сендер І дыбысы туралы тамаша бір бейне сюжетке куә болдыңдар.*<br>*– Сонымен балалар, І дыбысы қандай дыбыс екен?*<br>*Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні.*<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>***1-топ***<br>***Құрлымдалған ойын: «Сәйкестендіру»***<br>*Шарты: суретпен сызбаны сәйкестендір.*<br>*-Қай сурет сызбаға сәйкес?*<br>*Сол сөздерге сөйлем құра.*<br><br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***2-топ «Кір жаятын жіп»*** *әдісі арқылы суреттердің арасынан өткен дыбысқа байланысты суреттерді тауып, жіпке тізу*<br> | *болады? Дауыстаған дыбыстарын есту арқылы.*<br>*Есіңе сақта: а) Құлақты аса қатты дыбыстан, шудан қорғау;*<br>*ә) Желден қорғау;*<br>*б) Су кіргізін алмау.*<br>*Дұрыс тазалау.*<br>*(Суреттерін ) көрсету.*<br>*Құлағын ауырса дәрігерге қаралу керек.*<br>*3) Денесі жұмсақ, сүйір, көп сөйлеуге үйір. (Тіл)*<br>*Тілдің көмегімен біз тамақтың дәмін ажыратамыз,ыстық суық,тәтті,ащы.*<br>*Сезім мүшелерінің қызметімен таныстыру.*<br>*4)***.***_Екі шырақтың ортасында бір өзім. (Мұрын)._<br>*(Суретін шығару).*<br>*Сарамандық жұмыс: (иіс су) шашырату, иісін сездіру.*<br>*Мұрын – иіс сезу мүшесі. Адам әр түрлі иісті мұрынымен сезіп, ажыратады.*<br>*Сонымен қатар мұрын «тыныс алу»қызметін атқарады.*<br>*Мұрындарын қолмен басып, демалдыру, бірнеше минуттан соң дем тарылатынын байқату.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қысқы киімдер туралы түсінік беру.<br>Мнемо кесте арқылы сипаттама беру.<br>Құрлымдалған ойын:<br>«Кім жылдам?»<br>Шарты: Қысқы киімдерді құрастыру,<br>4К моделі, бала үні.<br>**4-тапсырма**<br>-Қоян қыста қандай түске енеді?<br>-Неліктен?<br>Аю қыста не істейді?<br>-Неге?<br>Түлкі мен қасқыр не істейді?<br>Қоян қыста ақ түске киімін ауыстырады, өйткені ол киім оны қыста жауларынан қор-ғануға көмектеседі. Қасқыр орманда, тауда тұрады, ет жегенді ұнатады. Аю ұйық-тайды, ол бал жейді. Ку түлкі, тышқан, құс аулайды.<br>Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.<br>**Қортынды**<br>**Сұрақ-жауап**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**2.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы: Қыстап қалатын құстар.**<br>**Мақсаты:** Балалар қыстап қалатын құстар жайында түсінеді, өз ойын айтады. | шыдамдыққа, ұйымшылдыққа үйрету.<br>4К моделі, бала үні<br>**Қорытынды:**<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:**<br>Ң дыбысы және әрпі<br>**Мақсаты:** Құрамында ң, н дыбыстары бар сөздерді талдайды, оларды ажырата алады.<br>**I. ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Психологиялық дайындық**<br>Қайырлы таң, досым<br>Қайырлы күн,болсын<br>Жеті күннің әр кезі<br>Сәттілікке толсын<br>Ресурстар: Әріп таңбасы, дидакт материалдар.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Писхологиялық дайындық**<br>Жақсы көңіл күймен жақсы сөздер<br>**II.Қызығушылықты ояту.**<br>Тиіннің қонаққа келуі<br>Тиін бізге жаңғағымен бірге келіпті. Дұрыс жауап берген балаларға 1 жаңғақтан таратады екен.<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>**«Жаңғақ жинау»**<br>Жаңғақ сөзінде бізге таныс емес қай әріп бар? **Ң әріпі**<br>Сыни ойлау, бала үні<br>**1-Тапсырма**<br>Жаңғақ сөзіне дыбыстық талдау жасау | Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Кеңістікті бағдарлау.<br>**Мақсаты:** Балаларды кеңістікті бағдарлауда «алға –артқа», «оңға -солға» бағыттарын түсінеді. Заттардың орналасуын санау арқылы жеткізе алады.<br>Ресурстар: Айболит, аңдар, сандар<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**I. Шаттық шеңбері. Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»** Бір шаңырақ астында,<br>Тату –тәтті тұрамыз.<br>Бірге ішеміз асты да,<br>Бірге сайран құрамыз.<br>**II.Қызығушылықтарын ояту.**<br>АКТ технологиясымен жұмыс.<br>**Ғажайып сәт.**<br>**Айболит ата қонақта.**<br>Қыс мезгілі салқын болғандықтан аңдарды тексеруге Айболит дәрігер келді.<br>**1.Ой дамыту**<br>-- Айболитке аңдар не үшін келді?(емделу үшін)<br>- Айболит бәріне жақындауды сұрайды.<br>-Енді аурулардың саны қанша болды? **Санау.** | Сыни ойлау, креативтілік дағды, комуникативтілік, бала үні<br>**Ой дамыту.**<br>**Текшемен жұмыс.**<br>**1-топ**<br>Ілгек<br>**2-топ**<br>Ілгіш<br>**Ой толғаныс.**<br>**Пед жет ойын: «Сөз ойла, тез ойла»**<br>**Шарты:** Сөздерді пайдаланып сөйлем құрастыру.<br>Сыни ойлау, комуникатив-тілік дағды, бала үні.<br>**IV. Қорытынды**. Сұрақ-жауап әдісімен:<br>- Бүгін қандай дыбыспен таныстық?<br>- І қандай дыбыс?<br>- Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Сырғанақ<br>**Мақсаты:** Балалар қыс мезгілі туралы түсінеді. Қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен танысады.<br>**Ресурстар:** Қыс мезгілі, қысқы ойын суреттеі.<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау, бақылау, саралау.<br>**I. ҰОҚ өтілу барысы**<br>**. Шаттық шеңбері.**<br>«Кел, балалар күлейік» | Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы, 4К моделі, бала үні.<br>**Ой қозғау.**<br>Құрлымдалған ойын: «Суреттерді Сәйкестендір»<br>Шарты: Балалар, мен сендерге суреттер беремін.Сол суреттерді сәйкестендіреміз сонда сезім мүшелерінің суреттері шығады.<br>**Ой дамыту.**<br>Қауіпсіздік ережесі:<br>Көз: телевизордын алдында жақын отырмау керек;<br>Құлақ:аязды күні жылы бас киім кию керек;<br>қайшыны,қаламды көзінің алдына жақын апармау керек;<br>Қатты заттар мен құлақ шұқуға болмайды;<br>4К моделі, бала үні<br>**Пед жет ойын: «Кім жылдам».**<br>**Шарты :** сезім мүшелерін тез айту<br>Қорытынды<br>-Балалар, не туралы білдік?<br>-Біз қандай сезім мүшелерімен таныстық?<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Мүсіндеу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қырға шықсаң өрлеп,<br>Мұның аты-Еңбек<br>Кесте тіксең зерлеп<br>Мұның аты-Еңбек<br>Сабағыңа жөндеп,<br>Әзірленсең –Еңбек<br>Гүл отырғызсаң терлеп,<br>Мұның аты-Еңбек<br>Қиындықтың бәрін,<br>Еңбек қана жеңбек<br>Өлең не туралы айтылған?<br>Балалрдың жауабы.<br>Үдеріс арқылы саралу, сыни ойлау, Блум таксономиясы<br>**Ой дамыту**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретте не көріп тұрсыңдар?<br><br>Қандай жұмыс жүргізіп жатыр?<br>- Үйдің ауласына не отырғызып жатыр?<br>-Көктем мезгілінде адамдар айналаны бәрін тазартады.<br>- Ағаштар, гүлдер отырғызады.<br>Ағаштар мен гүлдер әдемі болып өсу үшін қандай қамқорлық көрсете аламыз?<br> | Тікелей бақылау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «з-з-з» деп айту<br>2 . Аяқтары алшақ қойылған, тік тұрып, қолды екі жаққа жіберіп, жұдырықты түйіп, шынтақпен ішке - сыртқа айналдыра қимылдаймыз.<br>3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда, 1- аяқты тізеге дейін бүгіп, жоғары көтереді, 2- тізе астынан шапалақ соғады. 3- б.қ.<br>4. Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, оңға, солға бұрылу, қол бос қозғалады.<br>5. Орнында тұрып, қос аяқтап секіру ( 10-15 секунд)<br>**Тыныс алу жаттығулары: «Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту.**<br>Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>4 к моделі, бала үні<br>Өнім арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1-2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру | **Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «з-з-з» деп айту<br>2 . Аяқтары алшақ қойылған, тік тұрып, қолды екі жаққа жіберіп, жұдырықты түйіп, шынтақпен ішке - сыртқа айналдыра қимылдаймыз.<br>3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда, 1- аяқты тізеге дейін бүгіп, жоғары көтереді, 2- тізе астынан шапалақ соғады. 3- б.қ.<br>4. Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, оңға, солға бұрылу, қол бос қозғалады.<br>5. Орнында тұрып, қос аяқтап секіру ( 10-15 секунд)<br>**Тыныс алу жаттығулары: «Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту.**<br>Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>4 к моделі, бала үні<br>Өнім арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1-2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру<br>2. Аяғын бірге, аяғын алшақ қойып ырғақты секіріу<br>Мазмұн арқылы саралау<br>**Қимылды ойын:«Құстар»**<br>Ойын шартымен таныстыру | **кемеге (суретін көрсету) отырып саяхатқа шығамыз.** Өзімізді теңізшілер сияқты сезіну үшін алдарында жатқан теңізшілердің бас киімін киеміз.<br>**Пед жет ойын «Кім білгір?»**<br>**Шарты:** мен ендерге бір-бірден сұрақ қою арқылы доп лақтырам соған сендер жауап бересіңдер, қане, бастайық.<br>**1.Сауат ашу оқу іс әрекетінде ненеі үйренеміз?**<br>Сауат ашу оқу іс әрекетінде әріпті және дыбысты оқуды, жазуды үйренеміз.<br>**2.Әріп дегеніміз не?**<br>Әріп дегеніміз дыбыстың таңбасы.<br>Әріптерді қайтеміз?<br>Жазамыз, оқиымыз, көреміз<br>**3.Дыбыс дегеніміз не?**<br>**Дыбысты естиміз, айтамыз**<br>**4.Қазақ тілінде қанша әріп бар?**<br>Қазақ тілінде 42 әріп бар.<br>Қанша дыбыс бар?<br>38 дыбыс бар.<br>5.**Дыбыстар нешеге бөлінеді?**екіге бөлінеді.<br>**6.Қандай- қандай болып бөлінеді?**<br>-Дауысты және дауыссыз.<br>**7.Әріптерден не құралады?**<br>Әріптерден сөз құралады.<br>Сөзден не құралады?<br>Сөзден сөйлем құралады. | Қол жанда, өкшемен жүру.<br>Тікелей бақылау.<br>**1.Жалпы даму жаттығу-лары:**<br>**Таяқшамен 5 бөлім**<br>1.Аяқты алшақ қою, таяқша төменде, таяқшаны<br>алға созу, жоғары көтеру, түсіру. Б.қ 5р<br>2.Таяқшаны екі қолмен алға ұстау.Оң жаққа созу, алға ұстау, сол жаққа созу ,алға ұстау.Б.қ 5рет<br>3.Таяқшаны екі қолмен ұстау.Еденге тигенше еңкею.Түзулену.5-6рет<br>4.Аяқты алшақ созып отыру.<br>Таяқшаны созу аяқ ұшына тигізу<br>5. Таяқшаны еденге қою. Секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:** Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.<br>4 к моделі, бала үні<br>Мазмұн арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - *Иә, балалар, ағаштардың, гүлдердің түбін қопсытып, суғарып, арам шөптерін жұлып отырамыз.*<br><br>*Айналамызды таза ұстауға- біздің басты міндетіміз, себебі айнала таза болса, біз демалатын ауа да таза болады. Ағаштар көп болса, ауа таза болады.*<br>***-Тағы қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?***<br>*Далада жер жыртып егін егуге дайындайды*<br><br><br>*Біздің ата –аналарымыз бақшада қандай жұмыстар жүргізеді?*<br>*Олардың бізге қандай пайдасы бар?*<br>*Сыни ойлау, бала үні, комуникативтілік дағды, жаппай бақылау* | *2. Аяғын бірге, аяғын алшақ қойып ырғақты секіріу*<br>*Мазмұн арқылы саралау*<br>***Қимылды ойын:«Құстар»***<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>*Командада жұмыс, Өнім арқылы саралау ,Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>*Қортынды.*<br>*Балаларды мадақтау*<br>***2.Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: Қайталау***<br>***Мақсаты:*** *Дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем туралы түсінеді. Сөзді буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптасады.*<br>***Ресустар:Дидактикалық материалдар. АКТ технологиясы***<br>***Әдіс -тәсілдер:4К моделі,бала үні,саралау бақылау.***<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***1. Психологиялық дайындық***<br>*- Бүгін аптаның қай күні?*<br>*Қандай мезгіл?*<br>*Сауат ашу ұоқ не өттік, немен таныстық?*<br>***Ой қозғау.***<br>*Өткен әріптерді қайталау.*<br>*Балалар қар еріп, күн жылынып көктем келді. Қыс мезгілі кетіп бара жатып бізге тапсырмалар тастап кетіпті.*<br>***Пед жет ойын: Қар үйіндісі»***<br>*- Қардан нелер жасауға болады?* | *Командада жұмыс, Өнім арқылы саралау ,Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>*Қортынды.*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***2.Математика негіздері.***<br>***Тақырыбы:****Бір және көп ,көп заттарды салыстыру*<br>***Мақсаты:*** *Заттарды санына қарай салыстырады, алу қабілеті артады,бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра біледі.*<br>***Ресустар:Дидактикалық материалдар. АКТ технологиясы***<br>***Әдіс -тәсілдер:4К моделі,бала үні,саралау бақылау.***<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>***Шаттық шеңбер.***<br>*Біз ерекше баламыз*<br>*Айтқан тілді аламыз*<br>*Достарымды көргенде*<br>*Қуана қарсы аламын*<br>*Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Жарайсыңдар балалар орнымызға жайғасайық.*<br>*Жаппай бақылау.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар бүгін бізге таным елінен бір - бірінен айнымайтын түрлері бірдей ағайынды қуыршақтар келіпті.*<br>*Біздің бәрімізідің өз атымыз бар, сол сияқты қуыршақтардың да аттары бар екен.* | ***8.Сөйлем қандай әріппен жазылады?***<br>*Сөйлем бас әріппен жазылады.*<br>***9.Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз?***<br>*-дауысты дыбыстарды қызыл текшемен белгілейміз*<br>***10. Дауыссыз дыбыстарды ше? Дыбыстарды атап шығыңдар***<br>*-дауыссыз дыбыстарды көк текшемен белгілейміз*<br>***11.Дауысты дыбыс қалай айтылады?***<br>*-дауысты дыбыс кедергісіз, созылып еркін айтылады.*<br>***12.Дауыссыз дыбыс қалай айтылады?***<br>*-Кедергімен айтылады.*<br>*-Ал, буын дегеніміз не?*<br>*-Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.*<br>***Саяхатты хабарлау.***<br>*-Енді біз саяхатқа дайынбыз деп айтуға болады., Алысқа көз тігейік не көрінеді?*<br>***-Гүлді алқап. Осы жерге тоқтап гүл теріп алайық.***<br>*Кәне, кім көмектеседі? (екі –үш балаға гүл жинату) Гүлдерде жазылған сөздерге дыбыстық талдау жасату. (гүлдерде жазылған сөздер: бағдаршам, мысық, жолбарыс, құлпынай)*<br>*С дыбысы нешінші буында тұр?* | *4К моделі, Блум таксономиясы.*<br>***Түрлері: 2-бөлім.***<br>*- Скамейка үстінен жүру.*<br>*-. Арқанның астынан оған басын тигізбей төрт тағандап еңбектеу*<br>*Командада жұмыс, Өнім арқылы саралау ,Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>*Қортынды.*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***2.Мүсіндеу***<br>***Тақырыбы:***<br>***Бидай тасиытын машина***<br>***Мақсаты:*** *Ермексаз кесегін жұмсарту әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, машина құрлысын мүсіндейді.*<br>***Ресурстар:*** *ермексаз, тақтайша үлгі, АҚТ технолог*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К ,бала үні, жанама бақылау, өнім арқылы саралау.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Алақанды ашайық*<br>*Күн нұрын салайық*<br>*Осы жасқсы лебізді*<br>*Бір бірімізге сілайық.*<br>*Бала үні.*<br>***Миға шабул***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Жұмбақ жасыру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Сергіту сәті:***<br>*Ал, балалар, тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық.*<br>*Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық.*<br>*Ой қозғау.*<br>*- Ауладағы шашылып жатқан қоқыстарды қайда саламыз? - Балалар, қоқыстарды, арнайы қоқыс жәшігіне саламыз.*<br>***Құрлымдалған ойын: «Қоқыстарды жинаймыз»***<br>***Шарты:*** *Жерде жатқан қоқыстарды қайда тастау керектігін түсіндіру.*<br>*Қортынды*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2.Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:***<br>*Аралар әлемі*<br>***Мақсаты:*** *Ара жәндігі туралы және ара жәндігінің тіршілігі, адамға пайдасы мен зияны жайлы түсінеді.*<br>*Ресурстар: АКТ, жәндіктер туралы суреттер, араның суреті*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы***<br>***Шаттық шеңбері***<br>*Кел балалар, күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Күлкі көңіл ашады!*<br>*Күліп өмір сүрейік!*<br>*Пед жет ойын: «Кім жылдам?»* | *- Аққала, т. б.*<br>*- Ендеше, аққала жасайық.*<br>*Ол үшін қардың тапсырмаларын дұрыс орындайық.*<br>*Балалардың алдарына қар қиындылары беріледі. Сол қардағы жазылған әріптерді атап, дыбыс түріне ажыратады.*<br>*Осы әріптен басталатын сөз ойлап айт.*<br>***Миға шабуыл***<br>*- Дыбыс дегеніміз?*<br>*- Әріп дегеніміз?*<br>*- Буын дегеніміз?*<br>*- Қазақ тілінде дыбыстар нешеге бөлінеді?*<br>*- Дыбыстарды қалай ажыратуға болады?*<br>*Үдеріс арқылы саралу, сыни ойлау, Блум таксономиясы*<br>*Жұптық жұмыс*<br>*- Қыс мезгіліндегі қандай ойын түрлерін білесіңдер?*<br>***Жұмбақ***<br>*Табаныма байладым,*<br>*Қос таяқпен айдадым.*<br>*(шаңғы)*<br>*- Ендеше, жұбымызбен бірге шаңғы тебеміз.*<br>***Пед жет ойын : «Буындардан сөз құрау»***<br>*1. Ұш 2. Қыш*<br>*3 жа 4. Рыс*<br>*- Сөзде неше әріп, неше дыбыс, буын бар.*<br>*- Осы сөзді қатыстырып сөйлем құрастыр.*<br>***Пед жет ойын : «Сөз ойла, тез ойла»***<br>*Сағат - тарақ - қала - алма* | *- Ең үлкені Айжан*<br>*- Ал одан кішісі Айман*<br>*- Ең кішісі Айгүл*<br>*Қане бәріміз қуыршақтардың атын қайталап шығайық.*<br>*Қуыршақтардың түрлері бірдей болғанымен бойлары бірдей ма?*<br>*Сыни ойлау, Блум таксономиясы, жетелеуші сұрақтармен бақылау.*<br>*Пед жет ойын: «Қуыршақты ата»*<br>*Шарты: Рет - ретімен қуыршақтарды көрсетіп, атын атау.Ең үлкен қуыршақты кім көрсетеді, аты кім?*<br>*Жарайсыңдар балалар!*<br>*Қуыршақтарымыз бізге бос келмепті, жолда келе жатып алма теріпті. Міне, қараңдаршы қандай әдемі алмалар.*<br>*Пед жет ойын : «Алмаларды салыстыр»*<br><br>*- Алмалардың түстері бірдей ма?*<br>*- Түстері қандай?*<br>*- Ал көлемдері бірдей ма?*<br>*- Қандай алма үлкен?*<br>*- Ал қандай алма кіші?*<br>*- Алмалардың қайсысы көп, қайсысы аз?*<br>*Сыни ойлау, комуникатив дағды.*<br>*Дұрыс айтасыңдар сары* | ***-Гүлдердің хош иісін жұтып-жұтып, саяхатымызды жалғастырайық.***<br>***-Жақсы кемемізге отырып, жолымызды жалғастырайық.***<br>***2. Енді төмен қарайық.***<br>*Қанша көп балықтар жүзіп жүр! Кәне балық аулайық!*<br>*Балықтарды аулап, балықтардың тапсырмасын орындаймыз. (балықтарда жазылған сөздер: шортан, кеме, балық, өзен)*<br>*Мазмұн арқылы саралау,сыни ойлау,комуникативтілік дағды*<br>***Сергіту:*** *Тырс-тырс жаңбыр жауады (қимылдарын көрсету)*<br>*Тамшылар тамады.*<br>*Тырс-тырс терезені қағады,*<br>*Жылғалар ағады.*<br>*Тырс-тырс жапырақ құлады*<br>*Жардан су ағады.*<br>*Қолымызды демалттық, саяхатымызды жалғастырайық.*<br>***Құрлымдалған ойын: «Анықта»***<br>***Шарты:*** *Берілген әріптер ішінен дауысты дыбыстарды қоршап алу.*<br>*Саяхатымызды аяқтаймыз.*<br>*Көзімізді жұмып, сиқырлы қалпақты шешейік сол кезде балабқшаға тез жетеміз.*<br>***IV.Рефлексия.*** | *Жүргізуші жүргізеді,*<br>*Төрт аяқты батырды.*<br>*(машина)*<br>***Ой дамыту. АКТ технол жұмыс.***<br>*Көліктер туралы түсінік беру.*<br>*Енді, балалар мына суретке назар аударыңдар, қане айтыңдаршы мынау қандай машина?*<br>*Көлік түрлерінмен таныстыру.*<br>*1. Әуеде ұшатын көліктер:*<br>*2. Суда жүзетін көліктер:*<br>*3. Жерде жүретін көліктер:*<br>*4. Темір жол көліктер:*<br>*Пед жет ойын : « Дауысынан тап »*<br>*Шарты: Үнтаспадан көлік түрлерінің : пойыздың гудогі, мотоциклдің, жүк машинаның дыбыстары естіледі*<br>***Тақырып бойынша жұмыс.***<br>***Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.***<br>*Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту*<br>*Құрлымдалған ойын: «Мен жүргізушімін»*<br>*Шарты: Әр бала өзіне машина мүсіндейді.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Жұмбақ жасыру:***<br>*Гүлдерге қонады*<br>*Шырынын сорады*<br>*Түр-түсі сары ала*<br>*Бұл не сонда?*<br>*Жұмбақта не жайлы айтылған.*<br>*Аралардың үйін (Омарта) дейміз.*<br>*Аралар дәмді не арқылы сезеді?*<br>*Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, зиянды жәндік пе?*<br>*Сыни ойлау, бала үні, жаппай бақылау.*<br>*Пед жет ойын.«Аралар »*<br>***Шарты:*** *аралар сияқты дыбыс шығарып, қимылдар жасау арқылы омартаға жету.*<br>*Бастамас бұрын балалармен пікірталас жүргізу. (Слайд арқылы)*<br>*Гүлзардағы гүлдерден қандай араларды көрдіңдер?*<br>*Олар қалай ызылдайды?*<br>*Аралар гүлдерден бал жинайды. Оны аюжақсы көреді.Ол омартадағы балды жеуге тырысады. Аралар оны жолатпайды.(балалар ыз-ыз-ызыңдағанын келтіреді)*<br>*Пед жет ойын: «Аралар қалай ұшады?»*<br>***Көзге жаттығу:***<br>*Аралар сендермен ойнағысы келеді. Сендер олардың ызыңдап қалай ұшатынын байқап, көздеріңмен ілесін отырыңдар. Аралар* | ***Құрылымдалған ойын:***<br>***« Адасқан әріптер»***<br>*А ш а н - р а қ - л м а а –*<br>*2. Сөйлемді көшіріп жаз*<br>*Қыс келді. Қар жауды.*<br>*Мұз қатты.*<br>*3. Жоғалған әріпті тап.*<br>*Жуса......,.. дыс,...... па, таға......, бұза....*<br>*Сергіту сәті.*<br>*- Балалар осы қыс мезгілінде тонын ауыстыратын қандай жануарды білесіңдер? Не себепті ауыстырады екен деп ойлайсыңдар?*<br>*«Сұр қоян» өлеңін қимылмен көрсету.*<br>***Суретті жұмбақ***<br>*5. Не? Нелер?*<br>*Қозы - қозы....*<br>*Әріп - әріп.......*<br>*Үдеріс арқылы саралу, сыни ойлау, Блум таксономиясы*<br>***Қортынды***<br>*- Бүгінгі ұоқ ұнады ма?*<br>*Балаларды мадақтап сыйлықтар тарату.*<br><br>***2.Жапсыру.***<br>***Тақырыбы:*** *«Жемсауыт пен ұя»*<br>***Мақсаты:*** *Жемсауыт пен ұяны жапсыру әдістерін түсіне отырып, үлгі бойынша жапсыра алады.*<br>***Ресурстар:*** *Құс, жемсауыт суреті,*<br>***Әдіс-тәсілі: 4К моделі:*** *командада жұмыс жасау,*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер.*** | *алмалар көп екен, ал қызыл алмалар үлкен болғанымен аз екен.*<br>*Тағы тапсырмалары бар екен.*<br>***Тапсырма.*** *Құрылымдалған ойын: «Сызықпен қос»*<br>***Шарты:****.Балаларға берілген заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) салыстыруды ұсыну. Сызықпен қосу.*<br><br><br>***Сергіту сәті:***<br>*Алма, алма, көп алма*<br>*Қызыл жасыл, сары алма.*<br>*Теріп, теріп алайық,*<br>*Қалтамызға салайық.*<br>***Миға шабул.***<br>***Логикалық тапсырма***<br>*-Жол ұзын ба, қысқа ма?*<br>*Қол ұзын ба, қысқы ма?*<br>*-Қасық ұзын ба, қысқа ма?*<br>*Асық ұзын ба, қысқа ма?*<br>*-Алма үлкен бе, түйме үлкен бе?*<br>*-Аю үлкен бе, қоян үлкен бе?*<br>*-Шаш ұзын ба, қас ұзын ба?*<br>*Сыни ойлау, бала үні* | *Біз бүгін ұоқ қандай тапсырмаларды орындадық?*<br>*Бүгінгі ұоқ барлықтарын белсене қатыстыңдар, жарайсыңдар!*<br>*Кәнеки, бәріміз бір-бірімізге қарап : «Жарайсың!» деп айтайық.*<br><br>***2.Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:*** *«Ауладағы еңбек»*<br>***Мақсаты:*** *Балабақша ауласына саяхаттайды. Балалар көктем мезгілінде аула жұмыстары туралы түсінеді.*<br>***Ресурстар:*** *Тақырып бойынша көрнекіліктер*<br>***АКТ технологиясы***<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К сурет арқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы***<br>*1.Шаттық шеңбер*<br>*«Сәлем дейміз бәріне»*<br>*Сәлем деймін достарға,*<br>*Сәлем деймін құстарға,*<br>*Сәлем деймін құрдасқа*<br>*Сәлем деймін ұстазға*<br>***Ой қозғау.***<br>*Құрылымдалған ойын:«Бұл қай мезгіл?»*<br>*Шарты: Қиылған суреттерден көктем мезгілін құрастыру.*<br>***Ой дамыту. АҚТ технол жұмыс*** | ***Өз беттерінше жұмыс.***<br>*Қадағалау, көмек көрсету.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, креативтілік дағды, жанама бақылау.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Бип, бип дейді*<br>*Жолдан былай кет дейді*<br>*Күшікті басуға ,басуға*<br>*Болмайды ,болмайды ,машина*<br>*Бип,бип,бип*<br>*Жеке көмек.*<br>*Құрылымдалған ойын «Көрме»*<br>*Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру, бағалау.*<br>*Галерея шаралау.*<br>*Өзара бағалау әдісі арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жоғары, төмен, оңға, солға ұшады.<br>Құрлымдалған ойын: «Аралар әлемі»<br>**Шарты:** Қиынды суреттер арқылы араның бейнесін құрастыру.<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.<br>**Ой дамыту:**<br>Егер жәндіктер жер бетінен мүлдем жойылып кетсе не болар еді?<br>Олар жазда көп бола ма?<br>Жәндіктер қайда қыстайды?<br>Кейбіреулері құрт, қуыршаққа айналады.Кейбіреулері тасалау жерге тығылып, ұйқыға кетеді<br>Ұоқ қорытындылау.<br>Балаларды бағалау.<br><br>**3.Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша**<br><br>**7. Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** Өсімдіктер<br>**Мақсаты:** Өсімдіктердің өсіп, дамуы және өнуіне судың маңызы туралы түсінеді. Табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережелері туралы білімдері қалыптасады<br>**Ресурстар:** Тақырып бойынша көрнекіліктер АКТ технологиясы<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К сурет арқылы топтастыру, | Ыстық алақаныммен<br>Қолыңды бер қысайын<br>Амандасып өзіңмен<br>Құшақтасып алайын<br>**Миға шабул.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>Шарты:<br>Жұмбақ жасыру.<br>Тал басында тамаша үй ( ұя )  Мағынасын түсіндіру.<br>Жарайсыңдар балалар, осы ұяда нелер мекендейді?<br>Құстарға ұя  не үшін қажет?<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды.<br>**Ой дамыту.**<br>Көктем мезгілінде құстар ұшып келеді, оларға қамқорлық жасау үшін не істеуге болады?<br>Балалар: құстарға арнап ұя мен жемсауыт жасау керек.<br>Сыни  ойлау, бала үні<br>**Сергіту сәті:** Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Жаттығу жасасақ, Жақсы сергіп аламыз.<br>**Топқа бөлу.**<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>Ұя, жемсауыт суреттерімен топқа бөлу.<br>1-топ ұя тобы<br>Түрлі түсті қағаздан ұя жапсырады.<br>2-топ  тарелкі ішіне түрлі түсті қағазды қиып жапсырады. | Құрлымдалған ойын: «Жол картасын бейнеле»<br>Шарты: Пішіндермен жұмыс.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Күн, тал, құс, шөп, су, бұлт, гүл.<br>Сыни ойлау, жанама бақылау.<br>**ҰОҚ қортындылау**<br>**Құрлымдалған  ойын: «Сиқырлы  жолдар»**<br>**Шарты.** Оң жақтағы жол үш-бұрыштан, сол жақтағы жол төртбұрыштан, тура жол дөңгелектен басталады. Әр бала өзінің  қолындағы пішінге ұқсас  жолмен жүру. Балаларды  мадақтау.<br><br>**3.Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша**<br><br>**4.Өзін өзі тану.**<br>**Тақырыбы:** **«Мен шыншыл боламын»**<br>**Мақсаты:**<br>«Шыншылдық» ұғымының құндылық ретіндегі мәнін ашады Әңгімелеседі.<br>**Ресурстар:** Тақырып бойынша  көрнекіліктер<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Әңгімелеу.**<br>Е.Өтетілеуовтің «Ізгі сөздер» атты өлеңін оқып беру.<br>Сұрақтар қою.<br>**Тыныштық сәтін өткізу.** | **Мнемотехника. Көктем мезгілі.**<br>-Табиғаттағы өзгерістер туралы түсіндіру.<br>Бейнефильм көрсету (бейнетаспадан адамдар дың көктемгі тіршілігі, еңбегі туралы түсірілген бейнефильм көрсетіп, сұрақтар қояды).<br>-Балалар жерді не үшін жыртып, тегістеп жатыр деп ойлайсыңдар?<br>**Тосын сәт.**<br>Білмеспек келді. Балалардан көмек сұрайды. Ол балалардан өзінің ауласына гүл отырғызғысы келетіндігін айтып, алайда жер қазуға, тырмалауға арналған құралдарының жоқтығын айтады.<br>**Пед жет ойын :«Атын ата»**<br>Ойын шарты:  егін егуге қажетті құрал жабдықтарды көрстеу Дымбілмес балаларға сұрақ қояды.<br>- Күрекпен не істейсіңдер?<br>Балалардың жауаптары:<br>Күректі адамдар жер қазуға, құм,топырақ лақтыруға, араластыруға қосымша пайдаланады.<br>Күректер үшкір күрек,қуыс күрек,қар күрейтін күрек болып бөлінеді.<br>-Тырманы не үшін пайдаланамыз?<br>Балалардың жауаптары:<br>Тырманы сол сияқ ты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>**1. Миға шабул.**<br>**.Жұмбақ жасыру:**<br>" Қолы жоқ, аяғы жоқ-қозғалады, аузы жоқ-тыныс алады, қоректенеді", Бұл не болды?<br>Дұрыс таптыңдар, жарайсыңдар<br>- Балалар, өсімдіктер қайда өседі?<br>- Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?<br>-Өсімдік өсу үшін не керек?<br>**Сыни ойлау,бала үні**<br>**2.Өсімдіктер қалай өсетінін 4 жыл мезглі арқылы көрсету.**<br>**Акт технологиясы**<br><br><br>1. Көктем мезгілі.балалардың назарын горшокте енді өсіп келе жатқан жуаға, бұрышқа аударады. Өсімдіктердің | <br><br>Балалардың жұмысын бақылау.<br>Жеке көмек көрсету.<br>Креативтілік дағды,командада жұмыс, сыни ойлау, жаппай бақылау.<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақтар қою.<br>- Біз бүгін не жасадық?<br>- Оны неге арнап жасадық.<br>Балалардың жұмысын қорынтындылау.<br>Көрме ұйымдастыру.<br>Балалар бір-бірінің жұмысын бағалайды.<br><br>**4. Орыс тілі**<br>**Педагог жоспары бойынша** | **Пед жет ойын:«Айна»**<br>Балалар бір қатарға тұрып, қолдарын алдында тұрған баланың иығына қояды. Ойын ырғақты әуенмен өтеді. Бірінші тұрған бала оң қолы мен сол қолын кезек-кезек көтереді, соңында тұрған балалар қимылды жаңылыспай қайталауы керек, ойын музыка әуені біткенше жалғасады.<br>Сыни ойлау, креативтілік дағды, жаппай бақылау.<br>**Тыныштық сәті.**<br>-Балалар, денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмсаңдар да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы таза, шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезіңдер. Ал енді көздеріңді ашсаңдар да болады<br>Сыни ойлау, бала үні, комуникативтілік дағды, жаппай бақылау<br>**Ғажайып сөздер:**<br>**Жүректен жүрекке.**<br>Балалар, айналамызда көңіл күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Бір-бірімізге жақсы көңіл күй мен саулық тілеп, төмендегі өлең жолдарын бірігіп айтайық. | қазылған топырақты тегістеп, көшеттер отырғызғанға жер дайындау үшін де пайдаланады. Тырманың да сабы және басы болады. Оның да сабын көбінесе ағаштан жасайды.Ал басы темірден жасалады.Байқап қара саңдар,тырманың көп тістері бар<br>Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, Блум таксономиясы, жаппай бақылау.<br>Дымбілмес балаларға рахмет айтып қоштасады.<br>Құрлымдалған ойын: «Топтастыр»<br>**Ойын шарты** бойынша түстері мен көлемі әртүрлі,алайда қызметі бір болатын күректер мен тырмаларды топтастыру ұсыну.<br>(Балалар кіші,кішірек,үлкен, ең үлкен қызыл,сары,жасыл үшкір күректерді оң жаққа, қуыс күректерді сол жаққа топтастырады).<br>Сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс, жанама бақылау.<br>**Қорытындылау.**<br>Балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін,көңіл күйлерін,немен айналысқандарын,не үйренгендерін сұраймын.<br><br>**3.СУРЕТ** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қалай өсетінін айту, оларға қандай күтім керектігін әңгімелеу, су құю, дән дақылдарды көрсету.*<br>***2. Жаз мезгілі.****Балалардың назарын ағашта өсіп тұрған жемістерге аудару.*<br><br>*Сұрақтар қою*<br>*Мынау не?*<br>*Сендер қалай ойлайсыңдар, неліктен оларды жемістер деп атайды?*<br>*Жемістер қай мезгілде піседі, қай мезгілде жинап алады?*<br>*Оларға қандай күтім керек?*<br>*Ағашта өсіп тұрған жемісті үзіп алып жеуге болама?*<br>*Жеміске құрт түспеу үшін бақшашылар не істейді?*<br>*Балаларға жемістерге қандай күтім керектігін, олардың пайдасын, қай мезгілде жинап алатынын, қайда сақтайтынын, т. б. әңгімелесу.*<br>***3.Күз мезгілі***<br>*Балалардың назарын егістікте өсіп жатқан көкөністерге аудару.*<br>*Оларды қалай еккенін, қалай күтім бергенін балалардың өз білгенінше әңгімелеп беруі.* | | *Құрлымдалған ойын: «Жақсы, жаман»*<br>*Шарты: Жақсылық пен әдепсіздік туралы суреттерді айырып жинау.*<br>***Қорытындылау.***<br>*Біз бүгінгі оқу қызметімізде ізгілік пен жақсылықты үйрендік. Өтіріктің жаман қасиет екенін, одан аулақ болуды., өтірікші баланы ешкім де жақсы көрмейтінін білдік..* | ***Тақырыбы:*** *«Жасыл шөптер»*<br>***Мақсаты:*** *Балалар көктем мезгілі туралы түсіне отырып, шөптердің жер бетіне көрік беруін елестету арқылы қағаз бетіне түсіре алады.*<br>***Жұмыс түрі:*** *Дәстүрден тыс май шаммен*<br>***Ресурстар:*** *Тақырып бойынша көрнекіліктер*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К сурет арқылы топтастыру, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>*Шаттық шеңбер*<br>*Армысың көк аспан,*<br>*Армысың жер ана,*<br>*Армысың атын күн,*<br>*Армысың балабақша, дос-жаран!*<br>***ІІ.Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр»*<br>***Жұмбақ жасыру***<br>*Айт десе, жүгірмес,*<br>*Су тисе, сілкінбес.* ***(Шөп)***<br>*Жұмбақтың мағынасын ашу.*<br>***1.Ой дамыту***<br>***-Шөп туралы түсінік беру.***<br>*-Сұрақ – жауап*<br>*Шөп қай кезде көктеп шығады?*<br>*Шөп бізге не үшін керек?*<br>*Олар өсу үшін не керек?*<br>*Сыни ойлау, комуникатив дағды* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>***Әуенді сергіту сәті***<br>**4. Пед жет ойын: «Не қайда өседі»**<br> <br><br>*Шарты:өсімдіктерді топтастыру.*<br>**5. Қорытынды.**<br>*Балаларды мадақтау* | | | ***2.1.Дәстүрден тыс май шаммаен сурет салудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету***<br>*Ақ қағаз бетіне майшаммен шөп суретін сау, үстінен жасыл бояумен бояу.*<br>*Балалардың қызығушылығын арттыру.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.*<br>***Сергіту сәті:***<br>***«Біз кішкентай баламыз»***<br>*Біз кішкентай баламыз,*<br>*Өсіп-өніп толамыз.*<br>*Көкке қолды созамыз,*<br>*Құстай қанат қағамыз.*<br>*Қарлығаш боп ұшамыз,*<br>*1-2-3 өсеміз де, толамыз.*<br>***2.2.Балалардың өз бетінше жұмысы.***<br>*Қадағалау, көмектесу*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Құрлымдалған ойын:***<br>***«Біздің көрме»***<br>*Шарты: Жасаған жұмыстардан көрме ұйымдастырып, бір-бірін бағалау.*<br>***Қортынды***<br>***Сұрақ- жауап.***<br>***Балаларды мадақтау..*** | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға хабарлау, дұрыс киінуге, қалың киімдерін киіп үйренуге дағдыландару. Қыста табиғатының салқын болатыны туралы түсіндіру. Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека №1***<br>***Ауа райын бақылау***<br>***4К моделі бала үні,жаппай бақылау*** | ***Картотека № 2***<br>***Күнді бақылау***<br>***4К моделі бала үні,жаппай бақылау*** | ***Картотека № 3***<br>***Желді бақылау***<br>***4К моделі бала үні,жаппай бақылау*** | ***Картотека № 4***<br>***Аспанды бақылау***<br>***4К моделі бала үні,жаппай бақылау*** | ***Картотека № 5***<br>***Бұлтты бақылау***<br>***4К моделі бала үні,жаппай бақылау*** |

| | |
|---|---|
| | |
| **Балалар-дың үйге қайтуы** | *Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту*<br>*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу*<br>*Балалардың сұранып үйге қайтуы* |

Тексерілді

***ЦИКЛОГРАММА***

***IV апта***

***25.04-29.04.2022ж***

***Мектепалды даярлық сыныбы***

***Өтпелі тақырып .«Біз еңбекқор баламыз»***

***Тақырыпша. «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»***

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-ана-лармен әңгімелесу** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***Картотека № 25***<br>***«Құрымдалған ойын»***<br>***«Дұрыс көрсет, ажырат»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын атайды.*<br>*4К моделі бала үні,жаппай бақылау* | ***Картотека №9***<br>***«Құрымдалған ойын»***<br>***«Өзім және отбасым»***<br>***Мақсаты:*** *Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы біледі, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен ажыратады.*<br>*4К моделі бала үні, жаппай бақылау* | ***Картотека №7***<br>***Пед жет ойын:***<br>***«Мамандықтың бәрі жақсы»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды әр түрлі мамандықты айтады, Еңбекті құр-меттеуге дағдыланған .*<br>*4К моделі бала үні, жаппай бақылау* | ***Картотека №8***<br>***«Құрымдалған ойын»***<br>***«Бұны қай кезде киеді?»***<br>***Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.*<br>*4К моделі бала үні, жаппай бақылау* | ***Картотека №26***<br>***Пед жет ойын:« Бақша да ма,бау да ма?***<br>***Мақсаты:*** *Жемістер мен көкөністерді ажырата алады. Олардың айырмашылықтарын біледі.*<br>*4К моделі бала үні,жаппай бақылау* |
| | ***Әлеумет саласы картотекасы.*** *(картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Дастарымның барлығын,*<br>*Сыйлап, жақсы көремін.*<br>*Алақаным арқылы*<br>*Жылуымды беремін.* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері** | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *Жәндіктер.*<br>***Мақсаты:*** *Жәндіктердің тіршілігі,олардың атауы, пайдасы мен зияны туралы түсінеді. Тақпақтар, мақал - мәтел, жұмбақ шешу арқылы балалардың ойлау қабілеті жетіледі.*<br>***Ресурстар:*** *Тақырып бойынша көрнекіліктер АКТ технологиясы*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*Арайлап таң атты,* | ***1.Денешынықтыру.***<br>***Мақсаты:*** *Арқанның астынан оған басын тигізбей төрт тағандап еңбектей алады.*<br>*Ресурстар: Арқан, гинаст орындық, таяқшалар.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау*<br>***Кіріспе бөлім***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.* | ***1.Денешынықтыру***<br>***Мақсаты:*** *Допты заттың арасымен домалатып, заттардың арасымен бір бағытта жүре алады.*<br>*Ресурстар: Үлкен-кіші доптар, кубиктер.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* | ***1.Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы:*** *Өткенді қайталау*<br>***Мақсаты:*** *дыбыс пен әріп туралы түсінеді, дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата біледі.*<br>***Ресурстар:*** *Тақырып бойынша көрнекіліктер АКТ технологиясы*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Қайырлы таң,Алтын күн,*<br>*Қайырлы таң, Көк аспан,*<br>*Қайырлы таң, Жер ана,* | ***1.Қауіпсіз мінез – құлық***<br>***Тақырыбы: Сен қайда тұрасың?***<br>***Мақсаты:***<br>*Балалар мекен – жайларын толық біліп, есте сақтауды түсінеді.*<br>***Ресурстар:*** *Тақырып бойынша көрнекіліктер АКТ технологиясы*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***Оқу қызметінің барысы:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алтын сәуле таратты.<br>Қайырлы таң балалар,<br>Қайырлы таң апай<br>**Ой қозғау**<br>**Ашық сұрақ әдісі**<br>Қазір қай жыл мезгілі?Көктемде айналамызда қандай өзгерістер болады?<br>Көктемде жәндіктер оянып, жер бетіне шығады екен.<br>Ал, қандай жәндіктерді білесіңдер?<br>**Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>**1**.Екі басы жұдырықтай<br>Ортасы қылдырықтай/**құмырсқа/**<br>**2.**.Ызыңдап ән салыпЛас жерге қонады ./**шыбын/**<br>**3**.Тоқыған ауы – шыбынның жауы /**өрмекші** /<br>**4.**Гүлдерге қонады.<br>Шырынын сорады<br>Түрі – түсі сары – ала<br>Бұл не ? /**ара** /<br>**5.**Өзі кілем түрінде,<br>Құдды қырдың гүліндей,<br>Гүлге қонса кетеді,<br>Айырмасы білінбей.<br>/**көбелек** /<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды, жаппай бақылау.<br>**АКТ технологиясы.**<br>**Слайд.**<br>Жәндіктер туралы түсіндіру.<br>**Сұрақ жауап.**<br>Жәндіктердің аяғы нешеу?<br>Олар иісті сезе ме? | Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол жанда, өкшемен жүру.<br>Тікелей бақылау.<br>**1.Жалпы даму жаттығу-лары: Таяқшамен 5 бөлім**<br>1.Аяқты алшақ қою, таяқша төменде, таяқшаны алға созу, жоғары көтеру, түсіру. Б.қ 5р<br>2.Таяқшаны екі қолмен алға ұстау.Оң жаққа созу, алға ұстау, сол жаққа созу ,алға ұстау.Б.қ 5рет<br>3.Таяқшаны екі қолмен ұстау.Еденге тигенше еңкею.Түзулену.5-6рет<br>4.Аяқты алшақ созып отыру. Таяқшаны созу аяқ ұшына тигізу<br>5. Таяқшаны еденге қою. Секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.<br>4 к моделі, бала үні<br>Мазмұн арқылы саралау<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.**<br>4К моделі, Блум таксономиясы.<br>**Түрлері: 2-бөлім.**<br>- Скамейка үстінен жүру. | Тікелей бақылау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**Доппен жаттығу.**<br>1. Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда. Допты жоғары көтеріп, төбеге қарау«жоғарыда» деп айту. Допты төмен түсіріп, жерге қарау «төменде» деп айту.<br>Б.қ.:<br>2. Аяқтар алшақ қойылған, доп қолда. Оңнан – солға, солдан-оңға қарай бұрылу, әр бұрылған сайын « көрдім» деп айту.<br>Б.қ.:<br>3. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жақ тіземен кезек қайталау. /<br>Б. қ.:<br>4. Аяқтың ұшымен тұрып, доп жанда. Қолды жоғары-төмен «аққудың» қанаты сияқты жасау.<br>Б. қ.:<br>5. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Орнында секіру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>«ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>4 к моделі, бала үні<br>Мазмұн арқылы саралау<br>Жаппай бақылау<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:** | Қайырлы таң, Достарым,<br>Сендерді көрсем қуанам.<br>**Ғажайып сәт:**<br>Пошташы есік қағып жәшік әкеліп береді.<br>-Балалар, жәшікті ашып қарайық, бізге пошташы білімдер әлемінен хабар әкеліпті.<br>**хатты алып оқу.**<br>-Балалар, біз білім әлемінен жоғалған әріптерміз, бізге сендердің көмектерің керек болып тұр, біз әліпби бетінен адасып қалдық, егер мына тапсырмалардың бәрін орындап шықсаңдар, біз қайттан әліпби бетіне оралар едік.<br>**Жәшіктен тәрбиеші түрлі түсті 5 қалташа алып шығады:**<br>- Балалар,егер мына 5 тапсырманы орындасақ, мына адасып қалған әріптерге үйлерін табуға көмектесеміз .<br>-Көмектесеміз бе?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**1- тапсырма**:<br>Пед жет ойын: «Анықтама»<br>-Сөйлем деген не?<br>-Сөз деген не?<br>-Дыбыс деген не?<br>-Дыбысты біз не істейміз?<br>-Дыбыстың неше түрі бар?<br>-Дауысты дыбысты қандай түспен бояймыз?<br>-Дауыссыз дыбысты қандай түспен бояймыз?<br>-Жарайсыңдар, бірінші тапсырманы орындадық, енді | **I.Шаттық шеңбер**<br>«Арайлап таң атты»<br>Арайлап таң атты,<br>Күн шуағын шашты.<br>Сәлем күн, сәлем жер<br>Сәлем достар<br>Бәріміз бірге болайық.<br>Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.<br>Миға шабуыл<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақ.**<br>Жер бетінде ең ақылды, ең күшті кім? (Адам)<br>**Ой қозғау.**<br>Суретпен жұмыс.<br>Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>-Адамдар қайда тұрады?<br>Сен өз мекен жайыңды білесің бе?<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып, бір торып,<br>Біз бір дем алайық.<br>**III.Ой қозғау:**<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>**«Ұқсас затты тап»**<br>Әр столға қиылған суреттер тарату.<br>Құрастыру барысында шыққан бейненің өз үйлеріне ұқсастығы бар ма балалардың жауабы.<br>**4. Ой дамыту.**<br>**Қауіпсіздік деген не?** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұша алатын (секіретін, жорғалайтын) жәндіктерді атаңдар.<br>Ең мазасыз жәндікті кім біледі?<br>Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, әлде зиянды жәндік пе?<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды, Блум таксономиясы, үдеріс арқылы саралау.<br>**Құрлымдалған ойын: «Жұбын тап»**<br>Шарты: Балаларға әртүрлі суреттер бейнеленген карточкалар таратады. Сәйкес суретті жәндіктің жаңына топтау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Көкбелектер ұшады<br>Айнала құлпырады<br>Гүлдер бүршік жарады<br>Бәрі жақсы болады.<br>**Дыбыстық жаттығу.**<br>құ-құ-құ - еңбек сүйгіш құмырсқа<br>лік-лік-лік – ұшып жүрген инелік<br>кө-кө-кө – гүлге қонды көбелек<br>қо-қо-қо- қоңыз<br>Пед жет ойын:<br>«Жұмбақ сурет»<br>Бір балаға жәндіктің суретін беріп, оны суреттетеді. Қалған балалар оның қай жәндік екенін табады.<br>Балалар қызығушылықпен ойнайды.<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды. | -. Арқанның астынан оған басын тигізбей төрт тағандап еңбектеу<br>Командада жұмыс, Өнім арқылы саралау ,Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>Қортынды.<br>Балаларды мадақтау<br><br>**2.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс.<br>**Мақсаты:** Сөздерге дыбыстық талдау жасауға дамиды.<br>**Ресурстар:** Тақырып бойынша көрнекіліктер<br>АКТ технологиясы<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы.**<br>**I. Шаттық шеңбер.**<br>Кел, балалар ,күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді болып жүрейік!<br>**II.Қызығушылығын ояту**<br>**- балалар, біз бүгін дыбыстар бағына саяхатқа барамыз.**<br>**Сиқырлы таяқша.**<br>**АКТ технологиясымен жұмыс**<br>Пед жет ойын: «Қандай дыбыс»<br>Дыбыстар шығады<br>- балалар, айтыңдаршы, пойыз тоқтағанда қандай дыбыс шығарады?<br>- жақын арада аралар жүргенін қайдан білеміз?<br>Түнде қасымызға маса келгені қайдан білеміз? | 1.Заттардың арасымен жүру және жүгіру.<br>2. Қысқа секіртпемен секіру<br>4К моделі, Блум таксономиясы, мазмұн арқылы саралу.<br>**Қимылды ойын:**<br>Торғайлар мен мысық<br>Командада жұмыс.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: Геометриялық ұғымдар.**<br>**Мақсаты**. Балалар геометриялық ұғымдар туралы түсінеді<br>**Ресурстар:** Тақырып бойынша көрнекіліктер<br>АКТ технологиясы<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.<br>**Көңілді шеңбері.**<br>Қолды көкке созайық,<br>Азайтайық, қосайық.<br>Пішіндердің сарайын,<br>Кәне бірге ашайық.<br>**II.Қызығушылықты ояту.**<br>**Пед жет ойын:«Пішіндер сөйлейді»**<br>**-Төртбұрышпын, төртбұрышпын.**<br>Төрт қабырғасы бар бұрышпын,<br>Қай жағынан қарасаңда,<br>Төрт қабырғам тең бұрышпын.<br>**Үшбұрышпын, үшбұрышпын,**<br>Үш қабырғам бар бұрышпын, | екінші қалташаның сұрағын оқиық.<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды, жаппай бақылау.<br>**2 -тапсырма:**<br>Құрлымдалған ойын: «Орнын тап»<br>Мына суреттердің қандай дыбыстан басталатынын айтып, бірінші әрпін тауып, астына жапсыр:<br>**АҒАШ**<br>**ҚҰС**<br>**БАЛА**<br>**ИТ**<br>**ДОП**<br>**АЮ**<br>**ШАШ**<br>-Жарайсыңдар, енді оқиықшы, қандай сөз шықты?<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды, жаппай бақылау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Мен мектепке барамын,<br>Қолыма сөмке аламын,<br>Әліпбиді ашамын,<br>Әріптерді оқимын,<br>Оны айта білемін:<br>А,Ә,Б,В,Г,Ғ, Д.<br>Дыбыстарды айтамын:<br>Дауысты, дауыссыз,<br>Орнымызға барамыз.<br>**3- тапсырма:**<br>**Пед жет ойын: «Кім тапқыр»**<br>Жұмбақтың шешімін табу керек:<br>**1- жұмбақ**<br>Шуға бөлеп жағаны,<br>Қанаттарын қағады<br>Айдын судың түлегі,<br>Балық іліп жүреді | **Суретпен жұмыс.**<br>Қауіпсіздің ережелерімен таныстыру.<br>-Бөгде адам шақырса барма<br>-Есікті ешкімге ашпа<br>-Танымайтын жерге барма т.б<br>Сыни ойлау, комуникативтілік дағды<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br><br>**2.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** «Қаңқыз»<br>**Мақсаты:** Қанқыз және оның өзіне тән белгілерімен таныса отырып, әдемі мүсіндеуге үйренеді.<br>**Ресурстар:** Тақырып бойынша көрнекіліктер<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле тарапты<br>Қайырлы таң.<br>Қайырлы күн.<br>**Балалармен әңгімелесу.**<br>Балалар, қазір қай мезгіл?<br>Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>Үш айды атаңыз?<br>Көктем мезгілінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
